

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 402 бұйрығы
(2025.17.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен кіріспе жаңа редакцияда (2025 жс. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [14-бабының 1-тармағының 41-17\) тармақшасына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету [қағидалары](#) бекітілсін.
2. «Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 11285 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 шілдеде жарияланған) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 345 [бұйрығының](#) күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығышпағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
 - 4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынууды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігі
Д. Абаев
2017 жылғы 24 шілде

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі
Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 14 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 29 маусымдағы
№ 402 [бұйрығына](#) қосымша

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр
байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету
қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының [14-бабы 1-тармағының 41-17\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленген және ұшуларды авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - ҰРТҚ және байланыс) тәртібін айқындайды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Осы Қағидаларда мынадай қысқартулар пайдаланылады:
 - РТЖБП - радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс;
 - ҰҚЖ - ұшу-қону жолағы;
 - ӘК - әуе кемесі;
 - ӘҚБ АЖ - әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі;
 - ЗИП - қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар, керек-жарақтар жиынтығы;
 - ӨЖЖ - өте жоғары жиіліктер;
 - Жж - жоғары жиіліктер;
 - ЗТЗ - әуе кемесі-зертхана;
 - РМС - радиомаяк жүйесі;
 - VOR - барлық бағыттағы ӨЖЖ радиомаягі;
 - DME - қашықтық өлшеу жабдығы;
 - МКР - магниттік қону курсы;
 - UTC - әмбебап уақыт;
 - SITA - халықаралық авиациялық электр байланысы қоғамының деректерді беру желісі;
 - ПЦКС - хабарламаларды коммутациялаудың басты орталығы;
 - KPM - курстық радиомаяк;
 - ГРМ - глиссадалық радиомаяк;
 - ВОРЛ - трассалық қайталама шолу радиолокаторы;
 - МРМ - маркерлік ӨЖЖ радиомаягі;
 - NDB - бағытталмаған радиомаяк;

OSB - қону жүйесінің жабдықтары;
GBAS - жер үсті функционалды қосымша жүйесі;
GPS - жаһандық позициялау жүйесі;
GRAS - функционалды толықтырудың жердегі аймақтық жүйесі;
US UND - жердегі қозғалысты басқарудың жетілдірілген жүйесі;
ҚШРЛ - қайталама шолу радиолокаторы;
ҚШРЛ-Ө - әуеайлақтық қайталама шолу радиолокаторы;
PSR - бастапқы радиолокатор;
ӘҚБ АЖО - әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орындары;
ӘҚБ АЖ - әуе қозғалысын басқаруды автоматтандыру жүйелерінің кешені;
ҰАШРЛС - ұшу алаңын шолудың радиолокациялық станциясы;
АЖ ЖҚБ - жерүсті қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі;
SMR - жердегі қозғалысты бақылау радиолокаторы;
ӘҚҚ - әуе қозғалысына қызмет көрсету;
MSL - теңіздің орташа деңгейі;
АФК (антенна-фидер құрылғысы) - радиоэлектрондық бұйымға құрамдас бөлік ретінде кіретін антенна мен фидер жолының жиынтығы;
ADS-B - радиохабар тарату режиміндегі Автоматты тәуелді бақылау (ағылш. Automatic Dependent Surveillance Broadcast);
AMHS - ӘҚҚ хабарламаларын өңдеу жүйесі, ӘҚҚ хабарламаларын өңдеу бойынша қызметтерді ұсыну үшін ӘҚҚ ұйымдары енгізген есептеу және байланысты құралдар кешені;
ASTERIX - Еуробақылау туралы ақпаратпен алмасудың әмбебап құрылымдалған жүйесі;
ATN - авиациялық электрбайланыс желісі;
BITE - жер үсті станциясының жұмыс қабілеттілігін бақылау мен бақылаудың кіріктірілген жүйесі (ағылш. Built In Test Equipment);
BRA - кешендер (объектілер), ҰРТҚ және электр байланысы бұйымдары орналасқан жерлерде ғимараттар мен құрылыстар салу үшін шектеу аймағы;
HC (GS) - жерүсті станциясы (ағылш. Ground Station);
ТЭЗ (LRU) - ауыстырудың типтік элементі (ағылш. Line Replaceable Unit);
1090 ES - 1090 МГц жиіліктегі кеңейтілген сквиттер (s режимі);
1090 GS - 1090 МГц кеңейтілген сквиттердің жер үсті станциясы (S режимі);
ILS - аспаптар бойынша қону жүйесі;
MLAT - көп позициялы қабылдау жүйесі, онда әуе кемелерінің (ӘК) орналасқан жерін анықтау сигналдардың келу уақытының айырмашылығын бағалауға негізделген. Сигнал ретінде А, С және S екінші ретгі радиолокация, ADS-B (ағылш. Multilateration);
MTBF - орташа істен шығу;
MTBO - жұмыстағы үзілістер арасындағы орташа уақыт;
NIC - навигациялық тұтастық санаты;
NUC - навигациялық белгісіздік санаты;
OFIS - жедел ұшу-ақпараттық қызмет көрсету;
SIGMET - әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін маршруттық ауа-райы құбылыстарына қатысты ақпарат;
PIC - позиция тұтастығының санаты;
SIL - бақылау кезінде тұтастық деңгейі;
SPI - арнайы орналасу идентификаторы (жауапкердің сәйкестендіру сигналы);
WAM - әрекет ету аймағы кең мультилатерация;
VOLMET - ұшудағы әуе кемелеріне арналған метеорологиялық ақпарат.

КР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 3-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Осы Қағидалардың ережелерін азаматтық авиация ұйымдарында радиотехникалық жабдықты пайдалану және байланыс қызметтерінің (бұдан әрі - АА), сондай-ақ өз қызметінде ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын және/немесе ҰРТҚ-ға әсер ететін қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың басшы және инженерлік-техникалық персоналы іске асырады және қамтамасыз етеді.

4. Әуе кемелердің ұшуларын және авиациялық электр байланысының функцияларын радиотехникалық қамтамасыз ету бойынша ҰРТҚ және байланыс құралдарын қолданатын АА ұйымдары жүзеге асырады.

5. ӘК ұшуының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы әуежайлардың, әуе жолдарының ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарымен жабдықталуына, техникалық деңгейіне, осы құралдардың жұмыс істеуінің сенімділігі мен автоматтандырылу дәрежесіне және ҰРТҚ мен байланыстың жердегі құралдарын пайдаланушы және қолданушы мамандардың дайындық деңгейіне байланысты болады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6-тармақ жаңа редакцияда; КР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 6-тармақ өзгертілді (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) абонент (желі қолданушы) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етуді пайдалану және байланыс - берілген индексі бар және өз қызметінде электр байланыс желісін қолданушы ұйым, қызмет немесе лауазымды тұлға;

2) абсолюттік биіктік - теңіздің орташа (MSL) деңгейінен нүкте ретінде қабылданған нүкте немесе нысан деңгейіне дейінгі тік сызық бойынша қашықтық;

3) авариялық жағдай - әртүрлі мән-жайлар кезіндегі айқынсыздық кезеңін, алаңдаушылық кезеңін немесе апат кезеңін білдіретін жалпы термин;

4) авариялық хабардар ету қызметі - іздеу және құтқару қызметінің көмегіне мұқтаж әуе кемелері туралы тиісті ұйымдарды хабардар ету үшін ұсынылатын қызмет көрсету және осындай ұйымдарға қажетті көмек көрсету;

5) авиациялық әуе электр байланысы - борттық және авиациялық тіркелген станциялар немесе борттық станциялар арасындағы электр байланысы;

6) авиациялық радиобайланыс - ең бастысы аэронавигацияның қауіпсіздігін, сондай-ақ әуе хабарламаларының тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге арналған белгілі тіркелген пункттер арасындағы авиациялық әуе электр байланысы мен радиобайланысы;

7) авиациялық станция (RR S1.81) - авиациялық жылжымалы қызметтің жерүсті станциясы. Кейбір жағдайларда авиациялық станция теңіз кемесінің бортына немесе теңіз платформасына орнатылуы мүмкін;

8) авиациялық тіркелген станция - авиациялық тіркелген қызмет көрсету станциясы;

9) авиациялық тіркелген электр байланысы - ең бастысы аэронавигацияның қауіпсіздігін, сондай-ақ әуе хабарламаларының тұрақтылығын, тиімділігін және үнемділігін қамтамасыз етуге арналған белгілі тіркелген пункттер арасындағы электр байланысы;

10) авиациялық тіркелген электр байланыс желісі (бұдан әрі - AFTN) - авиациялық тіркелген қызметтің бөлігі болып табылатын және ұқсас немесе үйлесімді байланыс сипаттамалары бар авиациялық тіркелген станциялар арасында хабарламалар және/немесе цифрлық деректермен алмасуды қарастыратын авиациялық тіркелген тізбектің әлемдік жүйесі;

11) авиациялық электр байланысы - авиациялық мақсатқа арналған электр байланысы;

12) авиациялық электр байланыс арнасы - екі электр байланыс станциясының арасындағы бірден-бір тікелей байланыс құралы болып табылатын техникалық құрылғылар және электр сигналдар мен радиосигналдардың таралу өрістерінің жиынтығы;

13) КР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен алып тасталды (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

14) авиациялық электр байланыс желісі (ATN) - деректерді берудің жерүсті кіші желісіне, «ауа - жер» деректерді беру кіші желісіне және борттық жабдықтың деректерін беру кіші желісіне аэронавигация қауіпсіздігі және әуе қозғалысы қызметтерінің тұрақты, тиімді және үнемді жұмыс істеуі мүддесінде цифрлық деректермен алмасуға мүмкіндік беретін жаһандық желіаралық құрылым;

15) автоматты қонудың бір істен шығу жүйесі - істен шыққан жағдайда ұшақты теңгеруде, ұшу траекториясында, бұрыштық жағдайда елеулі өзгеріс болмай, бірақ қону автоматты түрде орындалмаса, автоматты қону жүйесі бір істен шығу болып табылады;

16) автоматты қонудың екі істен шығу жүйесі - егер қонуға кіру кезінде теңелу және қону автоматты жүйесінің қалған бөлігінің көмегімен орындалатын болса,

автоматты қону жүйесі екі істен шығу болып табылады;

17) автоматты радиопеленгатор (бұдан әрі - АРП) - әуеайлақ (тікұшақәуеайлағы) ауданында әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге арналған ӨЖЖ ауқымының әуе электр байланысы арналары арқылы радиосигналдарды сәулелендіретін әуе кемелерінің пеленгі (азимут) ӨҚҚ диспетчерлік пункттерінің индикаторларында көрінуді және автоматты өлшенуді қамтамасыз ететін жабдық;

18) ағымдағы жөндеу - бұйымның жұмыс істеу қабілеттігін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөліктерді ауыстыруды және (немесе) қалпына келтіруді қамтитын жөндеу;

19) адами фактордың аспектілері - жоспарлау, сертификаттау, кадрларды даярлау, техникалық қызмет көрсету және авиациядағы пайдалану қызметтері процестеріне қолданылатын және адамның мүмкіндіктерін тиісінше есептеу арқылы адам мен жүйенің басқа компоненттері арасындағы қауіпсіз іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған қағидаттар;

20) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылық жасайтын орталық атқарушы орган;

21) айырбастаудың үлгілік элементі - белгілі функцияларды орындау үшін қажетті және жедел ауыстыруға арналған үлгілік элементтер мен бөлшектерден тұратын ауыстыру элементі;

22) анықтаушы параметр - нысанның техникалық күйінің түрін анықтау үшін бақылау кезінде қолданылатын, нысанның (бұйым, электр байланыс арнасы) параметрі (белгісі);

23) арна бойынша тарату жылдамдығы - ақпараттың электр байланысы арнасы бойынша таратылу жылдамдығы;

24) атқарым - бұйымның ұшу сағатымен, қонулар санымен, цикл, іске қосылу санымен, яғни ресурс шығысымен өлшенетін жұмыстың ұзақтығы немесе көлемі;

25) «ауа - жер» екі жақты байланыс - жер бетінде әуе кемелері, станциялар немесе пункттер арасындағы екі жақты байланыс;

26) ауыстыру арқылы резервтеу - негізгі элементтің функциялары тек негізгі элемент істен шыққан кезде ғана берілетін динамикалық резервтеу;

27) аэронавигациялық ақпарат - әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету, әуе қозғалысына қызмет көрсету және әуе қозғалысын басқару мақсаттары үшін деректерді жинау, талдау және өңдеу нәтижесінде алынған ақпарат;

28) аэронавигациялық ақпарат жинағы (AIP) - аэронавигация үшін маңызды ұзақ мерзімді аэронавигациялық ақпараттан тұратын мемлекет шығарған немесе санкциялаған басылым;

29) аэронавигациялық ақпараттар қызметі - нақты белгіленген әрекет ету аймағында құрылған әуе навигациясының қауіпсіздігін, тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті аэронавигациялық деректерді және аэронавигациялық ақпаратты ұсынуға жауапты қызмет;

30) ӨҚҚ бақылау жүйесі - ADS-B жүйелері, радиолокатор немесе әуе кемесін танып айыратын салыстырмалы жер үсті жүйелері жеке танылатын жалпы термин;

31) ӨҚҚ тікелей дыбыстық байланысының тізбегі - әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары арасында тікелей ақпарат алмасуға арналған авиациялық тіркелген қызмет тізбегі (AFS);

32) әуеайлақ - әуе кемелерінің келуі, кетуі және осы бет бойынша қозғалуы үшін толық немесе ішінара арналған жердің немесе су бетінің белгілі бір учаскесі (ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықты қоса алғанда);

33) әуеайлақ ауданында автоматты түрде ақпарат тарату қызметі (бұдан әрі - ATIS) - ұшып келетін және ұшып шығатын әуе кемелері үшін тәулік бойы немесе тәуліктің белгілі уақытында автоматты түрде белгіленген ақпаратты ұсыну;

34) әуеайлақ (тік ұшақ айлағы) ауданы - әуеайлақтың (тік ұшақ айлағының) және оған іргелес жерлердің белгіленген көлденең және тік жазықтықтағы шекарасындағы әуе кеңістігі;

35) әуеайлақтағы қозғалыс тығыздығы - орташа сағаттық ең көп жүктеме кезеңіндегі әуеайлақтағы операциялар саны, жыл ішіндегі ең көп жүктеме кезеңіндегі күнделікті операциялар санының орташа арифметикалық мәні мыналарға бөлінуі мүмкін:

әуеайлақтағы қозғалысты бір уақытта бір әуе кемесінен артық емес жүзеге асыратын ең аз;

орташа сағаттық ең көп жүктеме кезеңіндегі операциялардың саны ҰҚЖ-да 15-тен аспайтын немесе, әдетте, жалпы әуеайлаққа 20-дан кем операцияларды құраған кезде елеулі;

орташа, орташа сағаттық ең көп жүктеме кезеңіндегі операциялар саны ҰҚЖ-да шамамен 16-25 немесе, әдетте, жалпы әуеайлаққа 20-дан 35-ке дейін операцияларды құрайды;

орташа сағаттық ең көп жүктеме кезеңіндегі операциялардың саны ҰҚЖ-да шамамен 26 немесе одан көп немесе, әдетте, тұтастай алғанда әуеайлаққа 35-тен астам операцияны құраған кезде елеулі;

36) әуеайлақтың жұмыс алаңы - әуеайлақтың маневрлеу алаңы мен перроннан (перрондардан) тұратын әуе кемелерінің ұшып көтерілуіне, қонуына және бұрылуына арналған әуеайлақтың бір бөлігі;

37) әуе кемесі (бұдан әрі - ӨК) - жер (су) бетінен шағылысқан ауамен өзара әрекеттесуді қоспағанда өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

38) әуе қозғалысына қызмет көрсету - тиісті жағдайларда ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді, ақпаратты хабардар етуді, әуе қозғалысына кеңестік қызмет көрсетуді, әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді (аудандық диспетчерлік қызмет көрсету, жақындауға диспетчерлік қызмет көрсету немесе әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету) білдіретін жалпы термин;

39) әуе жағдайының индикаторы - әуе кемелерінің тұрған орны мен қозғалысы, сол сияқты басқа қажетті ақпарат көрінетін, электронды индикатор;

40) бағыт - әдетте бұрыш градустарымен бейнеленетін әуе кемесінің солтүстік бағыттан (шынайы, магнитті, компастық немесе шартты меридиандар) есептелетін бойлық осі бар бағыт;

41) байланыстың бұзылуы - пайдалану үшін мәні бар, уақыт кезеңінде байланыстың болмауы;

42) бақылау тұтастығының деңгейі (SIL) - NIC параметрінде пайдаланылатын тұтастықты ұстап қалу радиусының асып кетуі анықталмау ықтималдығын анықтайды. SIL - бұл орналасқан жерді өлшеу қателігі NIC-тен үлкен болуы мүмкін және бұл шамадан тыс анықталмады. NIC және SIL әуе кемелерінің бортынан беріледі;

43) басқа ведомства - өз құзыреті шегінде азаматтық авиацияда әуе қозғалысын, ұшуларды және электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырмайтын мекеме;

44) «блинд» арқылы тарату - екі жақты байланыс қандай да бір себептермен белгіленбеген жағдайларда бір станциядан басқа станцияға беру, бірақ бұл жағдайда шақырылатын станция хабарды қабылдау жағдайында деп болжанады;

45) бұйым (құрал) - ҰРТҚ және байланыстың белгілі бір функциясын орындауға арналған өнім бірлігі;

46) бұйымның авиациялық электр байланысы арнасының жұмысқа жарамдылығын шұғыл бақылау - жұмыс істеу барысында бұйымның, электр байланысы арнасының жұмысқа жарамдылығына технологиялық күрделі емес тексеруді орындауды қарастыратын бақылау;

47) бұйымның нысандамасы - бұйымның техникалық күйін көрсететін және оны пайдалану бойынша мәліметтерден (жұмыс істеу ұзақтығы мен жағдайы, ТҚК, жөндеу түрлері, құрамдас бөліктері мен бөлшектерін ауыстыру және пайдаланудың барлық кезеңіндегі басқа деректер) тұратын ҰРТҚ және байланыс бұйымдарының өндіруші кепілдендіретін негізгі параметрлері мен техникалық сипаттамаларын куәландыратын құжат;

48) бұйымның техникалық күйінің түрі - бұйым сапасының техникалық құжаттамада осы бұйымға белгіленген техникалық талапқа сәйкестігін немесе сәйкес келмейтіндігін сипаттайтын техникалық күй. Техникалық күйдің түрлері: түзулік және түзу еместік, жұмысқа жарамдылық және жұмысқа жарамсыздық;

49) бұйымның істен шығуы - бұйымның жұмысқа жарамдылығының бұзылу жағдайы;

50) бұзылым - жұмысқа қабілетті күйінің сақталу барысында жарамдылық күйінің бұзылуын білдіретін оқиға;

51) бұйымның құрылымдық схемасы - бұйымның негізгі функционалдық бөліктерін, олардың міндеттері мен өзара байланысын анықтайтын сызба;

52) бұрыштық ығысуға сезімталдық ILS-өлшенген РГМ-нің тірек сызығына қатысты тиісті бұрыштық ығысуға қатынасы;

53) бір арналы симплексті байланыс - екі бағыттағы бір жиілік арнаны қолдану арқылы симплексті байланыс;

54) біртіндеп істен шығу - бұйымның бір немесе бірнеше берілген параметрлері мәнінің біртіндеп өзгеруін сипаттайтын істен шығу;

55) ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе (бұдан әрі - GNSS) - жоспарланған операция үшін талап етілген навигациялық сипаттамаларды қолдау мақсатында қажеттілігіне қарай толықтырылған, бақылаудың тұтастық жүйесі мен борттық қабылдағыштар, ғарыштың бір немесе бірнеше шоқжұлдызы кіретін, орналасқан орны мен уақыттың анықтаудың ғаламдық жүйесі;

56) ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе (бұдан әрі - ГЛОНАСС) - Ресей Федерациясы пайдаланатын, спутниктік навигациялық жүйе;

57) деректерді беру желісін (D-ATIS) пайдалануға негізделген әуеайлақ ауданындағы ақпаратты автоматты беру қызметі - деректерді беру желісі бойынша ATIS ұсыну;

58) деректерді тарату желісі бойынша «диспетчер - пилот» байланысы (CPDLC) - деректерді тарату желісін қолдана отырып ӘҚҚ мақсатында диспетчер мен пилот арасындағы байланыс құралы;

59) доплерлік ығысу - хабар таратудың немесе қабылдағыштың бір-біріне қатысты қозғалысының нәтижесінде қабылдағышқағы жиіліктің ығысуы;

60) дуплексті байланыс - екі станция арасындағы электр байланысы бір мезгілде екі бағытта жүзеге асуы мүмкін әдіс;

61) екі арналы симплексті байланыс - екі жиілік арнасы (әр бағытта біреуден) жүзеге асырылатын симплексті байланыс;

62) екі жиілікті пилссадалық жүйе - ILS пилссадалық жүйе, оның әсер ету аймағы пилссадалық радиомаяқтың белгілі бір арнасы шегінде аралық алып жүретін жиіліктермен түзілетін сәулеленудің екі тәуелсіз диаграммасын пайдалану арқылы құрылады;

63) екі жиілікті курстық жүйе - қолданылу аймағы курстық радиомаяқтың белгілі бір ӘЖЖ - арнасы шегінде аралық тасымалдағыш жиіліктермен түзілетін екі тәуелсіз сәулелену диаграммасын пайдалану арқылы құрылатын курстық жүйе;

64) екінші радиолокатор - радиолокациялық станциямен берілген радиосигнал жауап радиосигналын басқа станцияға беруді тудыратын радиолокациялық жүйе;

65) ЕШРЛ дискреттік коды - соңғы екі цифр «00» болмайтын ЕШРЛ төрт таңбалы коды;

66) жабдықтың сенімділігі - белгіленген рұқсаттардың шегінде жерүсті жабдығының үздіксіз жұмыс істеу ықтималдығы, яғни осы жабдықтың белгіленген уақыт кезеңі ішінде жұмыс істеу ықтималдығы;

67) жалпы резервтеу - тұтас нысан резервтелетін элемент болып табылатын, резервтеу;

68) жарамды жай-күйі - бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келген кездегі жай-күйі;

69) жарамсыз жай-күйі - бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың ең болмағанда бір талабына сәйкес келмейтін жай-күйі;

70) жеке қорғаныс құралы - бір жұмыс істеушіні қорғауға арналған құрал;

71) желі хабарламасы - желі арқылы өтетін және осы желі белгілеген форматы бар ақпарат;

72) желіден тыс байланыс - авиациялық жылжымалы қызмет станциясының радиотелефон желісінен тыс жүзеге асыратын радиотелефон байланысы;

73) «жер - ауа» бір жақты байланыс - жер үстінде орналасқан станциялар немесе пункттер және әуе кемелері арасындағы бір жақты байланыс;

74) жер үсті қозғалысын басқарудың жетілдірілген жүйесі - жер үсті қозғалысын басқару міндеттерін орындауға арналған құралдар, жабдықтар, тәртіптер мен ережелер жүйесі, оған әуеайлақта көрудің пайдалану шегінде талап етілетін қауіпсіздік деңгейін сақтай отырып, ауа райы жағдайында жарияланған жер үсті қозғалысының қарқындылығын қолдау мақсатында көру құралдарының (көру белгілері), көрмейтін құралдар, бақылау, реттеу, ұйымдастыру және басқару құралдарының тиісті тәсілі кіреді;

75) жер үстіндегі радиосәулелену құралы - радиожілікті беруге арналған және қосымша жабдықты қоса алғанда, бір немесе бірнеше тарату құрылғыларынан немесе комбинациялардан тұратын жер үстіндегі радиотехникалық құрал;

76) жетекті радиостанцияға шығу - жылжитын немесе жылжымайтын болуы мүмкін, электр магниттік толқындар шығаратын, басқа радиостанцияның бағытына үздіксіз ауысатын, радиопеленгаторлық жабдығы бар жылжымалы радиостанцияны қолданған кездегі әдіс;

77) жеңілдетілген резерв - негізгі элементке қарағанда ең аз жүктемеленген режимде тұрған бір немесе бірнеше резервтік элементтерді қамтитын резерв;

78) жиілік арнасы - сәулеленудің белгілі класын таратуға жарамды жиілік спектрінің үздіксіз бөлігі;

79) жоспарлы жөндеу - нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын, жөндеу;

80) жөндеуге жарамдылық - бұйымның техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізу арқылы жұмысқа қабілеттілік жағдайын қалпында ұстау және қалпына келтіру, істен шығу, бұзылу себептерінің алдын алу және анықтауға бейімделу болып табылатын қасиеті;

81) жұмысқа қабілетті жай-күйі - бұйымның тапсырылған функциялық орындау қабілеттілігі сипатталатын барлық параметрлер мәні нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін кездегі жай-күйі;

82) жұмысқа жарамсыздық күйі (жұмысқа жарамсыздық) - берілген функцияны орындау қабілеттілігін сипаттайтын, ең болмағанда бір параметрінің мәні бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талабына сәйкес келмейтін жай-күйі;

83) жүктемеленген резерв - негізгі элемент режиміндегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;

84) жүктемеленбеген резерв - негізгі элементтің қызметін орындауды бастағанға дейін жүктемеленбеген режимдегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;

85) жылжымалы жер үсті станциясы - алдын ала қарастырылмайтын пункттерде қозғалыс немесе аялдамалар уақытында қолдануға арналған борттық станция болып табымайтын, авиациялық электр байланысы қызметі станциясы;

86) инженерлік-техникалық персонал - талап етілетін біліктілік сипаттамаларына ие және осы қағидаларға, пайдалану құжаттамасына және Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес жабдықтың жұмысын қамтамасыз ететін ұшу мен байланысқа арналған радиотехникалық жабдықты (РТОП) пайдалану қызметінің персоналы;

87) кенеттен істен шығу - бұйымның бір немесе бірнеше белгіленген параметрлері мәндерінің секіртпелі түрде өзгеруімен сипатталатын істен шығу;

88) кепілдік берілген электр көректендіру қалқаншасы - электр энергиясымен көректендірудің бір көзі істен шыққанда, кепілдік уақыт өткен соң кернеу басқа көзден қалпына келтірілетін үлестіргіш құрылғы;

89) конусты маркерлік радиомаяқ - сәулеленудің тігінен конус тәрізді диаграммасымен маркерлік радиомаяқ түрі;

89-1) көзге көрінетін бақылау жүйесі - әуеайлақта (тікұшақ айлағында) немесе оның маңында ахуалдық хабардарлықты қолдау үшін қажетті қозғалысты және кез келген басқа ақпаратты электрондық көзбен шөлып көрсетуді қамтамасыз ететін электрондық-оптикалық жүйе;

90) қайта жіберу - қабылдаудың дұрыстығын растау мақсатында қабылдаушы станцияның қабылданған хабарламаны немесе оның тиісті бөлігін жіберуші станцияға қайтадан жіберу рәсімі;

91) қателерді тікелей түзету - тарату кезінде қабылдағышқа пайда болатын қателерді түзетуге мүмкіндік беретін таратылатын сигналға артық ақпаратты қосу процесі;

92) қону нүктесі - номиналды глиссда ҰҚЖ қабылсатын нүкте;

93) құрылымдық істен шығу - құрамдастырудың белгіленген ережесі мен (немесе) нормасын жасамаудың немесе бұзудың салдарынан туындаған істен шығу;

94) қызмет ету мерзімі - бұйымды пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін қалпына келтірілгеннен бастап шекті жай-күйіне дейінгі күнтізбелік ұзақтығы;

95) маневрлеу алаңы - перронды қоспағанда, әуе кемелерінің ұшып көтерілуіне, қонуына және бұрылуына арналған әуеайлақ бөлігі;

96) мерзімді бақылау отырып техникалық қызмет көрсету - техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада (регламентте) белгіленген кезеңділікпен және көлеммен орындалатын, ал қалған операциялардың көлемі техникалық қызмет көрсетудің басталу сәтінен бұйымның техникалық жай-күйіне байланысты анықталатын кездегі техникалық қызмет көрсету;

97) навигациялық белгісіздіктің санаты (NUC) - алдын ала берілген ықтималдықпен анықталмауы мүмкін орналасқан жерді айқындаудың ең жоғары қателігі туралы хабарлама үшін қолдатылған параметр. NUC орналасқан жерді анықтау жүйесінен алынған ақпарат негізінде қалыптасады және әуе кемесіне беріледі;

98) навигациялық белгісіздіктің санаты - орналасқан жері (NUC-P). Орын туралы ақпарат үшін белгісіздік санаттары. Орналасқан жер туралы ақпараттың дәлдік дәрежесін анықтайды;

99) негізгі байланыс құралы - әдетте, бірінші кезекте, резервтік байланыс құралдары бар әуе кемелері мен жер үсті станциялары қолдануға тиіс байланыс құралы;

100) негізгі жиілік - радиотелефон желісінде «ауа-жер» екі жақты байланыс үшін бірінші кезектегі жиілік ретінде әуе кемесіне берілген радиотелефон жиілігі;

101) негізгі радионавигациялық қызмет - жұмысының бұзылуы тиісті әуе кеңістігінде немесе әуеайлақта ұшу өндірісіне елеулі әсер ететін радионавигациялық қызмет;

102) орталықсыздандырылған электрмен жабдықтау (электр энергияның автономдық көректендіру көздерінен электрмен жабдықтау) - энергетикалық жүйемен электр байланысы жоқ, немесе қатар немесе бір мезгілде жұмыс істеу қарастырылмайтын, байланысы бар электрмен жабдықтау жүйесі;

103) орталықтандырылған электрмен жабдықтау - тұтынушыларды энергетикалық жүйеден электрмен жабдықтау;

104) ӘЖЖ-цифрлық байланыс желісі (VDL) - авиациялық жылжымалы қызметке бөлінген ӘЖЖ-жиілік белдеуінде жұмыс істейтін авиациялық электр

байланысы желісінің (ATN) жылжымалы ішкі желісі. VDL сонымен қатар ATN-мен байланысты емес функцияларды, мысалы, сандық сөйлеу сигналдарын беруді қамтамасыз ете алады;

105) өлшеу құралы - өлшем жүргізуге арналған және нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал;

106) өлшеу құралдарын салыстырып тексеру - өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метеорологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метеорологиялық қызмет немесе басқа да аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын, операциялар жиынтығы;

107) өндірістік істен шығу - жөндеу зауытында орындалған бұйымды дайындау немесе жөндеудің белгіленген рәсімін жасамау немесе бұзу салдарынан туындаған істен шығу;

108) өтуді кешіктіру уақыты - тиісті пакеттің алынғанын, пайдаланғанын немесе одан әрі берілгенін растайтын, қабылдайтын соңғы станцияда индикациялаған сәтке дейін қалыптасқан деректер пакетін беруді сұрау сәтінен бастап пакет деректерін беру жүйесіндегі жалпы уақыт;

109) пайдалану кезіндегі істен шығу - бұйымды пайдаланудың белгіленген ережесі және (немесе) талабын бұзу салдарынан туындаған істен шығу;

110) пайдалану персоналы - авиациялық қызметті қамтамасыз етумен байланысты және ұшу қауіпсіздігі туралы ақпаратты ұсыну мүмкіндігі бар персонал;

111) пайдалану-техникалық құжаттамасы (бұдан әрі - ПТҚ) - бұйымның техникалық пайдаланылуын регламенттейтін және пайдалану шектеулерін, рәсімдерді және ұсынымдарды қамтитын құжаттама;

112) параметрді іске қосу (жоғарғы, төменгі) (бұдан әрі - пайдалануға рұқсат) - параметрдің жоғары шекті рұқсат берілген және номиналды мәні арасындағы айырма;

113) параметрдің шекті рұқсат етілетін мәні - жұмысқа қабілетті бұйымда болуы тиіс параметрдің неғұрлым көп немесе неғұрлым аз мәні;

114) параметрдің алдын ала рұқсат етілуі - пайдалану немесе жөндеу құжаттамасына сәйкес бұйымның жұмысқа қабілеттілігін сақтау кезіндегі оның жарамдылығы бұзылған параметрі мәндерінің өзгеру ауқымы;

115) радиопеленгация (RR S1.12) - станция немесе объектіге бағытталуды анықтау мақсатында радиотолқындарды қабылдауды қолдана отырып радиоанықтау;

116) радиопеленгаторлық станция (RR S1.91) - радиопеленгацияны қолдану арқылы радиоанықтау станциясы;

117) радионавигациялық қызмет-әуе кемелерімен ұшуды тиімді және қауіпсіз жүргізу мақсатында бір немесе бірнеше радионавигациялық құралдардың көмегімен дәлдеу ақпаратын немесе орналасқан жері туралы деректерді беретін қызмет;

118) радиотелефон желісі - біртектес жиілікте жұмыс істейтін және осы жиіліктерді тыңдайтын, сондай-ақ екі жақты байланыстың және «әуе-жер» трафиінің барынша сенімділігін қамтамасыз ету үшін бір-біріне нақты көмек беретін радиотелефондық авиациялық станциялар тобы;

119) радиохабар тарату - аэронавигацияға қатысты және нақты станция немесе станцияларға бағытталмаған ақпаратты тарату;

120) PGM - модуляция тереңдігінің айырмасы, ең аз сигналдың модуляция тереңдігінің пайызын алып тастағанда ең үлкен сигналдың модуляция тереңдігінің пайызы;

121) регламенттік жұмыс - техникалық қызмет көрсету регламентінде көзделген жұмыс (операция);

122) резервке ауыстырып қосудың (өту) рұқсат берілген уақыты - ҰРТҚ және байланыс құралдарын жұмысқа толық қосу есебінен ҰРТҚ және байланыс құралдарын жабдықтың резервтегі жиынтығына немесе жартылай жиынтығына ауыстырып қосу өтетін, бұйымның пайдалану құжаттамасымен анықталған уақыт;

123) резервтеу - объектінің бір немесе бірнеше элементтері істен шыққан кезде оның жұмыс істеуге қабілетті күйін сақтау мақсатында қосымша құралдарды және (немесе) мүмкіндіктерді қолдану;

124) резервтік жиілік - радиотелефон желісіндегі «әуе - жер» екіжақты байланыс үшін екінші кезектілік жиілігі ретінде әуе кемесіне тағайындалған радиотелефон жиілігі;

125) резервтік байланыс құралы - негізгі құрал сияқты дәрежесі бар және оны алмастыра алатын байланыс құралы;

126) резервтік элемент - негізгі элемент істен шыққан кезде оның функцияларын орындауға арналған объект элементі;

127) резервтің еселігі - нысанның резервтік элементтер санының қысқартылмаған бөлшекпен көрсетілген, олар резервтейтін нысанның негізгі элементтер санына қатысы;

127-1) ретрансляция әдісін қолданатын байланыс - ретрансляция жабдығын пайдалануға, үшінші тарапты (адамды) тартуға мүмкіндік беретін электр байланысы (мысалы, байланыс арнасына диспетчерден алынған ақпаратты беретін авиациялық әуе/жер станциясының операторын тарту) 5 минут шегінде орнатылады;

128) РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы - РТЖБП қызметі объектілерінің кезекші ауысымдарының және инженерлік-техникалық персоналының жұмысын ұйымдастыратын, ҰРТҚ автоматтандырылған және автоматтандырылмаған объектілерін жедел бақылауды және басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ РТЖБП қызметінің сабақтас қызметтермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ауысымдық кесте бойынша жұмыс істейтін радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану қызметінің жедел инженерлік-техникалық персоналы;

129) салыстырмалы биіктік - вертикаль бойынша көрсетілген бастапқы деңгейден бастап, нүкте ретінде қабылданған деңгейге, нүктеге немесе нысанға дейінгі арақашықтық;

130) сенімділік индикаторы - жабдықтың сенімділігін құрайтын бір немесе бірнеше қасиеттердің сандық сипаттамасы;

131) симплексті байланыс - сол сәтте екі станция арасындағы байланыс тек бір бағытта жүзеге асырылатын әдіс;

132) станцияның ауытқуы (VOR) - VOR станциясын калибрлеу кезінде анықталатын воґ нөлдік радиалының шынайы солтүстіктен ауытқуы;

133) схема элементі - бұйымның белгілі бір функциясын атқаратын және дербес функционалдық мақсатқа ие болған бөлшектерге (резистор, трансформатор, сорғы, жалғастырығыш) бөлінбейтін схеманың құрамдас бөлшегі;

134) техникалық жай-күйі - белгілі бір уақыт аралығында осы бұйымға техникалық құжаттамада белгіленген параметрлермен (белгілермен) сипатталатын, пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған бұйым қасиетінің жиынтығы;

135) техникалық жай-күйі бойынша жөндеу - техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген мерзімділіктен орындалатын, ал жөндеудің басталуы мен көлемі бұйымның техникалық жай-күйімен анықталатын кездегі жөндеу;

136) техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚК) - бұйымды мақсаты бойынша пайдаланған, сақтаған және тасымалдаған кезде оның жұмыс істеу қабілеттілігін немесе жарамдылығын ұстап тұру жөніндегі операциялар кешені (немесе операция). Техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі деп мынадай белгілердің біреуі: бар болу кезеңі, мерзімділігі, жұмыс көлемі, пайдалану шарттары, регламенттелуі бойынша бөлінетін қызмет көрсету (жөндеу) түсініледі;

137) техникалық қызмет көрсету регламенті - радиотехникалық бұйымға техникалық қызмет көрсету мерзімділігі мен көлемін белгілейтін құжат;

138) техникалық қызмет көрсетудің технологиялық картасы - регламенттік операцияларды орындау тәртібін, техникалық талаптарды, қолданылатын құралдарды және қажетті еңбек шығындарын қамтитын құжат;

139) техникалық қызмет көрсету (жөндеу) кезеңділігі - техникалық қызмет көрсетудің (жөндеу) осы түрі және кейінгі немесе ТҚ басқа түрі арасындағы уақыт пен атқарым аралығы;

140) техникалық ресурс - белгілі бір түрді жөндеуден кейін бұйымды пайдаланудан немесе қалпына келтіруден бастап шекті жай-күйге өткенге дейінгі атқарым;

141) тиімді қабылдау жиілігі жолағының ені - қабылдағышқа барлық рұқсатты ескере отырып, қабылдау қамтамасыз етілетін қатысты тағайындалған жиіліктің жиілік ауқымы;

142) тоқтаусыз жұмыс істеу - бұйымның біршама уақыт немесе кейбір жұмыс көлемі ішінде жұмысқа жарамдылығын үздіксіз сақтау қасиеті;

143) тұрған жердің орнын анықтаудың ғаламдық жүйесі (GPS) - Америка Құрама Штаттары пайдаланатын спутниктік ғарышлық жүйе;

144) тұрған орнының индексі - тіркелген авиациялық станцияның тұрған орнын белгілеу үшін берілген және ИКАО қағидаларына сәйкес құрастырылған төрт әріпті коды бар топ;

145) тұрған орнының индикациясы - әуе кемесінің, әуеайлақтық көлік құралының немесе басқа нысанның әуе жағдайының индикаторында символикалық емес символикалық нысанда көзбен шөлып көрінуі;

146) түбегейлі электр схемасы - элементтердің толық құрамы мен олардың арасындағы байланысты анықтайтын және бұйым (қондырғы) жұмысының қағидадары туралы егжей-тегжейлі түсінік беретін схема;

147) тікелей байланыс (дыбыстық, деректерді тарату) - үшінші тараптың қатысуынсыз (мысалы, әуе/жер үсті станциясының операторы) қызмет ететін тіркелген байланыс қызметінің екі нүктесі (станциясы) арасындағы байланыс. Тікелей байланысты жүзеге асыру құралы - электр байланысы арнасы;

148) ҰҚЖ-дағы күту орны-ҰҚЖ-ны, кедергілерді шектеу бетін немесе РМЖ (ILS) сындарлы (сезімтал) аймағын қорғауға арналған белгілі бір орын, онда

рульдейтін әуе кемелері мен көлік құралдары тоқтайды және егер тиісті диспетчерлік пункттен өзге нұсқау болмаса күтеді;

149) ҰРТҚ және байланыс кешені - құралдардың, және/немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету жүйесінде белгілі бір қызметті, сол сияқты ұйымның өндірістік қызметін қамтамасыз етуге арналған ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы нысандарын, қосалқы және технологиялық жабдықтардың (дербес электрмен қоректену, байланыс, басқару желісі құралы) жиынтығы;

150) ҰРТҚ және байланыс құралы - өндірушінің шарттарына сәйкес әзірленетін және жеткізілетін және әуе қозғалысына қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесінде ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және (немесе) авиациялық электр байланысы жөніндегі белгілі бір міндетті және (немесе) азаматтық авиация ұйымының өндірістік қызметін қамтамасыз етуге арналған техникалық құрал (бұйым);

151) ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жүйесі - электр энергиясы көздерінен және (немесе) түрлендіргіштерінен, электр желілерінен, тарату құрылғыларынан, параметрлерін берілген шекте ұстап тұруды қамтамасыз ететін басқару, бақылау және қорғау құрылғыларынан тұратын электр энергиясын өндірудің және (немесе) түрлендірудің, берудің және таратудың жалпы үдерісімен біріктірілген жүйе;

152) ұшу - ақпараттық қызмет көрсету (FIS) - ұшуларды тиімді және қауіпсіз орындауды қамтамасыз етуге арналған кеңес және ақпарат беру түріндегі қызмет көрсету;

153) ұшуларды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету жабдықтарын пайдалану - ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы құралдарын пайдалану (ИКАО терминологиясына сәйкес - әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электронды құралдарды пайдалану);

154) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және/немесе авиациялық электр байланысы нысаны - РТЖБП қызметінің инженер-техник қызметкерлері қызмет көрсететін және берілген қызметті әуе қозғалысын ұйымдастыру жүйесінде қамтамасыз етуге арналған, жергілікті жерде стационарлы немесе мобильді нұсқада жергілікті түрде орналасқан, ҰРТҚ және байланыс бұйымдарының, қосалқы және технологиялық (автономдық электрмен қоректену, байланыс, басқару желісі құралы және т.б.) жабдықтардың жиынтығы;

155) үздіксіз бақылаумен техникалық қызмет көрсету - нормативтік-техникалық құжаттамада көзделген және техникалық жай-күйін үздіксіз бақылау нәтижелері бойынша орындалатын техникалық қызмет көрсету;

156) үнемі резервтеу - объектінің құрылымын оның элементі істен шыққанда қайта құрусыз резервтеу;

157) функционалдық толықтырудың жер үстіндегі өңірлік жүйесі (GRAS) - тұтынушы өңірлерді қамтитын жер үстіндегі хабар тартқыштар тобының біреуінен тікелей қосымша ақпарат қабылдайтын GNSS функционалдық толықтыру жүйесі;

158) функционалдық толықтырудың жер үстіндегі жүйесі (GBAS) - тұтынушы қосымша ақпаратты тікелей жер үстіндегі хабар тартқыштардан қабылдайтын GBAS функционалдық толықтыру жүйесі;

159) халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) - әуе қатынасы қауіпсіздігін, сенімділігін мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті халықаралық нормаларды белгілейтін және азаматтық авиацияға байланысты барлық салада халықаралық ынтымақтастықты үйлестіруді жүзеге асыратын Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі;

160) шамадан асу - жер үстінде немесе соған байланысты тұрған теңіздің орта деңгейінен нүктеге дейін немесе теңіз деңгейіне дейінгі тігінен қашықтығы;

160-1) жедел тікелей сөйлеу байланысы - үшінші тарапты (адамды) тартпай (мысалы, диспетчерден алынған ақпаратты байланыс арнасына беретін авиациялық әуе/жер станциясының операторын тартпай) байланыстың екі абоненті арасында белгіленген мерзімге сәйкес ең аз қысқа техникалық мүмкін уақыт аралығында байланыс орната отырып жұмыс істейтін электр байланысы байланыстың талап етілетін сипаттамаларымен;

161) шекті жағдайы - бұйымның одан әрі оны бағытты бойынша қолдануға болмайтын немесе қолданылуы орынсыз, не оның жарамды немесе жұмыс істеуге қабілетті жай-күйін қалпына келтіру мүмкін емес немесе орынсыз жай-күйі;

162) шолу бірінші радиолокаторы - шығылысқан радиосигналдарды қолданатын, радиолокациялық бақылау жүйесі;

163) шолу радиолокаторы - әуе кемесінің қашықтық және азимут бойынша тұрған орнын анықтау үшін қолданылатын радиолокациялық жабдық;

164) шұғыл техникалық қызмет көрсету - нысанның (авиациялық электр байланысы арнасының бұйымы) жұмысқа жарамдылығын бақылау және қолдау бойынша техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында (тәртіптеме) белгіленген күрделі емес технологиялық операциялардың жылдам орындалуын қарастыратын мерзімді техникалық қызмет көрсету;

165) ығысуға сезімталдық (курстық радиомаяк) - өлшенген РГМ-нің тиісті тірек сызығына қатысты тиісті бүйірлік ығысуға қатынасы;

166) істен шығу (байланыстың бұзылуы) - бұйымды рұқсат берілгеннен асатын уақыт ішінде белгілі бір функцияны орындауды қамтамасыз ету үшін қолданыла алмайтын жағдайға келген, бұйымның (электр байланыс арнасы) жұмысқа жарамдылығын бұзылуы;

167) істен шығудың орташа атқарымы - бұйым атқарымының осы атқарым ішінде оның істен шығуына қатынасы;

168) электр байланысы (RR S1.3) - белгілерді, сигналдарды, жазбаша мәтінді, бейнелер мен дыбыстарды сымды, радио, оптикалық немесе электромагнитті жүйелер арқылы тарату, сәулелендіру немесе қабылдау;

169) электр тарату желісі - электр станциясы немесе қосалқы станция аумағынан тыс шығатын және электр энергиясын қашықтыққа беруге арналған электр желісі;

170) электр энергиясымен қоректендіру көзі - тұтынушыны немесе тұтынушының тобын электр энергиясымен қоректендіруді жүзеге асыратын электр қондырғы;

171) электр энергиясынан резервтік қуат алу көзі - негізгі қуат көзінің ағытылуы кезінде қосылатын электр энергиясының қуат көзі;

172) электр энергиясын қабылдаушы - электр энергиясының энергияның басқа түріне өзгеруін жүргізетін қондырғы;

173) электр энергиясының тәуелсіз қоректену көзі - басқа немесе өзге қоректену көздерінде кернеу жоғалса да, өзінің кернеуін сақтап тұратын электр энергиясын қоректендіру көзі;

174) I санаттағы ILS - ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін көлденең жазықтықтан 30 м (100 фут) дейінгі биіктікте KPM берілген курс сызығы ILS плиссасын қиып өтетін нүктеге дейін өз қолданылу аймағының шекарасынан бағыттауды қамтамасыз ететін жүйе;

175) II санатты ILS - әуе кемесін әрекет аймағынан бастап курс сызығы плиссаданы ҰҚЖ табалдырығының деңгейінде жатқан көлденең жазықтықтың үстінде 15 м немесе одан кем биіктікте кесіп өтетін нүктеге дейін басқаруды қамтамасыз ететін жүйе;

176) III санатты ILS - әуе кемесін әрекет аймағынан бастап ҰҚЖ бетіне дейін және соның бойымен алып өтуді (қажет болса, қосымша жабдықтың көмегімен) қамтамасыз ететін жүйе;

177) ADS-B - IN радиохабар таратуды автоматты түрде тәуелді бақылау - ADS-B OUT деректер көзінен бақылау деректерін алуды қамтамасыз ететін функция;

178) ADS-B - OUT радиохабар таратуды автоматты түрде тәуелді бақылау - жай-күйдің (орны және жылдамдығы) векторы және бортық жүйелерден ADS-B IN мүмкіндіктері бар қабылдағыштарға жарамды форматта келіп түсетін басқа ақпараттардың мерзімді радиотаратуын қамтамасыз ететін әуе кемесі немесе көлік құралындағы функция;

179) AFTN станциясы - авиациялық тіркелген электр байланысы (AFTN) желісінің бөлігі болып табылатын және мемлекеттің рұқсатымен немесе бақылауында жұмыс істейтін станция;

180) AFTN байланыс орталығы - негізгі міндеті AFTN трафигін онымен байланысты басқа бірқатар AFTN станцияларынан (немесе үшін) ретрансляциялау немесе ретрансмиссиялау болып табылатын AFTN станциясы;

181) AIRMET ақпаратың - метеорологиялық бақылау органы шығаратын кіші биіктікте ұшу қауіпсіздігіне ықпал ете алатын ұшу бағдары бойынша және ақпаратының тиісті ауданында немесе оның қосымша ауданында кіші биіктікте ұшулар үшін жасалған болжамға енгізілмеген ауа райының күтудегі немесе нақты белгіленген құбылыстарының пайда болуы туралы ақпарат;

182) ILS қауіпті аймағы - ILS қолдану арқылы ұшуларды орындаған кезде әуе кемелерін қоса алғанда, көлік құралы болмауы тиіс, курстық және плиссдалық хабар таратқыштардың антеннасымен қатар белгілі бір өлшем аймағы;

183) ILS «А» нүктесі - ҰҚЖ осыгтік желісінің жалғасында қонуға кіру бағытында есептелген ҰҚЖ табалдырығынан 7,5 км (4 м. миль) қашықтықта орналасқан ILS плиссасындағы нүкте;

184) ILS «В» нүктесі - ҰҚЖ осыгтік желісінің жалғасында қонуға кіру бағытында есептелген ҰҚЖ табалдырығынан 1050 М (3500 фут) қашықтықта орналасқан ILS плиссасындағы нүкте;

185) ILS «С» нүктесі - ҰҚЖ шегі бар көлденең жазықтықтан 30 м (100 фут) биіктікте төмен қарай жалғастырылған ILS номиналды плиссданың тік сызықты учаскесі өтетін нүкте;

186) ILS «D» нүктесі - ҰҚЖ осыгтік сызығының үстінен 4 м (12 фут) биіктікте және курстық радиомаяк бағытында ҰҚЖ табалдырығынан 900 м (3000 фут) қашықтықта орналасқан нүкте;

187) ILS «Е» нүктесі - ҰҚЖ-ның осыгтік желісінде 4 м (12 фут) биіктікте және ҰҚЖ-ның соңынан ҰҚЖ-ның табалдырығы бағытында 600 м (2000 фут)

қашықтықта орналасқан нүкте;

188) ILS тұтастығы - осы құралмен қамтамасыз етілетін ақпараттың дұрыс болып табылатындығына сенімділік дәрежесіне сәйкес келетін ILS сапасы. CRM немесе RGM тұтастығының деңгейі жалған бағыттау сигналдарының сәуеленуінің болмау ықтималдығының көрсеткіштері түрінде көрінеді;

189) ILS қызмет көрсетудің үздіксіздігі - ILS сапасы, ол сигнал шығарудағы сирек үзілістермен байланысты. KPM немесе GPM қызмет көрсетудің үздіксіздік деңгейі шығарылған бағыттау сигналдарының болу ықтималдығы түрінде көрсетіледі;

190) ILS тірек нүктесі («Т» нүктесі) - ҰҚЖ-ның осы тік сызығы мен ҰҚЖ табалдырығының сызығының қиылысуынан белгілі бір биіктікте орналасқан және ол арқылы төмен қарай жалғастырылған ILS глиссадасының тік сызығы учаскесі өтетін нүкте;

191) ILS сезімтал аймағы - ILS пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар кезінде ILS сигналының өтуі кезінде кедергілерді болдырмау мақсатында, көлік құралдарының, әуе кемелерін қоса алғанда, тұрағы және/немесе қозғалысы бақыланатын қатерлі аймақ шегіндегі аймақ;

192) ILS глиссадасы - ҰҚЖ-ның осы тік сызығы арқылы өтетін тік жазықтықтағы нүктелердің геометриялық орны, онда RGM нөлге тең; нүктелердің барлық осындай геометриялық орындарынан осы орын көлденең жазықтыққа жақын болып табылады;

193) ILS курсының артқы секторы - ҰҚЖ-ға қатысты курстық радиомаяқтың артқы жағында орналасқан курс секторы;

194) ILS курсының сызығы - көлденең жазықтықтағы ҰҚЖ-ның осы тік сызығына ең жақын RGM нөлге тең нүктелердің геометриялық орны;

195) ILS курсының алдыңғы секторы - курстық радиомаяқтан ҰҚЖ-мен бірдей жағында орналасқан курс секторы;

196) ILS глиссадасының жартылайекторы - ILS глиссадасын қамтитын және RGM 0,0875 тең болатын нүктелердің глиссадаға жақын геометриялық орындарымен шектелген тік жазықтықтағы сектор;

197) ILS курсының жартылай секторы - курс сызығын қамтитын және RGM 0,0775 тең болатын нүктелердің курс сызығына жақын геометриялық орындармен шектелген көлденең жазықтықтағы сектор;

198) ILS глиссада секторы - ILS глиссадасын қамтитын және RGM 0,175 тең болатын нүктелердің глиссадаға жақын геометриялық орындарымен шектелген тік жазықтықтағы сектор. ILS глиссада секторы ҰҚЖ-ның осы тік сызығы өтетін тік жазықтықта орналасқан және сәуеленетін глиссада жоғарғы және төменгі секторлар деп аталатын екі бөлікке, яғни глиссаданың үстінде және астында орналасқан секторларға бөлінеді;

199) ILS курсы секторы - курс сызығын қамтитын және RGM 0,155 тең болатын, курс сызығына ең жақын геометриялық орындармен шектелген көлденең жазықтықтағы сектор;

200) ILS глиссадасының еңіс бұрышы - ILS орташа алғанда глиссадасы мен горизонталь болып табылатын түзу сызық арасындағы бұрыш;

201) POTAM - электр байланысы құралдарымен таралатын және аэронавигациялық жабдықты іске қосу, оның жай-күйі немесе өзгерту, қызмет көрсету және ережелер немесе қауіп-қатер туралы ақпаратты, ұшулардың орындалуымен байланысты персонал үшін маңызы аса зор уақтылы алдын алу туралы ақпаратты қамтитын хабарлама;

202) S режиміндегі қосалқы желі - белгіленген хаттамаларға сәйкес, қайталама шолу радиолокаторының (SSR) S режимінің қабылдау жауап бергіштері қолдану есебінен цифрлық деректермен алмасуды жүзеге асыру құралы;

203) SNOWTAM - аэродромның жұмыс аймағында қардың, батпақтың және мұздың еруі нәтижесінде пайда болған қардың, мұздың, батпақтың немесе тұрақты судың болуынан болатын қауіпті жағдайлардың бар немесе жоқ екендігі туралы белгіленген форматта хабарлар ететін арнайы серия туралы POTAM;

204) VOLMET радиобағдарларын тарату - тиісті жағдайларда METAR, SPECI ағымдағы мәліметтерін, TAF болашақтарын және sigmet ақпаратын үздіксіз және қайталанатын сөйлеу радиобағдары арқылы беру.

2-тарау. Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысын радиотехникалық қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс құрылымы мен құралдары

ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 7-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7. ҰРТҚ және байланыс құрылымы әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында заңды және жеке тұлғалар РТЖБП қызметі мен азаматтық авиация ұйымдарының басқа да қызметтері пайдаланатын ҰРТҚ және байланыстың радиотаратушы, радиоқабылдағыш жер үсті құралдары, басқа да құралдар кешенінен тұрады:

- 1) радиолокация (ӘҚҚ бақылау жүйесі);
- 2) радионавигация (РНҚ);
- 3) радиолокация (ӘҚҚ бақылау жүйесі) және радионавигация;
- 4) авиациялық электрбайланысы (АЭБ);
- 5) әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі;
- 6) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету (ҰРТҚ);
- 7) ұшуларды электртехникалық қамтамасыз ету (ҰЭТҚ).

8. Аэронавигациялық қызмет көрсету аймағын кеңейту мақсатында алыс жердегі орындар (АЖО) құрылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 9-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9. ҰРТҚ және байланыс құралдары техникалық-пайдалану құжаттамасына сәйкес қатаң қолданылады. ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық сипаттамалары техникалық-пайдалану құжаттамасында келтірілген параметрлердің мәндеріне сәйкес болады және пайдалану процесінде берілген шектерді ұстанады. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қажетті қосалқы бөлшектерінің болуын есепке алу мақсатында пайдаланушы ұйым жөндеу рәсімдері мен мерзімдерін айқындауды қоса алғанда, қосалқы бөлшектерді жөндеу тәртібін әзірлейді және қамтамасыз етеді.

10. ҰРТҚ және байланыс құралдарын объектіде орналастыру пайдалану құжаттамасының талаптарына жауап береді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 11-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

11. Кешендердің (объектілердің) инженерлік-техникалық персоналдың саны RTOP-тың нақты құралдары мен байланыс, техникалық қызмет көрсету әдістері ескеріле отырып белгіленеді және азаматтық авиация ұйымымен анықталады (табиғи монополия субъектілеріне жататын азаматтық авиация ұйымдары үшін - «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы [Заңының](#) талаптарын ескере отырып)

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жұмысын бақылау

12. ҰРТҚ және байланыс құралдары ӘҚҚ қызметінің ұшу басшысымен (диспетчерімен) келісім бойынша және РТЖБП қызметінің ауысымдық персонал журналына осы Қағиданың [1-қосымшасында](#) көрсетілген нысанда және құжаттау құрылысына міндетті түрде жаза отырып ауыстырып қосылады, қосылады және ажыратылады. Осы журналда ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс сапасы, олардың жұмысында ескертулердің бар болуы немесе жоқтығы туралы жаза жазылады.

13. ҰРТҚ және байланыс объектісінің жұмысқа қабілетсіз күйінің ұзақтығы жұмысты тоқтатқан сәттен бастап жұмыс істеу қабілеттігі қалпына келтірілгенге дейін есептеледі және РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы журналына жазылады.

14. ҰРТҚ және байланыс құралының істен шығуының әрбір жағдайын, себептеріне қарамастан, АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы тағайындаған комиссия тексереді. Тексеру нәтижелері осы Қағиданың [2-қосымшасында](#) көрсетілген нысан бойынша істен шығуды (байланыстың бұзылуы) тексеру актісімен рәсімделеді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 15-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

15. Инженерлік-техникалық персоналдың тұрақты емес қатысуымен жұмыс істейтін ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің жұмыс істеу қабілеттілігін бақылауды РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы (әуеайлақтар тәулік бойы жұмыс жасаған жағдайда кемінде екі маман) қашықтан бақылау мен басқару жүйесінің сигналдары, диспетчерлік және ұшу құрамының шақырулары бойынша жүзеге асырады. Аэронавигациялық қызмет көрсету мақсатында

тәулік бойы іске қосылған жабдықтың жұмысын қамтамасыз ететін басқа әуеайлақтардың және алыс позициялардың ауысымдық персоналы үшін кезекшілік тәртібі әзірленеді және қамтамасыз етіледі, бұл ретте РТЖБП мамандары электр қондырғыларында күрделі қайта қосуды орындау қажет болған кезде жұмыс орнына шақырылады.

16. ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінде қосымша мыналар болады:

- 1) жұмыс істеу қабілеттілігін қашықтықтан басқару мен бақылау жүйесі;
- 2) резервтік электрлік қоректендіру көзін автоматты іске қосу және қашықтықтан ажырату құрылғылары;
- 3) күзет және өрт сигнализациясы.

17. Объектілердің ауысымдық персоналы және объектілердің инженерлік-техникалық персоналы бар ҰРТҚ және байланыс объектілерінде ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігін объектінің құрылымы мен міндетіне, электр байланысы арнасына байланысты бақылауды объектінің құрылымы, электр байланысы арнасына байланысты автоматтандырылған құралдардың сигналдары, қондырылған бақылау-өлшеу аспаптарының, бақылау индикаторларының көрсеткіштері бойынша, ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс абонеттеріне сұрау жүргізу, олардың сөздерін тыңдау нәтижелері бойынша авиациялық электр байланысы арналарының жұмыс сапасын бағалай отырып, объект персоналы, РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы жүзеге асырады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара, 2025 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 18-тармақ жасаңа редакцияда

18. РТЖБП қызметі техникалық құралдардың көмегімен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды адамдардың келіссөздерін құжаттау, ӘҚҚ бақылау жүйелерінің ақпаратын, визуалды бақылау жүйелерін, жоспарлы ақпаратты құжаттау жүргізеді.

ӘҚҚ диспетчерлерінің жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру және қолданыстағы жұмыс орындарын құжаттау (жазу) жабдыктарын ауыстыру кезінде бұл жұмыс орындарын дыбыстық фонды тіркейтін құрылғылармен жарақтандырылады.

Құжаттау тәртібі осы Қағидаларға 3-қосымшада берілген автоматты құжаттауды (жазбаны), сақтауды және ӘҚҚ дыбыстық байланыс арналары ақпаратын пайдалануды ұйымдастыру, бақылау жабдығы және деректерді беру бойынша үлгілік нұсқаулықпен анықталған.

РТЖБП қызметі ҰРТҚ және байланыс жабдыктарының жиынтығына кіретін қашықтықтан бақылау және басқару құралдарын пайдалана отырып, ҰРТҚ және байланыс жабдыктарының автоматты түрде жасалатын және жазылатын (жабдықта сақталатын) оқиғаларын (LOG - файлдары) мерзімді тексеруді қамтамасыз етеді (олар болған кезде). Регламентте ТҚК болмаған кезде тексеру жүргізу мерзімдерін айқындауды қоса алғанда, LOG - файлдарды тексеру тәртібі әзірленеді және қамтамасыз етіледі.

19. Азаматтық авиация ұйымының (бөлімшесінің) басшы құрамы ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жай-күйін және оларды техникалық пайдалануды төмендегіден сирек емес кезеңділікпен:

- 1) РТЖБП қызметінің бастығы (бастықтың орынбасары) - жарты жылда 1 рет (алыс жердегі орындарды - жылына 1 рет);
- 2) кешеннің немесе объектінің жетекші инженері - тоқсанына 1 рет (алыс жердегі орындарды - жарты жылда 1 рет) бақылайды.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 20-тармақ жасаңа редакцияда (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

20. Бақылау нәтижелері объектінің ауысымдық персоналының жедел журналында осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленеді, ал автоматтандырылған объектілер үшін - байланыс және ҰРТҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары журналында.

3-параграф. РТЖБП қызметінің жұмысын ұйымдастыру

21. ҰРТҚ және байланыс объектілері тәулік бойы жұмыс жасаған жағдайда немесе ҰРТҚ және байланыс объектілерінің сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету үшін ұйым басшысының шешімі бойынша РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналының кезекшілігі ұйымдастырылады.

22. ӘК ұшуларын радиотехникалық қамтамасыз ету бойынша ортақ міндеттерді орындайтын объектілердің ауысымдық персоналы және ҰРТҚ және байланыс объектілерінің инженерлік-техникалық персоналы пайдалану тобын құрайды және оперативтікке қатысты РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына тікелей бағынады.

23. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығусыз және сапалы жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі РТЖБП қызметі объектілерінің жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы жөнінде ұшу және диспетчерлік персоналдың ескертулерін талдайды және олардың істен шығулары мен жарамсыздығы себептерін жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды, РТЖБП қызметі объектілерінің жұмысын бақылайды, автоматтандырылған объектілерді басқаруды және олардың жұмыс істеу қабілеттігіне жедел бақылауды жүзеге асырады.

24. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің инженерлік-техникалық персоналының және объектінің ауысымдық персоналының авариялық жағдайдағы іс-әрекетін АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы белгілейді.

25. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігі бұзылған кезде қызметтің инженерлік-техникалық персоналы мыналарды:

- 1) резервтік жабдықты, резервтік электр қоректендіру көздерін, байланыс арналарын осы Қағиданың 78-тармағымен көрсетілген резервке қою жөніндегі нұсқаулыққа көрсетілген нормативтік уақыт ішінде жұмысқа қосуды қамтамасыз етеді;
- 2) РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына қалыптасқан жағдай мен қабылданған шаралар туралы баяндайды;
- 3) объектінің жедел журналына объектінің (байланыс арнасының) жұмысындағы үзілістің басталу және аяқталу уақытын белгілейді;
- 4) объектінің (байланыс арнасының) жұмыс істеу қабілеттілігі бұзылуының себептерін анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды;
- 5) қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң, РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына объектінің жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтірілгені туралы баяндайды.

26. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке қою жөніндегі нұсқаулыққа төмендегілер көрсетіледі:

- 1) негізгі жабдық (байланыс арналары);
- 2) резервтік жабдық (байланыс арналары);
- 3) резервтік жабдыққа (байланыс арналары) ауысу тәртібі;
- 4) резервті қосу уақыты;
- 5) резервтік жабдықты (байланыс арналары) тексеру тәртібі.

27. РТЖБП қызметі мен ӘҚҚ қызметінің өзара іс-қимыл тәртібі «Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығымен бекітілген, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7006 тіркелген) Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықпен (бұдан әрі - ӘҚҰ жөніндегі нұсқаулық) айқындалады.

28. ҰРТҚ және байланыстың негізгі құралдары зақымданған жағдайда РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтік құралға ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды, ол туралы ӘҚҚ қызметінің ұшу басшысына (ӘҚҚ диспетчеріне) баяндайды.

29. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің негізгі электр қоректендіру көздері зақымданған кезде, ауысымдық персонал резервтік электр қоректендіру көздеріне ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды, ол туралы ұшу басшысына (ӘҚҚ диспетчеріне), РТЖБП қызметі бастығына хабарлайды және электрмен жабдықтау ұйымының персоналын хабардар етеді.

30. ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерін қашықтан басқару және электрмен қоректендіру байланыс желілерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыс кезінде, олар үшін РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналымен байланыс тәсілдері мен құралдары анықталатын мамандардың тұрақты кезекшілігі белгіленеді.

31. Қалпына келтіру жұмыстарының аяқталғаны туралы РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ӘҚҚ ұшу басшысына (диспетчеріне) баяндайды және оның рұқсатымен ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерін қашықтан басқаруға және электр энергиясымен қоректендірудің негізгі көздеріне ауыстыру туралы нұсқау береді.

32. ҰРТҚ және байланыс құралдары жұмысындағы ӘК ұшуларының қауіпсіздігі мен тұрақтылығының бұзылуына әкелетін барлық өзгерістер туралы РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы РТЖБП қызметі басшылығына және ӘҚҚ ұшу басшысына (диспетчеріне) баяндайды.

33. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналының жұмыс орны ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерін қашықтан басқару және бақылау құралдарымен, ӘҚҚ қызметі ауысым кезекшілерінің жұмыс орындары және азаматтық авиация ұйымдарының аралас қызметтерімен телефон және/немесе дауыс

зорайтқыш байланысымен жабдықталады. Қызметтік сөйлесулер құжаттау құрылғысы арқылы автоматты түрде жазылады. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналының қарамағында тәулік бойы радиоландырылған кезекші автокөлік болады.

34. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы өз қызметінде АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекіткен лауазымдық нұсқаулықты, ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервте сақтау жөніндегі нұсқаулықты (-тарды), АА қызметтерімен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтарды, осы Қағиданы және әуе кеністігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнаманы басшылыққа алады.

35. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы көрсетілген объектінің ауысымдық персоналының жедел журналын осы Қағидалардың [4-қосымшасына](#) сәйкес жүргізеді.

36. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы мен объектінің ауысымдық персоналы ауысымды қабылдау кезінде:

- 1) ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет көрсететін негізгі және резервтік жиынтықтарының бар болуын, жай-күйін және жұмысқа қабілеттілігін;
- 2) электр қуатымен қоректенетін резервтік көздердің дайындығын;

3) мүліктердің, пайдалану құжаттамасының, өлшейтін аспаптардың, керек қосалқы бөлшектерінің пұғыл жиынтықтарының, құрал-саймандардың тізімдеме бойынша болуын;

4) жеке қорғаныс құралдарының болуын, олардың дұрыстығы (көріп тексеру мүмкіндігі болған жағдайда) және оларды сынақтан өткізу мерзімінің өзектілігі, өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін, жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету үшін дәрігерлік қобдишаның болуын;

5) өрт сөндіру құралдарының дұрыстығын және бар болуын (көріп тексеру мүмкіндігі болған жағдайда) және оларды сынақтан өткізу мерзімінің өзектілігі, объектінің өртке қарсы қауіпсіздік жағдайын тексереді.

37. Кезекшілікті қабылдау және тапсыру РТЖБП ауысымдық персоналы үшін осы Қағидалардың [1-қосымшасына](#) сәйкес РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналында және объектінің ауысымдық персоналы бар объектілері үшін осы Қағидалардың [4-қосымшаға](#) сәйкес объектінің ауысымдық персоналының жедел журналында рәсімделеді.

38. Кезекшілікті қабылдау мен тапсырудың нәтижелері мен объектінің (жабдықтың) жұмысқа дайындығы туралы объектінің ауысымдық персоналы РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына баяндайды.

39. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы автоматтандырылған объектілердің бақылау құралдарынан алынған ақпарат, объектілердің ауысымдық персоналының баяндамалары негізінде құжаттандыру құралдарына жазба жазу арқылы РТЖБП қызметі ауысым персоналының ұшу басшысына (ӘҚҚ диспетчеріне) кезекшілікті қабылдау туралы баяндамасы осы Қағидалардың [5-қосымшасындағы](#) нысанға сәйкес кезекшілікті қабылдау мен ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысқа дайындығы туралы ӘҚҚ қызметінің ұшу басшысына (диспетчеріне) баяндайды.

40. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ӘҚҚ қызметінің кезекші ауысымының нұсқама беруіне қатысады немесе нұсқаманы электр байланысы құралдары арқылы тыңдайды, радиотехникалық жабдықтар мен байланыстың күйі туралы пұғыл ақпаратты жеткізеді. Осы дыбыстық ақпараттың құжаттау құрылғыларында жазылуы қамтамасыз етіледі.

4-параграф. Пайдалану және авариялық жағдайлар рәсінде РТЖБП қызметінің азаматтық авиацияның басқа қызметтері мен ұйымдарымен өзара іс-қимылы

41. Өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін РТЖБП қызметіне техникалық ғимараттар, құрылыстар, өндірістік және қойма үй-жайлары беріледі.

42. РТЖБП қызметі бастапқы талаптарды әзірлеуге, жобалауға қажетті техникалық тапсырмаларды келісуге, іздеу жұмыстарына, жобалау құжаттамасын қарау мен келісуге, құрылыс-құрастыру жұмыстарын техникалық қадағалауға, сондай-ақ қабылдау және пайдалану сынақтарына қатысады.

43. Әуеайлақтың ҰРТҚ және байланыс объектілеріне кіреберіс жолдарды, радиомажк жүйесінің ауыспалы аймағын таңбалауды және күтіп ұстауды екі жақтың жауапкершілігі мен құқықтары белгіленетін азаматтық-құқықтық шарт шарт жасау арқылы әуежайдың әуеайлақтың қызметі қамтамасыз етеді.

44. Бөндеу ұйымдар радиотехникалық объектілер мен желілік-кабельдік құрылыстарға іргелес жатқан учаскелер аумағында жер қазу және құрылыс жұмыстарын жүргізуі үшін, РТЖБП қызметімен келісуі тиіс. Жұмыстар РТЖБП қызметі өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 45-тармақ жаңа редакцияда (2025 жс. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

45. Ұйымдар ҰРТҚ және байланыс объектілері орналасқан жерлерде ғимараттар мен құрылыстарды салған оның ішінде радиосәулелену құралы орнатуды қоса алғанда, жер қазу жұмыстарын орындаған кезде, АА ұйымдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген Әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар беру [қағидаларына](#) сәйкес осы құрылыстардың ҰРТҚ және байланыс радиотехникалық жабдықтары сигналдарының сапасы мен қолжетімділігіне әсерін (теріс әсерін) бағалауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Қағидаларға [6-қосымшада](#) көрсетілген кешендер (объектілер), ҰРТҚ бұйымдары және АА электрбайланысы орналасқан жерлерде ғимарат және құрылыс кезінде шектеу аймақтарын бағалайды.

46. РТЖБП қызметі аэронавигациялық қызмет көрсетуге байланысты апатты жағдайларда басқа қызметтердің (АА ұйымдары) іс-қимылының жоспарын әзірлеуге қатысады.

5-параграф. ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 жс. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 жс. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 47-тармақ жаңа редакцияда

47. ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау «Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 болып тіркелген) бекітілген «Электр энергиясын пайдалану [қағидаларына](#)» (бұдан әрі - «Электр энергиясын пайдалану қағидалары»), жобалау құжаттамасына сәйкес қамтамасыз етіледі, сондай-ақ:

1) әуеайлақтарда, тікұшақ айлақтарында орналасқан объектілер үшін - осы Қағидаларға [7-қосымшаға](#) сәйкес;

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ҰРТҚ-ның алыс позицияларын, авиациялық әуе электр байланысының ретрансляторларын және байланыстың жылжымалы тораптарын (арнайы мақсаттағы автомобильдерді) электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге міндетті.

48. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету (жылыту, желдету, ауабалптау, апаттық жарықтандыру) және жарықтехникалық жабдықтарды қалыптан басқару үшін, бұл жүктемелер тиісті токтан қорғанысы бар дербес автоматты ажыратқыштарға берілген жағдайда, метеорологиялық жабдықтар мен құрылғылардың электрмен жабдықтауын қосуды алмағанда, ұшуларды тікелей қамтамасыз етуге қатысы жоқ электр энергиясын тұтынушыларды ҰРТҚ және байланыс құралдарын кепілді электрмен қоректендіру қалқанына қосуға жол берілмейді.

49. Резервтік дизель-генераторлардың қуаты жеткілікті болған жағдайда, старт, қону және рульдеу диспетчерінің жұмыс орындарындағы әйнектің жылыту элементтерін кепілді электрмен қоректендіру қалқанына қосуға жол беріледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 50-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

50. Тараптардың пайдалану жауапкершілігінің шекарасы-күтіп ұстауға, қызмет көрсетуге және техникалық жай-күйіне жауапты шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы, төнгерімдік тиесілігі немесе электрмен жабдықтау шарты бойынша айқындалатын және осы шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы тараптардың төнгерімдік тиесілігін шектеу және пайдалану жауапкершілігінің тиісті актісімен расталған энергетикалық жабдықты және (немесе) электр желісін бөлу нүктесі электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес белгіленеді.

3-тарау. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету

1-параграф. Сенімділік көрсеткіштері

51. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сапасы оның міндетіне сәйкес құралдардың белгілі бір функцияларды орындау қабілеттілігін

сипаттайтын қасиеттерінің жиынтығымен айқындалады.

52. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сенімділігі мыналармен анықталады:

- 1) схемалық-конструктивтік орындаумен, қолданылатын жинақтаушы элементтердің сапасымен;
- 2) автоматтандыру дәрежесімен, резервтеумен, электрмен жабдықтау, байланыс және басқару желілерінің сенімділігімен, техникалық пайдалануды ұйымдастырумен, техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің сапасымен, инженерлік-техникалық персоналдың кәсіби дарылығымен және тәртібімен;
- 3) пайдалану шарттарымен, электромагниттік жағдаймен, климаттық және метеорологиялық факторлармен, ионосфералық құбылыстармен, радиотолқынның өтпеуімен;
- 4) тасымалдау және сақтау шарттарымен.

53. ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шықтауы істен шығуға (зақымдануға) арналған орташа атқарымымен сипатталады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 54-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

54. Істен шығудың (зақымдану) істелген жұмыс, сенімділік және әзірлік көрсеткіштері осы Қағидаларға [8-қосымшада](#) келтірілген сенімділік, әзірлік көрсеткіштерін және резервтік байланыс арналарының санын есептеуге арналған формулалар бойынша айқындалады, мұнда сенімділік-құрылғының немесе жүйенің белгіленген уақыт кезеңі немесе жұмыс циклідерінің белгіленген саны ішінде үздіксіз жұмыс істеу ықтималдығы; дайындық - қарастырылып отырған кезеңдегі жүйенің қалыпты жұмыс істеу уақытының пайыздық үлесі.

ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығуының, сенімділігі мен дайындығының көрсеткіштерін бақылау мақсатында пайдаланушы ұйым сенімділік пен әзірлікті есептеу әдістемесін және талап етілетін сенімділік пен әзірлік деңгейлерін қоса алғанда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен әзірленеді, келісіледі және осындай бақылау тәртібі және оның сақталуы қамтамасыз етіледі.

8-қосымшадағы Резервтік байланыс арналарының сенімділігі мен санының көрсеткішін есептеу үшін формулалар бойынша анықталады.

55. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жөндеуге жарамдылығы оның жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтірудің орташа уақытымен сипатталады.

56. Жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтірудің орташа уақыты осы Қағидаларға [8-қосымшада](#) келтірілген байланыстың резервтік арналарының сенімділігі мен санын есептеуге арналған формула бойынша анықталады.

57. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтіру уақыты істен шығудың (зақымданудың) себептерін іздестіруге және істен шығудың (зақымданудың) салдарын жоюға жұмсалған уақытты қамтиды. Құралдардың жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру кезіндегі ұйымдастырушылық кідірулер жеке ескеріледі.

58. ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділік көрсеткіштері ұшу қауіпсіздігі талаптарын негізге ала отырып белгіленеді, оларды әзірлеу, шығару кезінде негізге алынады және пайдалану рәсімінде қамтамасыз етіледі.

59. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігі ресурсы пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін шығынға жазылғанға дейінгі қалпына келтірілгеннен бастап атқарымы (ресурсы) мен пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығымен (қызмет ету мерзімімен) сипатталады.

60. Жұмысқа қабілеттілігі ресурсының көрсеткіштері бұйымның формулярында келтіріледі және пайдалану тәжірибесінің негізінде нақтылануы мүмкін.

61. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қосылу, ажыратылу уақыты, жұмыс ұзақтығы осы Қағидалардың [1-қосымшасындағы](#) нысанға сәйкес РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналының журналында есепке алыну тиіс.

62. Атқарылған жұмысты есепке алу құралдың электр қоректенуін басқару элементін «Қосылған» деген қалыпқа ауыстыру сәтінен бастап жүргізіледі.

63. Атқарылған жұмысты есепке алу ай сайын бұйым формулярында мыналар үшін:

- 1) санауышпен жабдықталған құралдар үшін - санауыштың көрсеткіші бойынша;
- 2) жүктелген немесе жеңілдетілген резерві бар (өндірісімен көзделген) құралдар үшін - барынша көп жұмыс істеген құрал (негізгі немесе резервтік) санауышының көрсеткіштері бойынша;

3) өндірісі көзделген, жүктелмеген резерві бар құралдар үшін - көрсеткіштері қосылып есептелетін санауыштар бойынша жүргізіледі.

64. Санауыштармен жабдықталмаған ҰРТҚ және байланыс құралдары үшін олардың істелген жұмысы РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналынан алынған деректер бойынша, тәулік бойғы жұмысы кезінде күнтізбелік деректер бойынша жүргізіледі.

65. ҰРТҚ және байланыс құралдарының пайдалану рәсіміндегі тоқтаусыз жұмыс істеуі, жөндеуге жарамдылығы істен шығулар мен зақымданулар жөніндегі статистикалық деректерін талдау, сондай-ақ олардың туындау себептерін талдау нәтижелері бойынша бағаланады.

66. ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығулары мен зақымдануларын есепке алу мен талдау мынадай:

- 1) топтап шығарылатын ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділігін оларды пайдалану нәтижелері бойынша бағалау;
- 2) істен шығулар мен зақымданулардың себептерін талдау, топтап шығарылатын және жаңадан әзірленетін ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар мен іс-шаралардың әзірленуі және іске асырылуы;

3) ТҚ мен жөндеудің көлемдерін және мерзімділігін оңтайландыру;

4) пайдалану және жөндеу құжаттамасын жетілдіру, ҚАҚ құрамы мен шығыс нормаларын оңтайландыру;

5) пайдаланылатын ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық ресурстарын (қызмет ету мерзімдерін) негіздеу мақсатында жүргізіледі.

67. Құралдардың барлық істен шығулары мен зақымданулары, олардың пайда болу себептері және жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру уақыты ҰРТҚ және байланыс құралдарына берілген формулярлар мен паспорттарда ескеріледі. ҰРТҚ және байланыс құралдарына формулярды жүргізу тәртібі осы Қағидаларға [9-қосымшада](#) келтірілген.

68. Жабдық формулярсыз (паспортсыз) келіп түскен жағдайда формулярды РТЖБП қызметі жүргізеді.

69. ҰРТҚ және байланыс құралдарының тоқтаусыз жұмыс істеу көрсеткіштерін талдау үшін, осы Қағидаларға [10-қосымшаға](#) сәйкес қызмет ету мерзімі ішінде ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығулары мен зақымдануларының жинақтауыш картасы толтырылады.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке қою

70. Ұшу қауіпсіздігі талаптарын негізге ала отырып, ҰРТҚ және байланыс құралдарының тоқтаусыз жұмыс істеуінің қажетті деңгейіне резервке қою арқылы қол жеткізіледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 71-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

71. Аса жоғары жиіліктер мен жоғары жиіліктер ауқымындағы радионавигация, авиациялық әуе радиобайланысы, ӘҚҚ бақылау жүйелері (радиолокация), бақылау ақпаратын немесе ӘҚҚ мақсатында әуе қозғалысын басқаруды автоматтандыру құралдарын көрсету, сондай-ақ АЖЖ ауқымындағы авиациялық әуе байланысы арналарының ретрансляторлары және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды тұлғалардың келіссөздерін құжаттау құралдары резервіленеді.

72. Әуеайлақтық диспетчерлік пункттердің («Старт», «Мұнара», «Жақындау», «Шенбер») АЖЖ ауқымындағы авиациялық әуе байланысының арналарында әр арна үшін қабылдау және тарату құрылғыларының немесе қабылдау-тарату құрылғысының (трансивердің) негізгі және резервтік жиынтықтары көзделеді, ал радиобайланыс құралдары жиынтықтарының біреуі үшін, «Іздестіру-құтқару» (123,1 МГц), «ӘҚҚ радиобайланысының резервтік жиілігі» (арна ӘҚҚ радиобайланысының негізгі жиілігін бұзаттауда қолданылады) қоспағанда, химиялық ток көздерінен ұзақтығы кемінде 2 сағат болатын авариялық электрмен қамтамасыз ету көзделуі тиіс.

73. Осы Қағидалардың [71-тармағында](#) көрсетілгеннен басқа, авиациялық электр байланысының өзге де арналары үшін, резервтік жабдық саны (радиостанциялар, радиотаратқыштар, радиоқабылдағыштар, AFTN автоматтандырылған жұмыс орындарын ұйымдастыруға арналған жабдықтар) осы Қағидаларға [8-қосымшада](#) келтірілген сенімділік көрсеткішін және резервтік байланыс арналар санын есептеу формуласы бойынша анықталады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 73-1-тармағымен толықтырылды (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)

73-1. Осы Қағидаларда AFTN жүйесіне қойылатын талаптар айтылған кезде AFTN/AMHS жүйелеріне қойылатын талаптар түсініледі.

AFTN автоматтандырылған станцияларында AFTN станциясының қызметкері болмаған кезде жеделхаттар/хабарламалар бланкілерін өңдеу АА ұйымның басшысы бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.

74. Азаматтық авиация ұйымының тәулік бойғы жұмысы кезінде құжаттандыру жүргізу мақсаттарына арналған көп арналы құрылғылар ақпаратты құжаттандырудың бір объектісіне бір құрылғы есебімен резервтеледі.

75. Пайдаланымдағы ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке (жұмысқа толық қосылуды ескере отырып) ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақыты осы құралдарды өндіруші кәсіпорындардың (өнім берушілердің) пайдалану құжаттамасында көрсетіледі. Қажет болған жағдайда, осы не басқа ҰРТҚ және байланыс құралын пайдалану құжаттамасында резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақыты туралы деректер болмаған жағдайда, РТЖБП қызметі мен ӘҚК қызметінің мамандары бірлескен хаттаманы рәсімдей отырып, осы құралдарды резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақытына хронометраж жүргізеді.

76. Резервке көшіру (ауысу) ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке қою жөніндегі нұсқаулықта белгіленген аз уақыт ішінде жүзеге асырылады.

77. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке (электр байланысының айналма арналарына) ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақыты, сондай-ақ инженерлік-техникалық персоналдың іс-қимылы ҰРТҚ және байланыс объектілерін резервтеу жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетіледі.

78. Нұсқаулықтарға РТЖБП қызметінің басшысы қол қояды, ӘҚК қызметінің басшысымен келісіледі, АА ұйымы (бөлімшесі) басшысының бұйрығымен бекітіледі. Нұсқаулықтар РТЖБП қызметінде сақталады, ҰРТҚ және байланыс объектілерінде (кешендерінде) аталған нұсқаулықтардың көшірмелері қолданылады. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақыты бойынша ақпарат осы Қағиданың [11-қосымшасына](#) сәйкес рәсімделеді.

79. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақытының деректері РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналының пайдалану құжаттарында болуы тиіс.

4-тарау. ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалану

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс кешендерін (объектілерін) техникалық пайдалануды ұйымдастыру

80. ҰРТҚ және байланыс кешендерін (объектілерін) техникалық пайдалану ҰРТҚ және байланыс құралдарын (бұйымдары) оларға белгіленген қызмет ету мерзімі (ресурсы) кезеңінде олардың белгіленген сенімділік деңгейімен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешені болып табылады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 81-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

81. ҰРТҚ және байланыс құралдарын (бұйымдарын) техникалық пайдалану мыналарды қамтиды:

- 1) ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы құралдарын пайдалануға енгізу кезеңіндегі іс-шаралар;
- 2) ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету;
- 3) ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу;
- 4) қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту;
- 5) ұшу кезіндегі және жердегі тексерулерді жүргізу;
- 6) ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді метрологиялық қамтамасыз ету;
- 7) инженерлік-техникалық персоналды кәсіби дайындау, тағылымдама өткізу және дербес жұмысқа жіберу;
- 8) пайдалану құжаттарын осы Қағидаларға [12-қосымшасына](#) сәйкес пайдалану құжаттары тізбесіне сәйкес жүргізу. Ұйым басшысы пайдалану құжаттарының бар болуын сақтау, жүргізу және есепке алу тәртібін бекітеді;
- 9) материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 81-1-тармақпен толықтырылды

81-1. Осы Қағидаларға [12-қосымшада](#) көрсетілген пайдалану құжаттарын электрондық құжаттамаға белгіленген талаптарға сәйкес осы ақпараттың кепілді сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.

82. ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді метрологиялық қамтамасыз ету үшін, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құжаттармен белгіленген пайдалану шарттары мен талаптарына сәйкес келетін және өлшеулер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес қолданылуға жол берілетін өлшеу құралдарын қолданады.

Қандай да бір физикалық шаманың болуын анықтауға арналған немесе физикалық шамалардың олардың мәнін шама бірлігімен нормаланған дәлдікпен бағалаусыз бақылау үшін қолданылатын өлшеу құралдары индикаторлар болып табылады, салыстырып тексерілмейді және «И» (индикатор) деген белгісі болуы тиіс. Өлшеу құралдарын индикаторларға өткізу тәртібі, олардың тізбесі, оларды есепке алуды және олардың жарамдылығын бақылауды қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 522 «Өлшеу құралдарын индикаторларға өткізу тәртібі» [КР СТ 2.8-2002](#) мемлекеттік стандартына сәйкес, АА ұйымы (бөлімшесі) басшысының бұйрығымен анықталады.

83. РТЖБП қызметінің басшылық құрамы инженерлік-техникалық басшылық құжаттарының талаптарын орындауды және уақтылы зерделеуді ұйымдастырады, құжаттардың есепке алынуын және сақталуын бақылайды.

84. Байланысты және ҰРТҚ нысандарын техникалық пайдалану осы Қағидалардың, пайдалану құжаттамаларының талаптарына сәйкестігін, байланыс және ҰРТҚ құралдарының Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясындағы әуеайлақтардың (тікұшақ айлағы) пайдаланылу жарамдылығы нормаларының талаптарына (КР АА ӘПДЖН) сәйкестігін бақылауды АА ұйымдарының шеңберінде АА ұйымының және РТЖБП қызметінің басшылығы жүзеге асырады.

2-параграф. Байланыс және ҰРТҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету

85. Байланыс және ҰРТҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету (ТҚ) талап етілетін сенімділікті ұстау, істен шығуларды алдын-алу және бекітілген нормалар шегінде байланыс және ҰРТҚ құралдары (өлшемдері) пайдалану сипаттамаларын қолдау мақсатында және АА ұйымының РТЖБП қызметі инженерлік-техникалық қызметкерлері тарапынан жүзеге асырылады.

86. Байланыс және ҰРТҚ құралдарының ТҚ жабдықтың зауыт-өндірішісінің (жеткізуші) техникалық қызмет көрсету тізілімдемесіне сәйкес орындалады. Жабдықтың жеткізілу жиынтығында техникалық қызмет көрсету тізілімдемесі болмаған жағдайда немесе пайдалану шарттарын есепке ала отырып оны қайта жасау керек болса бұл құжат РТЖБП қызметінің тарапынан пайдаланудың жергілікті шарттарын есепке ала отырып жасалады және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы тарапынан бекітіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 86-1-тармақпен толықтырылды

86.1. Пайдалану техникалық құжаттамасында ТО көрсетуді «шарт бойынша» жоспарлау әдісі көрсетілген РТОР және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету параметрлерді бақылаумен және сенімділік деңгейін бақылаумен жүзеге асырылады. Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде жұмыстың жиілігі мен көлемі диагностикалық параметрлердің мәндерімен немесе өнімнің бір түрінің (тұтастай алғанда өнімдер, оның құрамдас бөліктері, компоненттері) сенімділік көрсеткіштерімен анықталады. Диагностикалық параметр деп белгілі бір өнімнің техникалық жағдайын анықтайтын қасиеттерінің сандық сипаттамасы түсініледі. Өнімнің жарамды күйден ақаулыққа ауысу сәті оның параметрінің істен шығуға дейінгі пекті мәнімен сипатталады, оған жеткенде өнімнің жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру операциялары қажет. Заманауи техникалық қызмет көрсетуді пайдаланудың мақсаты - жабдықтың техникалық жағдайын бақылаудың сенімділігін арттыру, ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, пайдалану шығындарын азайту (пайдалану уақытына қызмет көрсетумен салыстырғанда).

87. Байланыс және ҰРТҚ құралдары жүйесінде қалыпты жұмыс істеуді қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың көлемі нысанның (байланыс арнасының) немесе жеке құралдың техникалық жағдайы арқылы анықталады.

88. Техникалық жағдай (жұмысқа қабілеттілік, жарамдылық) анықтайтын өлшемдердің мәнін бақылаудың нәтижесі, белгіленген қызметті орындау сапасын

сипаттайтын белгілер бойынша бағаланады.

89. Анықдаушы өлшемдерді олардың атаулы мәндерімен (талаптарымен) сәйкестендіру бойынша жұмыстар алдын-алу рұқсатнамаларының шекарасынан анықтайтын өлшемдердің мәндері ауытқыған жағдайда орындалады.

90. Мерзімділік бақылаумен ТҚ жалпы жағдайда мыналарды көздейді: жұмысқа жарамдылықты жедел бақылау (ЖБ), жедел ТҚ (ТҚ-1) және мерзімді ТҚ-ның мынандай түрлері: апталық (ТҚ-2, 170 сағат атқарымнан соң), айлық (ТҚ-3, 750 сағат атқарымнан соң), тоқсандық (ТҚ-4, 2250 сағат атқарымнан соң), жарты жылдық (ТҚ-5, 4500 сағат атқарымнан соң), жылдық (ТҚ-6, 8800 сағат атқарымнан соң), мезгілдік ТҚ (ТҚ-С), бұл тұрғыда ТҚ мерзімділігі байланыс және ҰРТҚ нысанын (өнімді) пайдалану ерекшелігіне қарай басқа болуы мүмкін.

91. Мерзімдік техникалық қызмет көрсету егер осы ТҚ пайдалану-техникалық құжаттамада қарастырылған болса байланыс және ҰРТҚ құралдарын көктемгі-жазғы кезеңгі (КЖК) және күзгі-қысқы кезеңгі жұмыстарға дайындау кезінде жүргізіледі.

92. Мерзімді ТҚ жүргізу мерзімі регламентке сәйкес тек күнтізбелік мәні (айына, тоқсанда, жарты жылда, жылында бір рет) бойынша анықталған байланыс және ҰРТҚ құралдары үшін көрсетілген мерзімде аз атқарым болған жағдайда ТҚ-ны байланыс және ҰРТҚ құралдарының атқарымына сәйкес жүргізуге рұқсат етіледі.

93. Байланыс және ҰРТҚ құралдарының жұмысқа қабілеттілігін жедел бақылау олардың жұмысы барысында жүзеге асырылады. Жұмысқа қабілеттілікті шығыс сипаттамалары (мәндері), жабдықтың қашықтықтан бақылау және басқару сигналы бойынша жедел бақылау кезінде нысанның, өнімнің (байланыс арнасы) жұмысқа қабілеттілігі және оны тағайындалуы бойынша пайдалану мүмкіндігі анықталады.

94. Апаттық радиоарна радиостанциясының жұмысқа қабілеттілігін тексеру ӘҚК қызметі арналарының жұмыс жиілігінде аптасына бір реттен аз емес жүргізіледі.

95. Түрлері, ТҚ мерзімділігі, регламенттік жұмыстардың тізімі, олардың орындалу технологиялары, орындаушылардың біліктіліктері, еңбек шығындары, қажетті өлшем құралдары, шығыс материалдар, құрал-жабдықтар, аспаптар, анықтайтын өлшемдердің (белгілердің) атаулы мәндері, олардың пайдалану және алдын-алу рұқсаттары техникалық қызмет көрсетудің регламентінде көрсетіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 96-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

96. Бақылау (радиолокация), ӘҚК ақпаратын көрсету құралдары, радионавигация, қону және авиациялық электрбайланыс құралдарының ТҚ осы Қағидаларға 13-қосымшаның ҰРТҚ және байланыс құралдарының ТҚ графигінің бекітілген формасына сәйкес, АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысымен бекітілген және ӘҚК қызметімен келісілген байланыс және ҰРТҚ құралдарының ТҚ кестесі бойынша жүзеге асырылады.

97. Байланыс және ҰРТҚ басқа құралдарының ТҚ кестесі РТЖБП қызметінің бастығы тарапынан бекітіледі.

98. ТҚ кестелерін жоспарлаудың және жасаудың бастапқы мәліметтері болып мыналар есептеледі:

- 1) техникалық жағдайы, байланыс және ҰРТҚ құралдарының болжанатын атқарымы туралы мәліметтер;
- 2) регламенттерде немесе пайдалану бойынша басшылықтарда белгіленген ТҚ бойынша жұмыстардың мерзімділігі немесе көлемі;
- 3) радиолокация және радионавигация құралдары аядамаларының жоспар-кестесі.

99. ТҚ жоспарлау және орындау кезінде техникалық қызмет көрсетудің басталу уақытын осы түрдің ТҚ-сы үшін бекітілген мерзімділігінен 15 %-ға ауытқуға жол беріледі.

100. Байланыс және ҰРТҚ құралдарының тұрып қалуын қысқарту мақсатында ТҚ-ның кезеңдік әдісі қолданылады, бұнда операция кезек-кезектен (уақыт бойынша таратылып) нысанның толық сөнүінсіз байланыс және ҰРТҚ құралдарының негізгі және қордағы жиынтықтарында орындалады. ӘҚБ АЖ үздіксіз жұмысы оның реконфигурациясы есебінен қамтамасыз етіледі, радиолокациялық шепте радиолокациялық станцияның бірарналы режиміндегі жұмысы рұқсат етіледі. ТҚ-ны кезеңдік әдіспен орындау үшін осы түрдегі ТҚ-ның регламенттік жұмыстарының барлық көлемі тең бөліктерге бөлінеді. Әр бөліктің көлемі АА ұйымы жұмыс регламентімен бекіткен жұмыс уақытының аяқталуына 1 сағат қалғанға дейін оның сөзсіз орындалуын есепке ала отырып анықталуы қажет.

101. ТҚ кезеңдік әдісі кезінде инженерлік-техникалық қызметкерлердің біркелкі жүктелімі үшін жұмыс көлемін ТҚ біратаулы түрлері арасында барлық кезеңге үлестіру қажет, ТҚ регламенті бойынша жұмыстарды үлестірілген еңбексыйымдылығымен атқарған кезде - кезекті ТҚ түрлері арасында үлестіру қажет.

102. ТҚ жылдық кестесі негізінде кешеннің (нысанның) инженерлік-техникалық қызметкерлері үшін айлық жұмыс жоспары Осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысанда жасалады.

103. Байланыс және ҰРТҚ кешендерінде (нысандарында) ауысымдық қызметкерлермен жұмыстар әр ауысымға теңдей үлестіріледі, ал автоматтандырылған нысандарда - нысанға ТҚ орындау үшін келу күндеріне үлестіріледі.

104. ТҚ тиімділігін арттыруға техникалық қызмет көрсетуді өлшемдерді үздіксіз бақылаумен пайдалану арқылы жетуге болады.

105. Өлшемдерді үздіксіз бақылаумен техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін қашықтықтан бақылау және басқару автоматтандырылған жүйелерін пайдалану қажет, олар мына міндеттерді шеше алады:

- 1) әр құралдың және нысанның жалпы жұмысқа қабілеттілігін бақылау;
- 2) бұзылыстарды автоматты іздестіру;
- 3) құралдарды және нысандарды қашықтықтан басқару;
- 4) құралдар мен нысандардың техникалық жағдайлары туралы ақпараттарды автоматты құжаттандыру.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 106-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

106. Байланыс және ҰРТҚ объектілерінің ТҚ жалпы элементтері (құрылғылары) бойынша операцияларды орындау үшін (жөндеу жұмыстары, түзеу, жабдықтарды ауыстыру), сонымен қатар нысанның/объектілердің толық сөнүін талап ететін операциялар үшін нысанның/объектінің жоспарлы тоқтатылуы қарастырылады. Нысанның/объектінің, өнімнің тоқтатылуы деген оның электрмен жабдықтау көздерінен толық ажыратылуы (жабдықтың негізгі және резервтік жиынтықтары) және белгіленген қызметтерді орындауды тоқтату болып табылады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 107-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

107. ТҚ орындау барысында аялдаудың ұзақтығы бекітілген регламенттегі байланыс және ҰРТҚ нысанның/объектінің сөнүін талап ететін жұмыс көлемінде анықталады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 108-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

108. ТҚ орындау барысында жұмысқа қабілеттілікті тексеру және ұзақтығы 30 минут жөндеу жұмыстары үшін байланыс және ҰРТҚ нысандарының/объектілерінің аз уақыттық тоқтатылулары (сөндіру, жұмыс істемейтін нысандардың/объектілердің қосылулары және резервтік жиынтықтарға қайта қосылулар) РТЖБП қызметі қызметкерінің ӘҚК ұшу басшысымен (диспетчер) келісілген рұқсаты арқылы жүргізіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 109-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

109. Байланыс және ҰРТҚ нысандарының/объектілерінің ұзақтығы 8 сағаттан көп жоспарлы тоқтатылулары көп еңбекті қажет ететін мерзімді ТҚ немесе жоспарлы жөндеу жұмыстарын орындау үшін жүргізіледі, бұлар АА ұйымының басшылығының бекіткен ТҚ және жөндеу жұмыстары кестесіне сәйкес, алдын ала ӘҚК қызметінің бастығына бұл туралы жұмыстың басталғанына дейін ӘҚК қызметінің бастығымен (аға диспетчермен) алдын ала келісе отырып, жұмыс басталғанға дейін 8 сағаттан кешіктірмей өткізіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 109-1, 109-2 және 109-3-тармақтарымен толықтырылды (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)

109-1. Аэронавигациялық жабдықтың жұмыс істеуінің басталуына, тоқтатылуына, қызмет көрсетуіне немесе олардың жұмыс режимінің елеулі өзгеруіне қатысты ақпаратқа қатысты үш айдан аспайтын қолданылу мерзіміне ұзақ мерзімді сипаттағы пайдалану тұрғысынан маңызды тұрақты өзгерістер немесе уақытша өзгерістер Жедел тәртіппен енгізілген кезде NOTAM дереу жасалады және шығарылады:

1) пайдалануды уақытша тоқтату немесе қайта бастау, жиіліктердің, жарияланған жұмыс уақытының, тану сигналының, бағдарының (бағытталған құралдардың), орналасқан жерінің өзгеруі, қуаттың 50% немесе одан да көп ұлғаюы немесе азаюы, радиохабар беру кестесінің немесе мазмұнының өзгеруі, радионавигациялық қызметтер мен «ауа - жер» байланыс қызметтері жұмысының тұрақсыздығы немесе сенімсіздігі немесе шектеулер ретрансляциялық станциялардың жұмысында пайдалану салдарларын, зардап шеккен қызмет көрсетуді, жиілік пен аймақты қоса алғанда;

2) тікелей пайдалану салдарлары бар резервтік және қосалқы жүйелердің болмауы.

Аэронавигациялық құралдардың, құрылыстардың немесе байланыс қызметтерінің жарамсыздығы туралы хабарлайтын NOTAM хабарламасында осы құралдардың жарамсыздығының болжамды уақыты немесе оларды пайдалануды қайта бастаудың болжамды уақыты көрсетіледі. Егер оның пайдалану салдарлары, аэронавигациялық құралдардың немесе пайдалану салдарлары жоқ жалпы қызметтердің шектеулері болмаса, резервтік және қосалқы жүйелердің болмауына қатысты ақпаратқа қатысты NOTAM шығарылмайды.

Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші өзара іс-қимыл бойынша тиісті Нұсқаулық әзірлейді, онда NOTAM басылымына өтінім беру шарттары мен мерзімдері, сондай-ақ NOTAM басылымы талап етілетін аэронавигациялық жабдықтың, қызмет көрсетудің және олардың жұмыс режимдерін өзгертудің түрлері айқындалады.

109-2. Барлық ATIS, ATIS, VOLMET, D-VOLMET радиохабарларының кестесі мен жиілігі AIP-де жарияланады. Жиіліктердің немесе беру уақытының жоспарлы өзгеруі нақты өзгеруден екі апта бұрын NOTAM көмегімен хабарланады. Нақты өзгеруден 48 сағат бұрын, егер бұл іс жүзінде жүзеге асырылатын болса, барлық тұрақты радиохабар таратылымдарында, әрбір радиохабар таратылымының басында бір рет және соңында бір рет жарияланады. ИКАО 10-қосымшасының 7-том 2-тарауының 7.1.2-тармағына сәйкес.

109-3. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді пайдаланушыларды NOTAM арқылы күтілетін немесе пайдалану мәні бар қызмет көрсету және/немесе қосалқы қызмет көрсетудің іс жүзінде бұзылуы мүмкіндігінше ертерек орын алады. NOTAM хабарламасы күтпеген жағдайлар орын алған жағдайда тиісті іс-шаралар туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 110-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

110. Байланыс және ҰРТҚ объектілерінің ұзақтығы 8 сағаттан көп жоспарлы тоқтатылулары АА ұйымының басшысы бекіткен байланыс және ҰРТҚ құралдарын жөндеу жұмыстары (қайта құру) кестесіне сәйкес жабдықтарды жөндеу жұмыстары (қайта құру) және ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау үшін жүргізіледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 111-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

111. ҰРТҚ және байланыс құралдарының/объектілерінің ұзақтығы сегіз сағаттан асатын жоспардан тыс тоқтауы туралы РТЖБП қызметінің бастығы (болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға) АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысына баяндайды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 112-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

112. Байланыс және ҰРТҚ нысандарының/объектілерінің тоқтап қалуын қысқарту мақсатында жоспарлы тоқтатулар барлық дайындық жұмыстарының толық аяқталуы кезінде өткізіледі. Зақымдану анықталған кезде тоқтаудың ұзақтығы зақымдануды жою үшін қажетті жұмыс көлемімен анықталатын уақытқа ұлғайтылады.

113. Байланыс және ҰРТҚ құралдарын жөндеу жұмыстары бойынша орындалған жұмыстарды есепке алу өнімінің формулярында, байланыс және ҰРТҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары журналында осы Қағидаларға 15-қосымшада келтірілген нысанда жүргізіледі.

114. ТҚ-ны орындау аяқталысымен жұмыстардың басшысы (орындаушы) орындалған ТҚ туралы жазбаны өнімінің формулярында, байланыс және ҰРТҚ құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары журналында жасайды. ТҚ және жөндеу жұмыстары журналындағы жазбалар құрамына орындалған жұмыстар, шығындалған материалдар тізбесі, жабдықтың техникалық жағдайы және оның жұмысқа дайындығы туралы қорытынды кіреді.

115. ТҚ орындалуының уақтылы, толық болуын және сапасын бақылауды байланыс және ҰРТҚ кешенінің (нысанының) басшысы жүзеге асырады.

116. Байланыс және ҰРТҚ құралдары, егер олардың қызмет ету мерзімі (ресурс) өтіп кеткен және ұзартылған болмаса, негізгі өлшемдері сертификатталған талаптарға сәйкес келетін болса, жер үсті және ұшу тексерулері уақытында және толық көлемде жүргізілген болса, белгіленгені бойынша жарамды болып табылады.

117. Маусымдық техникалық қызмет көрсету, объектіні сөндіруді талап ететін ТҚ және жөндеу операциялары ұшулар үшін едәуір қолайлы ауа райы жағдайы кезінде жоспарланады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 118-тармақ жаңа редакцияда

118. ТҚ көрсетуді ҰРТҚ және байланыс кешендерінің (объектілерінің) білікті инженерлік-техникалық персоналы, сондай-ақ РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналының бақылауымен РТЖБП бұйымдарына техникалық қызмет көрсетуге немесе техникалық қолдауға шарттар жасалған бұйымды немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді дайындаушыдан (әзірлеушіден) хаттармен немесе сертификаттармен расталған өкілеттіктері бар ұйымдар орындайды. Бөде ұйымның жұмыстарды орындау нәтижелерін жұмыс басшысы (бұйымды пайдалануға жауапты орындаушы) ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу журналында, бұйымға арналған формулярда тіркейді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 118-1-тармақпен толықтырылды

118-1. Жабдыққа (бағдарламалық қамтылымға) ТҚ көрсетуді, жөндеуді, сондай-ақ орнатуды ҰРТҚ және байланыс кешендерінің (объектілерінің) білікті инженерлік-техникалық персоналы қажет болған кезде бұйымды дайындаушыны (бағдарламалық қамтылымды) не бұйымды дайындаушыдан (әзірлеушіден) шарттық негізде расталған өкілеттігі бар басқа ұйымды тарта отырып жүргізеді.

3-параграф. Байланыс және ҰРТҚ объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету

119. Байланыс және ҰРТҚ объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне ТҚ талап етілетін сенімділікті ұстау, істен шығуларды алдын-алу және белгіленген нормалар шегінде пайдалану сипаттамаларын қолдау мақсатында және АА ұйымының РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналдары жүзеге асырады.

Байланыс және ҰРТҚ электрмен жабдықтау жүйелеріне ТҚ жабдықты дайындаушы зауыттың (жеткізушінің) пайдалану жөніндегі нұсқаулығына, осы Қағидаларға және электр қондырғыларды техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес орындалады.

Электрмен жабдықтау жүйелерінің техникалық қызмет көрсету регламенті РТЖБП қызметінің тарапынан жабдықты дайындаушы зауыттың (жеткізушінің) пайдалану жөніндегі нұсқаулығын, осы Қағидаларды және Тұтынушылардың электр қондырғыларды техникалық пайдалану қағидаларын, пайдаланудың жергілікті шарттарын есепке ала отырып әзірленеді және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді.

Техникалық қызмет көрсетудің және жоспарлы-алдын алу кезендік жөндеу жұмыстарының көлемі электр қондырғыларының жұмысқа қабілеттілігін, олардың мерзімді қалпына келуін және жұмыстардың өзгермелі шарттарымен сәйкестендірулерін қолдау қажеттілігімен анықталады және мыналарды қамтуы тиіс:

1) жедел ТҚК-1;

2) кезендік бақылаумен ТҚ.

120. Жедел ТҚК-1 РТЖБП қызметінің ауысым персоналы орындайды және қашықтан бақылау жүйелері бойынша жұмыс істеу қабілеттілігін күн сайынғы бақылауды қамтиды.

Электр жабдықтарын кезендік техникалық қарау инженерлік-техникалық қызметкерлердің тарапынан мына мақсаттар үшін жүргізіледі:

1) электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету бойынша орындалатын операциялардың толықтығын және сапасын тексеру;

2) жабдықтың сынуына немесе авариялық істен шығуына әкелетін ақауларды анықтау;

3) едәуір жауапты бөлшектердің және тораптардың техникалық жай-күйін белгілеу және алдағы жөндеу жұмыстарының түрі мен көлемін нақтылау.

121. Электр энергиясының резервтік генераторлары (дизель-генераторлар, бензиндік генераторлар) екі аптада бір рет 20 минуттан кем емес ұзақтықпен номиналды жүктеме бойынша тексеріледі, бұл ретте генератордың автоматты қосу құрылғысының дұрыс жұмыс істеуі, айналыстың жиілігі мен кернеуі тексеріледі.

122. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық жергілікті басқару органдарының жағдайы тексеріледі, анықталған және жойылған кемшіліктерді көрсете отырып, кемшіліктер жойылғанға дейінгі және одан кейінгі параметрлер шамасы, жұмсалған материалдар жөнінде техникалық қызмет көрсету және байланыс және ҰРТҚ құралдары жөндеу жұмыстары журналында жазу жазылады және электрмен жабдықтау ету жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігі мен жұмысқа дайындығы туралы қорытынды жасалады.

123. АА ұйымының басшысы электр қондырғыларын пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі функцияларды тікелей орындау үшін электр қондырғыны қауіпсіз пайдалануға жауаптыны және оны алмастыратын адамды тағайындайды.

4-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ерекше жағдайларда техникалық қызмет көрсету

124. Ерекше жағдайларға қауіпті метеорологиялық және апатты құбылыстар жатады: 20 с/м жылдамдықпен және одан да жоғары жел, панды, құмды немесе қарлы боран, дауыл, ұзақ қарқынды жауын-шашын, бұршақ, қатты мұздану, температураның 30 С төмендеуі, жер сілкінуі, шектелген көрініс жағдайлары.

125. Ауа райының қауіпті құбылыстары туралы ескертулер Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 14 маусыдағы № 345 (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15358 болып тіркелген) Азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидасына (бұдан әрі - МҚ қағидасы) сәйкес жасалады және беріледі.

126. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ерекше жағдайларда техникалық қызмет көрсету күтілетін қауіпті табиғат құбылысы басталғанда (күшейгенде) объектілерді уақтылы дайындауға, жабдықтың сақталуына, апатты құбылыстың салдарын жоюға бағытталған.

127. Объектілерді күтілетін қауіпті табиғат құбылысы басталғанға (күшейгенде) уақтылы дайындауды қамтамасыз ету мақсатында ерекше жағдайлар (қауіпті құбылыстар) туралы ескерту алған кезде инженерлік-техникалық персоналдың іс-қимылдары туралы РТЖБП қызметінің басшысы қол қойған және АА ұйымның (бөлімшесінің) басшысы бекіткен нұсқаулық әзірленуде. Нұсқаулық РТЖБП қызметінде сақталады, ҰРТҚ және байланыс объектілерінде (кешендерінде) көрсетілген нұсқаулықтың көшірмелері орналастырылады.

128. РТЖБП қызметінің маусымдық персоналы ерекше жағдайлар туралы ескерту алған соң қажетті шараларды қабылдау үшін РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналына шұғыл түрде хабарлайды.

129. Ерекше жағдайлар аяқталғаннан соң ҰРТҚ және байланыс объектілер (өнімдер), антенналы-фидерлік қондырғылар мен желілік-кәбілдік құрылыстар тексеріледі, зақымдануларды жою бойынша шаралар қабылданады және қалпына келтіру жұмыстары ұйымдастырылады.

5-тарау. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жерүсті және ұшу кезіндегі тексерулер

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жерүсті тексерулер

130. Жердегі тексерулер ҰРТҚ және байланыс құралдарының негізгі техникалық параметрлерінің және пайдалану құжаттамасының талаптарына, пайдалану шарттарына сәйкестігін бағалау үшін мынадай жағдайларда:

- 1) ҰРТҚ және байланыс объектілерінің (өнімдерінің) құрылысы аяқталғандарын қабылдауға дайындау кезінде;
- 2) ұшулар кезіндегі кезеңдік тексерулер алдында;
- 3) ҰРТҚ және байланыс объектілерін реконструкциялаудан кейін;
- 4) ӘҚҰ қызметінің талаптары бойынша.

131. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулер мынадай жұмыстарды қамтиды:

- 1) жабдықтың жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру;
- 2) жабдықты реттеуді және баптауды;
- 3) негізгі анықтауыш техникалық параметрлерін өлшеу;
- 4) баптау кестесі мен бақылау режимдері картасын осы Қағидаларға [16-қосымшаға](#) және осы Қағидаларға [17-қосымшаға](#) сәйкес жердегі тексеру мен баптау қаттамасына сәйкес жасау.

132. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулерді РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналы жүргізеді. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға енгізу кезіндегі жердегі тексерулер жабдықтарды жасаушылардың (әзірлеушілердің) өкілдерімен бірлесіп жүргізіледі.

133. ҰРТҚ және байланыс жердегі құралдарын жердегі тексеруге қойылатын талаптары осы Қағидалардың 18-қосымшадағы ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланыс құралдарын жерде және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары және әдістемелеріне сәйкес.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер

134. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер нормативтік-пайдалану құжаттамасының талаптарымен ҰРТҚ және байланыс құралдары техникалық сипаттамаларының сәйкестігін растау мақсатында жердегі тексеруден кейін жүргізіледі.

135. Ұшулар кезіндегі тексеруге арналған әуе кемесі-зертханасының мынадай сипаттамалары болуға тиіс:

- 1) беріктік, үнемділік, қажетті жабдықтың және аспаптармен ұшу қағидалары бойынша ұшуларды орындау құқығын беретін сертификаттың болуы;
- 2) электрондық және жазба жабдық пен қосалқы компоненттері, қажетті ұшу экипажын орналастыру үшін жеткілікті жүк көтергіштігі. Сондай-ақ жердегі персоналы мен жабдықты тасымалдауға арналған қосымша жүк көтергіштігі қажет етілуі мүмкін;
- 3) қайта техникалық қызмет көрсету үшін жерге қонусыз, қарапайым тапсырманы орындауға жеткілікті ұшу алыстығы мен ұзақтығы;
- 4) жылдамдықтың барлық диапазонында, әсіресе ұшулар кезінде тексеру сипатындағы жылдамдық кезінде әуеайлақтық орнықтылығы;
- 5) шуыл мен дірілдің рұқсат деңгейі;
- 6) электрлік шуылдардың қабылданатын сигналдарға кедергілер жасамау үшін олардың төмен деңгейі; мысалы, бұранда айналымына шарттасатын қабылданатын сигналдың амплитудалы модуляциясы ең төмен болуы тиіс;

7) шаттық борттық жабдықтың ғана емес, бірақ қажетті қосымша электрондық жабдықтың көректендіруіне арналған жеткілікті қуаты бар электрмен көректендірудің тұрақты жүйесі;

8) пайдаланушылар тап болатын жағдайлар сияқты жағдайларда мүмкіндігі бойынша ұшу тексеру жүргізуді қамтамасыз ететін жылдамдықтар мен ұшу биіктіктерінің жеткілікті кең диапазоны. Шағын жылдамдықтардағы жақсы ұшу сипаттамаларының әуе кемелерін теодолиттер көмегімен жердегі бақылаушылардың сүйемелдеуі кезінде елеулі маңызы бар;

9) радионавигациялық құралдардың жаңа түрлерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе қолда бар навигациялық құралдарды тексеру кезінде алынатын деректердің нақтылығын немесе өңделу жылдамдығын арттыру мақсатында жабдықты одан әрі модификациялау немесе оның құрамын кеңейту үшін жарамдылығы;

10) ұшу тексеру кезінде қолданылатын аса сезгіш сынау жабдықтарында температура мен ылғалдылықтың зиянды әсерін болдырмайтын, және экипаждың ыңғайлы жұмыс істеуін қолдайтын экипаж кабинасындағы климаттық жағдайларды бақылау жабдығының болуы;

11) ұшу экипажының жұмыс жүктемесін төмендету үшін автоұшақтың болуы.

136. ӘКЗ-сын қолдану арқылы өткізілетін ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексеруді ӘКЗ-ге ие болған азаматтық авиация ұйымы жүзеге асырады.

137. Міндеттерге байланысты ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) пайдалануға беру кезінде;
- 2) кезеңдік;
- 3) арнайы.

138. Пайдалануға беру кезіндегі ұшулар кезінде тексерулер құралдар жұмысының сапасы туралы толық және жан-жақты ақпарат алу мақсатында және жабдықтың пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамаларын жердегі тексерулерден кейін жүргізіледі. Осы тексерулердің нәтижелері жердегі тексерулермен бір кешенде ҰРТҚ және байланыс құралдарының пайдалануға жарамдылығын анықтауға негіз болады.

139. Кезеңдік ұшулар кезіндегі тексерулер жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамаларын пайдалану құжаттамаларының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында тұрақты негізде жүргізіледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 140-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап)

қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

140. Арнайы ұшулар кезіндегі тексерулер жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен техникалық сипаттамаларының пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі және мынадай мақсаттарда орындалады:

1) жабдықтың кеңістіктік сипаттамасына әсер ететін бюллетеньдер бойынша құралдарды жеткізуді (жаңғыртуды) жүргізу - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

2) алты айдан астам мерзімге регламенттен алынып тасталғаннан кейін жабдықтың жұмысын қалпына келтіру және оны пайдалануға беру - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

3) жабдықтың антенналы-фидерлік қондырғысын ауыстыру, жөндеу немесе оның орнатылған орнын өзгерту - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

4) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяк жүйесін (PMC/ILS/СП), азимуттық-алыстан өлшеуіш радиомаяктарды (PMA/VOR, РМД/DME), жетек радиостанцияларды/бағытталмаған радиомаяктарды (PPC, NDB) жаңа жұмыс жиілігіне ауыстыру - жабдықтың негізгі және резервтік жиынтығын тексере отырып, кезеңдік бағдарлама;

5) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяктік жүйесі глиссадасының көлбеу бұрышын өзгерту (PMC/GPM) - жабдықтың негізгі және резервтік жиынтығын тексере отырып, кезеңдік бағдарлама;

6) жердегі немесе ұшу кезіндегі бақылау нәтижелері бойынша құралдардың техникалық сипаттамаларының сәйкессіздігін анықтау - ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың басшысы бекіткен бағдарлама бойынша;

7) авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеру - тексеру жөніндегі комиссияның басшысы бекіткен бағдарлама бойынша;

8) радиокөдергілердің көздерін және құралдардың тұрақсыз жұмысының басқа да себептерін анықтау, сонымен қатар (BRA) аймағының қорғау жазықтықтарына - ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалануды жүзеге асыратын АА ұйымының басшысы бекіткен бағдарлама бойынша;

9) GBAS үшін - GBAS конфигурациясы өзгерген кезде, мысалы, gbas жерүсті кіші жүйесі антеннасының фазалық орталығының орнын, деректерді беру желісін таратушы антеннасының орнын немесе жүйелік дерекқорды өзгерту.

141. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер әдістемелері мен бағдарламалары (мерзімділігі мен көлемі) осы Қағидалардың [18-қосымшасында](#) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланыс құралдарын жерде және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары және әдістемелерілерінде көрсетілген.

142. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі кезекті тексерулерді өткізу мерзімі алдыңғы ұшулар кезіндегі тексерулер актісінің бекітілген күнінен бастап саналады.

143. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулерді өткізу мерзімін өзгерту ІІ және ІІІ санатты радиомаяк жүйесі үшін 60 тәуліктен аспауы, ал қалғандары үшін алдыңғы ұшулар кезіндегі тексерулерден кейін 90 тәуліктен аспауы керек. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануда ұшулар кезіндегі тексерулердің кезеңдігі бұзылуына жол берілмейді.

144. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды қамтамасыз ететін ұйымдар осы құралдарды ұшулар кезіндегі тексеруді өткізудің жоспарын осы Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

145. Кесте құру кезінде ұшулар кезіндегі тексерудің бағытталған санаттағы РМЖ қонына бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

146. Ұшу тексерулерін жүргізудің жоспары негізінде жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар мен ӘКЗ қолданатын АА ұйымдары арасында шарт негізінде ұшулар тексерісі бойынша жұмыстар жүргізіледі.

147. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының дайындығы мерзімінің расталуы негізінде, шарт жасасқан, ӘКЗ-ны қолданатын АА ұйымдарымен келесі айға ұшулар кезіндегі тексеруді өткізудің ай сайынғы жоспар-кестесі құрылады (түзетіледі) және жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым атына жіберіледі, сондай-ақ ӘКЗ-ның келген күнін растайтын телеграммалар (телефонограммалар, факс және басқалар) жіберіледі.

148. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдары параметрін бағалауда АЛК, КЛП ұшулар кезіндегі тексеру кешенін пайдалану қажет болмаған жағдайда, ұшулар кезіндегі тексеру арнайы бөлінген көлікпен, рейстік және жаттығатын ӘК-мен жүргізіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 149-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

149. Бақылау жүйелерінің (PSR, SSR, ADS, MLAT), жетекті радиостанциялардың (NDB) және ӘЖЖ диапазонындағы авиациялық-әуе электр байланыс арналарының ұшу тексерулері ӘКЗ немесе осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген ӘК жүргізіледі. АА әуеайлақтарында ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарын ұшу тексерулерінің уақтылығын, толықтығын және сапасын бақылауды АА ұйымдарының басшылары, осы құралдарды ұшу тексерулеріне дайындаудың уақтылығы мен сапасын бақылауды РТЖБП қызметтерінің бастықтары жүзеге асырады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 150-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

150. ILS, GBAS, барлық жаққа бағытталған ӘЖЖ радиомаягі ((d)VOR), DME алыстан өлшеу жабдығы, маркерлік радиомаяктар (MPM), АРП/VDF ұш тексерулері, ҚЖЖ енгізу ұшу.

151. Жердегі байланыс және ҰРТҚ құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым ӘКЗ экипажына мыналарды ұсынады:

1) алдыңғы ұшу тексеру құралдарының материалдары;

2) РМЖ/ILS(ҚЖ), АРМ/VOR, ҚРМ/DME орнату орнының, радиопеленгатордың (АРП/VDF) орнатылған позициясының, ұшу-қону жолағы шегі координаталары және әуе трассаларының (дәліздерінің) тізбесі;

3) координаталардың полярлық (азимут, қашықтық) жүйесіндегі бақылау бағдарларының географиялық координаталары;

4) азимуталды - қашықтық өлшеуіш радиомаяктарының тірек бақылау нүктелерінің координаталары (АРМ/VOR);

5) телеметр өлшемдерінің сызығы үшін байланыс арналарының жиілік мәні.

152. Әуе кемесі - зертханасының экипажы:

1) жерүсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйыммен ұшу тексерулерді жүргізу бағдарламасын келіседі және алдыңғы ұшу тексерулердің қорытындысын талдайды;

3) ұшу тексерулерге жататын жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарының есептеліп шығарылған қызмет ету аймағын бағалайды;

4) сол әуеайлақтағы жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының орналасу схемасын нақтылайды, антенна-фидерлі құрылғылардың, ұшу-қону жолағы шегінің координаталарын және басқа да қажет мәліметтерді анықтайды;

5) жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының көрсетілген номиналды параметрлерін және сипаттамаларын анықтау бойынша қажет есептерді жүргізеді;

6) ӘКЗ экипажы мен жердегі қызметтер арасындағы ақпарат тарататын және байланыс арнасын анықтайды;

7) белгіленген әдістерге сәйкес жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамасын өлшеуді жүргізеді;

8) тексеру барысында алынатын нәтижелерге талдау жасап, бағалайды;

9) атқарылған жұмыс нәтижесін сапалы, дұрыс және уақтылы құжаттайды;

10) іс-әрекеттерін жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның ӘҚҚК қызметімен және инженерлік-техникалық персоналмен үйлестіреді;

11) ұшу тексерулерін орындау кезінде берілген ұшу режимін және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайды.

153. Ұшу тексерулерге қатысатын ӘКЗ экипажын, диспетчерлік құрамды және жердегі инженерлік-техникалық персоналды ұшу кезіндегі тексерулерге дайындау әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі. Бұл ретте мынадай мәселелер пысықталады:

1) ұшу тексерулерді өткізу мерзімдері анықталады;

2) ұшу тексерулерді орындау тәртібі мен кезектілігі белгіленеді;

3) ұшу тексерулердің маршруты салынып зерделенеді, қажетті есептер жүргізіледі;

4) ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын әуедегі кеме-зертханасының экипажы, ұйымның ӘҚҚК қызметі мен инженерлік-техникалық персоналы арасындағы өзара іс-әрекеттері жөніндегі мәселелер анықталады;

5) ұшу тексерулерді өткізу маршруттарында ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар және ерекше жағдайда қолданылатын іс-әрекеттер зерделенеді, бұл ретте әуеайлақ (әуеотрап) ауданында кедергілердің болып қалуына ерекше назар аударылады;

6) метеожағдайдың бұзылуы бола қалған жағдайға қосалқы әуеайлақтар анықталады;

7) метеорологиялық және орнитологиялық жағдайлар, сондай-ақ ұшу тексерулердің бағытына ауа райы болжамы нақтыланады;

8) ұшулар ауданындағы әуе жағдайы, жерүсті және навигациялық жағдайлар, сондай-ақ ұшуларды басқару ерекшеліктері талданады;

9) ұшу тексерулері бойынша басқа да мәселелер пысықталады.

154. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезіндегі тексеруге дайындау, ӘКЗ-ның ұшуына 30 минут қалғанда түгел қалыпты күйге келтіру жұмыстары тоқтатылатындай, аппаратура тексеріліп, осы жабдықты пайдалану бойынша басшылықта (нұсқаулықты) көзделген жұмыс режиміне қосылып дайын болатындай есеппен орындалады.

155. Ұшу кезіндегі тексерулерді жүргізгенде ҰРТҚ жабдықтарын тағайындауы бойынша қолдануға, әуе кемелерінің және басқа техникалардың қауіпті аймақтарда тұруына тыйым салынады. Ұшу кезіндегі тексерулерді жүргізу кезеңінде бұл ҰРТҚ құралдарының жұмыстан шеттетілуі жөнінде хабарландыру СУАИ арқылы жасалады.

156. Жерүсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеруден өткізу үшін нақтылы әуежайдан ӘКЗ-нің ұшуы туралы шешімді, тексеру жүргізетін маршруттардың шын және болжамды метеожағдайларын талдау негізінде және ұшатын зертхананың борт инженер-сынаушысының (борт инженер-операторының) жер үсті құралдарының, сондай-ақ жер үсті қызметтердің жұмысқа дайын болуы туралы хабарлауы негізінде ӘК командирі қабылдайды.

157. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру аяқталғаннан кейін атқарылған жұмыс туралы есеп осы Қағидалардың [18-қосымшасында](#) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланыс құралдарын жерде және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары және әдістемелерілерінде көрсетілген 1-қосымшасына сәйкес ҰРТҚ және АӘБ жер үсті құралдарын ұшу кезінде тексеру актісі нысанында жасалады.

158. Есепті уақыты, сапалы түрде және дұрыс жасалған есепті, тексерілген құрал-жабдықтың параметрлері мен сипаттамасының нормативті-техникалық құжаттаманың талаптарына сай болуын бағалай отырып жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру нәтижелері анық көрсетілуді ұшатын зертхананың борт инженер-сынаушысы қамтамасыз етеді.

159. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру бойынша есепті жасау үшін:

1) құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын жазатын борттағы және жердегі құрылғыларда көрсетілген;
2) ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалану қызметтері персоналдарының техникалық пайдалануға жауапты ӘКЗ экипажы мүшелерінің, ӘҚҚК қызметінің есептеп шығарулары, жеке бақылаулары мен тәжірибелік қорытындыларының нәтижесінде алынған;

3) ӘҚҚК бақылау жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігін автоматтандырылған бақылау жүйесі аппаратурасында көрсетілген деректер пайдаланылады.

160. Ұшу тексеру актісі жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезіндегі тексеру бойынша есептің негізгі құжаты болып табылады. Ұшу тексеру актісінде:

1) жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның атауы;
2) тексерілетін құралдың атауы, нысан және зауыттық нөмірі;
3) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаягікті жүйесі үшін және қону жүйесінің жабдықтары үшін қонудың магниттік курсы;
4) ұшу тексерісін жүргізу мерзімі және нысан;
5) ӘКЛ-ді пайдаланатын авиациялық ұйымның атауы;
6) ӘКЛ-дің нысан және борт нөмірі;
7) ұшу кезіндегі тексеру кешенінің (АЗК) нысан және зауыттық нөмірі;
8) ӘК ұшуларын қамтамасыз ету үшін тексерілген құралды пайдалану мүмкіндігі;
әрекет ету аймағы шегінде белгіленген стандарттарға сәйкес кеңістікке сигнал шығаратын, шектеусіз пайдалануға жарайтын құрал;
кеңістікке әрекет ету аймағының барлық жағынан немесе барлық секторларында белгіленген стандарттарға сәйкес келе бермейтін, сигнал шығаратын, шектеулермен пайдалануға жарайтын құрал;
кеңістікке сапасы белгісіз, белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін сигналдар шығаратын, пайдалануға жарамайтын құрал.

161. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде тексеру актісіне мыналар қоса беріледі:

1) құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын өлшеу нәтижелері көрсетілген кесте;
2) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары;
3) ӘКЗ-нің ұшу маршрутының және қырынан қарағандағы схемалары (қажеттілігіне қарай);
4) ӘҚК бақылау жүйелерінің ақпараттар көрінетін құралдарынан (қажеттілігіне қарай) жасалған фотосуреттер (ақпарат көздерін тіркеу құрылғысының материалдары);
5) тексерілетін құралдардың өзгеше ерекшеліктерін көрсететін басқа да материалдар.

162. Шолу радиолокаторы, АРП және ҰЖЖ диапазонындағы авиациялық-әуе электр байланысының арналары үшін ұшу биіктігіне байланысты олардың әрекет ету қаншақтығының кестелері жасалады.

163. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға енгізу кезінде ұшу тексеру актісі төрт данада толтырылады:

1) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары бар бірінші және екінші даналары, жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым үшін;
2) ӘКЗ-ні пайдаланатын азаматтық авиация ұйымы үшін үшінші данасы;
3) дайындаушы үшін - төртінші данасы.

164. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын мерзімді тексеру кезінде ұшу тексеру актісі үш данада толтырылады:

1) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары бар бірінші данасы, жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым үшін;
2) ӘКЗ-ні пайдаланатын азаматтық авиация ұйымы үшін - екінші данасы;
3) жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды бақылауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін - үшінші дана.

165. Авиациялық оқиғаларды (оқиыс оқиғаларды) тексеру кезінде орындалатын жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын арнайы тексеру кезіндегі ұшу тексеру актісі даналарының санын тексеруді ұйымдастыратын комиссия басшысы анықтайды.

166. Ұшу тексеру актісін жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді.

167. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру актісі бекітілгеннен кейін тексерудің негізгі нәтижелері әуе қозғалысына қызмет көрсету барысында басшылыққа алу үшін ӘҚҚК қызметінің персоналына (диспетчерлік құрамға) хабарланады.

Ұшу кезінде тексеру нәтижелері ҰРТҚ және байланысты пайдалануды жүзеге асыратын инженерлік-техникалық персонал үшін қолжетімді болады.

168. ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарын ұшу кезінде тексеру актілері, тиісті қосымшаларымен бірге, бұл құралдарды пайдалануды жүзеге асыратын ұйымда осы жабдықтың өмірлік циклы бойы сақталады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

6-тарау. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту және анықтамасы

169. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға беру кезінде бұйымның қызмет ету мерзімі ПТҚ-ға сәйкес Техникалық жай-күйінің актісінде көрсетіледі, ПТҚ-да әзірлеуші зауыт белгілеген қызмет ету мерзімі болмаған жағдайда, қызмет ету мерзімін пайдаланушы ұйым тағайындайды. ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйі актісі осы Қағидаларға [1-қосымшадғы](#) нысанға сәйкес жасалады.

170. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту жөніндегі жұмысты АА ұйымы бөлімше басшысы тағайындаған комиссия жүргізеді. Комиссия төрағасы болып РТЖБП қызметінің бастығы тағайындалады. Комиссия құрамына осы құралдарды пайдаланушы мамандар кіреді. Оның құрамына әзірлеуші кәсіпорынның өкілдері кіруі мүмкін.

171. Тексеру нәтижелері бойынша жөндеу жүргізу қажеттілігі, көлемі және мерзімдері белгіленеді, жөндеу РТЖБП қызметінің және әзірлеуші кәсіпорынның күшімен жүргізіледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 172-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

172. ҰРТҚ және байланыс құралдарының шекті жай-күйін және қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту уақытының жол берілетін аралығын анықтау осы Қағидалардың [20-қосымшасында](#) көрсетілген азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы бұйымдарының шекті жай-күйін анықтау әдістемесіне сәйкес орындалады.

Пайдалану кезеңінде бұйымның істен шығуы болмаған кезде азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы бұйымдарының шекті жай-күйін

айқындау әдістемесінің есептерін қолданбай бұйымның қызмет ету мерзімін 1 жылға дейін ұзартуға жол беріледі. Мұндай ұзарту бір рет ғана іске асырылады.

ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйін тексеру нәтижесі осы Қағидаларға [19-қосымшада](#) келтірілген нысан бойынша ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйі актісімен ресімделеді.

173. Белгіленген ресурсын өтеген және шекті жай-күйге жеткен ҰРТҚ және байланыс құралдары қызмет ету немесе сақтау мерзімдері өткен соң ұйым төңірімінен есептен шығарылуға тиіс.

7-тарау. Авиациялық электр байланысы

174. Авиациялық электр байланысы - ӘК ұшуын қамтамасыз ету мақсатында электр байланысы желілерінде өзара байланысқан орталықтардың, станциялардың, шеткі құрылғылардың, электр байланысының әр түрлі құралдарының жиынтығы.

175. Авиациялық электр байланысы мынадай негізгі міндеттерді орындау арқылы қамтамасыз етіледі:

1) әуе қозғалысын басқару (бұдан әрі - ӘҚБ) орталықтарының (пункттерінің) әуе кемелері экипаждарына әуе қозғалысының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқауларын, өкімдерін және әр түрлі хабарламаларын беруі және олардан ұшулардың барлық кезеңдерінде мәліметтер мен хабарламалар алуы;

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету, ұшуларды жоспарлау және ұйымдастыру процесінде ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) өзара іс-қимыл жасауы;

3) азаматтық авиация ұйымдары қызметтерінің жедел өзара іс-қимыл жасауы;

4) әкімшілік-басқару және өндірістік ақпарат беру;

5) азаматтық авиацияның әртүрлі автоматтандырылған басқару жүйелерінің деректерін беру.

176. Азаматтық авиацияның авиациялық электр байланысына қойылатын негізгі талаптар:

1) байланыс орнатудың уақтылығы;

2) байланыстың сенімділігі мен үздіксіздігі;

3) ақпарат берудің талап етілетін жылдамдығын қамтамасыз ету;

4) ақпарат берудің талап етілетін растығын қамтамасыз ету;

5) ақпарат беру кезінде қажетті қол жеткізуді шектеуді қамтамасыз ету;

6) жұмыс істеудің тиімділігі және үнемділігі.

1-параграф. Авиациялық электр байланысын ұйымдастыру және оның құрылымы жөніндегі негізгі ережелер

177. Авиациялық электр байланысы үш бөлікке бөлінеді:

1) әуедегі авиациялық электр байланысы;

2) жердегі авиациялық электр байланысы;

3) авиациялық радиохабар тарату.

177. Авиациялық әуе электр байланысы:

1) әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) орталықтарының (пункттерінің) диспетчерлері әуе кемелері экипаждарымен тікелей радиотелефон байланысын жүргізу және рульдеу басталғаннан қонғанға және рульдеу аяқталғанға дейінгі ұшулардың барлық кезеңінде деректер беру үшін;

2) әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) орталықтары (пункттері) ұшып жүрген әуе кемелері экипаждарымен, оның ішінде байланыс операторларының көмегімен радиотелефон байланысын жүргізуі үшін;

3) ӘҚБ орталықтары (пункттері) және авариялық-құтқару қызметтері апатқа ұшырау жағдайындағы немесе апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждарымен байланыс жүргізуі үшін ұйымдастырылады.

179. Жердегі авиациялық электр байланысы:

1) ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) азаматтық авиация ұйымдары қызметтерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

3) азаматтық авиацияның өндірістік-диспетчерлік қызметтері мен әкімшілік-басқару персоналының қызметін ұйымдастыру;

4) азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету;

5) деректер беру үшін ұйымдастырылады.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйырымен 180-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

180. Авиациялық хабар тарату жедел ұшу ақпараттық қызметі (OFIS) кезінде ұшу кезінде ӘК экипаждарын хабардар ету.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырымен 180-1 және 180-2-тармақтарымен толықтырылды (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (

180-1. Өте жоғары жиілік диапазонындағы сандық байланыс желісі (ӨЖЖ) (VDL) 2 режимі және VDL режимі 4 деректерді беруді қамтамасыз етеді. 3 режиміндегі VDL сөйлеу байланысы мен деректерді беруді қамтамасыз етеді. Деректерді беру желісі авиациялық электр байланысы (ATN) желісінің жылжымалы ішкі желісі болып табылады. Сонымен қатар, ИМ ФЕТ-ке байланысты емес функцияларды да қамтамасыз ете алады. VDL туралы қосымша мәліметтер 2-режим, 3-режим және 4-режимдегі (ИКАО Doc 9776, 9805 және 9816) ӨЖЖ-ға қойылатын техникалық талаптар жөніндегі нұсқаулықтарда қамтылған.

180-2. VDL жүйесі әуе кемесі мен жер үсті жүйесі арасындағы сенімді байланыс жолын орнатады және қамтамасыз етеді, бұл ретте адамның араласуына жол берілмейді, бірақ талап етілмейді.

2-параграф. Авиациялық электр байланысы станцияларының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жалпы талаптар

181. Авиациялық электр байланысы станциясы (бұдан әрі-Станция) жұмысының уақытын (сағатын) Станцияның қарамағына қарайтын ұйымның басшысы белгілейді.

182. Ұшулардың аэронавигациялық ақпарат жинақтарында АІР авиациялық электр байланысы станцияларының жұмыс режимі көрсетіледі.

183. Егер станцияның жұмыс уақыты регламенттік, сынақтық жұмыстарды жүргізуге, аппаратураны алмастыруға, әуежайдың жұмыс уақытының (жұмыс режимінің) өзгеруіне байланысты қалыптасқан режимнен өзгерсе, онда АІР белгіленген тәртіпте өзгерістер енгізіледі және өзгертілген жұмыс уақыты басталғанға дейін 7 тәуліктен кешіктірмей NOTAM хабарламалары таратылады.

184. Станцияның жұмысын ұзарту ұшулар жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажетті трафикпен негізделеді.

185. Жұмысты тоқтату алдында станция ол туралы тікелей байланыстағы барлық басқа станцияларды хабардар етеді, жұмыс сағатын ұзартудың қажет еместігін нақтылайды, егер әдеттегі жұмыстың басталуынан ерекшелігі болса, жұмысты қайта бастау уақыты туралы хабарлайды.

186. Станция желі құрамында тұрақты жұмыс істеген жағдайда жалпы тізбек бойынша қабылдау мен беруді қамтамасыз ете отырып, ол өзінің жұмысты тоқтату туралы ниетін, не бас станцияға, егер ондай болған жағдайда, не осы желі ішіндегі барлық басқа станцияларға хабарлайды. Станция кезекшілікті екі минут бойы жалғастырады, ал кейін егер осы кезең ішінде ол шақыру алмаса, жұмысты тоқтатуы мүмкін.

187. Тәулік бойы жұмыс істемейтін, апат, пұғыл жағдайларда, заңсыз араласу немесе тосқауыл жасау жағдайында іске қосылған немесе іске қосылуы мүмкін станциялар байланыс құралдарымен қажетті қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз жұмысының әдеттегі сағатын ұзартыды.

188. Әрбір Станция өз жұмысын осы Қағидаларда жазылған ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

189. Авиациялық электр байланысы станцияларының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жалпы талаптарды бұзушылықтар мүдделі тараптар арасында хат жазысу немесе жеке сөйлесулер арқылы шешіледі.

190. Барлық станциялар дүниежүзілік үйлестірілген уақытты (бұдан әрі - UTC) пайдаланады. Тәуліктің соңы болып сағат 24.00, ал басталуы болып сағат 00.00. саналады. Жергілікті уақыт ретінде Қазақстан Республикасының үйлестірілген уақытының UTC (KZ) Ұлттық шкаласы уақыты пайдаланылады.

3-параграф. Авиациялық әуе электр байланысына қойылатын жалпы талаптар

191. Авиациялық әуе электр байланысы:

1) әуе кемелерінің экипаждарымен ұшқаннан қонғанға дейінгі бүкіл ұшу бойына қозғалыс қызметі диспетчерлерінің радиотелефондық байланысты тікелей үздіксіз жүргізуін;

2) байланыс операторлары арқылы ұшудағы әуе кемелерінің экипаждарымен қозғалыс қызметі диспетчерлерінің радиотелефондық байланыс жүргізуін;

3) қозғалыс қызметінің диспетчерлік пункттері, байланыс операторлары және әуе кемелерінің экипаждары арасында хабарламалар алмасуға тұрақты дайындықты;

4) жоғары сапалы байланысты;

5) іздеусіз және баптаусыз байланысты;

6) әуе кемелерінің экипаждарына хабарламаларды айналмалы беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

ҰРТҚ алыстағы және мобильді позициясындағы, тікұшақ айлақтарындағы, әуе айлақтардағы авиациялық әуе электр байланысына қойылатын техникалық талаптары осы Қағидалардың [21-қосымшасына](#) сәйкес Радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптарында көрсетілген.

192. Авиациялық әуе электр байланысы Қазақстан Республикасының әуе қозғалысына қызмет көрсетудің қабылданған қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылады.

193. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын әрбір ұйымда әуе қозғалысын ұйымдастырудың қабылданған құрылымы негізінде авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру схемасы әзірленеді.

194. Авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру үшін ӨЖЖ, ЖЖ диапазондардағы радиобайланыс құралдары пайдаланылады. ЖЖ диапазонының құралдары әуе кемелерінің экипаждарымен алыс байланысты және ӨЖЖ радиобайланысы жоқ ұшу учаскелеріндегі байланысты қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

195. Әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметінің әрбір диспетчерлік пунктінде авиациялық әуе электр байланысы құралдарының болуы, олардың радиоәлсіздіктері, жұмыс режимі Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында (AIP) немесе әуеайлақтар ауданында ұшуларды орындау жөніндегі нұсқаулықта келтіріледі.

196. Авиациялық әуе электр байланысы жоғары сенімділікке ие болуға тиіс. Байланыс жоғалған кезде оны қалпына келтіру бойынша мүмкін болатын барлық шаралар шұғыл қолданылады.

197. Авиациялық әуе электр байланысының сенімділігін арттыру үшін радиостанция желісінің электр байланысы осы Қағидалардың [70-72 тармақтарына](#) сәйкес резервтеледі.

198. Хабарламаларды беру үшін жердегі электр байланысын пайдалануға болатын жағдайларда, оларды авиациялық әуе электр байланысының жиіліктерінде беру жүргізілмейді.

199. Авиациялық станцияны бір уақытта бірнеше борттық станция шақырған жағдайда, әуе кемелерімен байланысты белгілеу тәртібіне қатысты шешімді авиациялық тіркелген станция қабылдайды.

200. Қажет болған жағдайда әуе кемелерімен радиобайланыстың қашықтығын және үздіксіздігін арттыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жүргізіледі. Мұндай іс-шаралар:

1) ұшу трассаларына шығарылған ӨЖЖ диапазонының қайта таратқыштарын ұйымдастыру;

2) төңіректегі биіктіктерді және биік құрылыстарды оларға ӨЖЖ диапазонының радиобайланыс құралдарын орналастыру үшін пайдалану;

3) жоғары қуатты ӨЖЖ диапазонының радиобайланыс құралдары мен және арнайы антенналық жүйелерді қолдану;

4) пайдалануға жаңа радиобайланыс және спутниктік байланыс құралдарын енгізу;

5) ӨЖЖ арналары істен шыққан (олар болмаған) немесе радиобайланыстың үздіксіздігі бұзылған кезде диспетчерлердің нұсқауларын және экипаждардың хабарламаларын беру үшін ЖЖ арналарды ұйымдастыру болуы мүмкін.

201. Авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастырған кезде:

1) қолданылатын радиоқұралдардың тактикалық-техникалық мүмкіндігін;

2) қолданылатын радиотехникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін;

3) радиожиіліктерді іріктеуді;

4) радиотолқындардың өту жағдайын, атмосфералық, өнеркәсіптік және басқа да электрлік кедергілерді, авиациялық әуе электр байланысын оның жұмысы процесінде жетілдіру жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды жүргізу мүмкіндіктерін ескеру қажет.

202. ӨЖЖ арналған авиациялық әуе радиобайланысын ұйымдастырудың үлгілік схемалары осы Қағидалардың [22-қосымшасындағы](#) авиациялық электр байланысын ұйымдастырудың үлгілік сұлбаларында келтірілген.

4-параграф. Авиациялық әуе электр байланысы өңдейтін хабарламалар

203. Авиациялық әуе электр байланысы өңдейтін хабарламалар санаты және байланысты белгілеу кезектілігі мен хабарларды беру тәртібі осы Қағидалардың [23-қосымшасында](#) көрсетілген хабарландыру санаты және кезектілік тәртібімен айқындалған.

204. Шұғыл хабарламалар - әуе кемесінің немесе басқа да көлік құралының немесе борттағы не оның шегінде көрінетін, бірақ жедел көмек талап етпейтін, қандай да бір адамның қауіпсіздігіне жататын хабарламалар.

205. Ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарламалар:

1) қозғалыс пен басқаруға қатысты хабарламаларды;

2) ұшу-пайдалану агенттігі немесе ӨК бортында жасалған және ұшудағы әуе кемесіне немесе ұшуға дайындалған ӨК тікелей қатысы бар хабарламаларды;

3) ұшудағы немесе ұшуға дайындалған әуе кемесіне тікелей қатысы бар (жеке берілетін немесе радиохабар таратуға арналған) метеорологиялық ақпаратты;

4) ұшудағы немесе ұшуға дайындалған ӨК қатысы бар басқа да хабарламаларды қамтиды.

206. Метеорологиялық хабарламалар - осы Қағидалардың [205-тармағының 3\) тармақшасында](#) көрсетілген ақпаратты қоспағанда, ӨК бортына немесе бортынан берілетін метеорологиялық ақпарат.

207. Ұшу тұрақтылығына қатысты хабарламалар:

1) әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызы зор құралдарды пайдалануға немесе техникалық қызмет көрсетуге қатысты хабарламаларды;

2) әуе кемелеріне қызмет көрсетуге қатысты хабарламаларды;

3) ұшу-пайдалану агенттіктерінің өкілдері беретін және әдеттегі кестеден ауытқуларға байланысты туындаған, жолаушыларға, экипажға және жүктерге байланысты қажеттіліктердің өзгерістеріне қатысты нұсқауларды;

4) жоспарланбаған қонуға қатысты хабарламаларды;

5) әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету үшін шұғыл қажет бөлшектер мен материалдарға қатысты хабарламаларды;

6) ұшуларды орындау кестелеріндегі өзгерістерге қатысты хабарламаларды қамтиды.

5-параграф. Авиациялық әуе электр байланысының радиожелілерін ұйымдастыру

208. Авиациялық әуедегі электр байланысы әуе кеңістігінің құрылымына сәйкес және ӨҚҰ жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

209. Әуе кеңістігінің құрылымына, әуе қозғалысына қызмет көрсету түрлеріне байланысты әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету ӨЖЖ және (немесе) ЖЖ диапазондарының радиобайланыс құралдарымен жүзеге асырылады.

210. ӨЖЖ және байланысты қамтамасыз ету үшін мынадай радиожелілер ұйымдастырылады:

- 1) ӨЖЖ диапазонында (қажет болғанда (ӨЖЖ өрісімен жабылмаған кезде) ЖЖ диапазонында) секторлардың саны бойынша аудандық диспетчерлік орталық үшін;
 - 2) ӨЖЖ және ЖЖ диапазондарында ұшу ақпаратының орталықтары үшін;
 - 3) ӨЖЖ диапазонында әуеайлақтық диспетчерлік пункттері үшін;
 - 4) ӨЖЖ диапазонында авариялық құтқару байланысы.
211. ӨК экипаждары мен әуежайлар, авиакомпаниялар, авиациялық техникалық орталықтар арасындағы байланыс үшін ӨЖЖ диапазонында коммерциялық ақпаратты беруге арналған радиоарналар ұйымдастырылады.
212. ӨҚҚ және байланысты қамтамасыз ету үшін электр байланысының қолданыстағы желілері арналары пайдаланылады. Қажет болғанда, стационарлық байланыс желілері болмаған кезде және/немесе жабдықтарды резервтеу мақсатында электр байланысының жекеленген желілері (арналары), оның ішінде тұрақты немесе уақытша (жылжымалы) байланыс тораптарын құру, сондай-ақ басқа ведомстволардың, заңды және жеке адамдардың арналарын келісім бойынша пайдалану жолымен ұйымдастырылады.

6-параграф. Авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына арналған авариялық электр байланысы

213. Авариялық радиожелілер әуе трассаларында және әуеайлақтардың аудандарында немесе ӨҚҰ қызметі, ОрВД анықтайтын кез келген басқа диспетчерлік пунктте ӨҚҚ қамтамасыз ететін диспетчерлік пункттер үшін ұйымдастырылады.
214. ӨҚҚ қызметінің диспетчерлік пункттері авариялық радиожелілерді үздіксіз тыңдауды және ӨК экипаждарымен байланыс жүргізуді қамтамасыз ететін құралдармен жабдықталады.
215. Авариялық радиожелілер олар ұйымдастырылған диспетчерлер пункттерінің жұмысы анықтайтын уақыт ішінде жұмыс істейді.
- ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 216-тармақ жаңа редакцияда (2024 жс. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
216. Төтенше жағдай арнасы (121,500 МГц) Тек төменде келтірілген Төтенше жағдайлар үшін қолданылады:
- 1) апатқа ұшыраған немесе авариялық жағдайдағы әуе кемелері мен басқа әуе кемелері үшін кәдімгі каналдар пайдаланылатын жердегі станция арасындағы байланыстың еркін арнасын қамтамасыз ету үшін;
 - 2) авариялық жағдай туындаған жағдайда халықаралық әуе қызметтері әдетте пайдаланбайтын әуе кемелері мен әуеайлақтар арасындағы байланыс арнасын қамтамасыз ету үшін;
 - 3) әуе кемелері (азаматтық және әскери) арасындағы, сондай-ақ осы әуе кемелері мен жалпы іздестіру-құтқару операцияларымен айналысатын жердегі қызметтер арасында, қажет болған жағдайда тиісті жиілікке өткенге дейін жалпы ОБЧ-каналда байланысты қамтамасыз ету үшін;
 - 4) борттық жабдықтың істен шығуы нәтижесінде тұрақты арналарды пайдалану мүмкін болмаған жағдайларда «ауа - жер» әуе кемелерімен байланысын қамтамасыз ету үшін;
 - 5) авариялық жетек таратқыштардың (ELT) жұмысы үшін арнаны қамтамасыз ету және апатқа ұшыраған кеме мен іздестіру-құтқару операцияларына тартылған әуе кемесі арасындағы байланыс үшін;
 - 6) азаматтық әуе кемелері мен ұстап қалушы әуе кемелері немесе ұстап қалуды басқару органдары арасындағы және азаматтық немесе ұстап қалушы әуе кемелері мен азаматтық әуе кемесін ұстап алған жағдайда әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары арасындағы байланыс үшін жалпы ОБЧ-арнаны қамтамасыз ету үшін.
217. ӨК арасындағы, сондай-ақ іздестіру-құтқару жұмыстарымен айналысатын ӨК мен жердегі қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін 123,1 МГц жиілігінде қосымша радиожелі ұйымдастырылады. Бұл ретте жеке радиостанция пайдаланылуға тиіс.

7-параграф. Спутниктік электр байланысы

218. Спутниктік электр байланысы ӨҚҰ органдарының, электр байланысы станцияларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, сондай-ақ ӨҚҰ органдарының ӨК байланысын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады.
219. Спутниктік электр байланысы жердегі электр байланысы құралдарын пайдалану қиын немесе мүмкін емес аудандарда пайдаланылады.
220. Спутниктік электр байланысы спутниктік байланыс арналарын жалға алу жолымен ұйымдастырылады.

8-параграф. ӨҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған авиациялық жердегі электр байланысын ұйымдастыру

- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 221-тармақ жаңа редакцияда (2022 жс. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
221. Авиациялық жердегі радиобайланыс желілері (арналары) жердегі электр байланысы желілерін (арналарын) ұйымдастыру мүмкін болмаған кезде ӨҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін және қажет болғанда электр байланысының жердегі желілерін (арналарын) резервтеу үшін ұйымдастырылады. Бұл ретте ықтимал байланыс желілерін ұйымдастыруға құжатталған талдау жүргізіледі.
222. ЖЖ радиобайланыстың құрылымын (басты радиостанцияларын көрсету арқылы), радиожелі корреспонденттерінің құрамын АА ұйымы анықтайды.
223. ӨҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған сөйлесу (телефондық) байланысының арналары ӨҚҰ органдарындағы диспетчерлердің жұмыс орындарына жедел байланыс аппаратурасын орната отырып, тікелей немесе коммутацияланатын қосылу қағидаты бойынша ұйымдастырылады.
224. Сөйлесу байланысының коммутацияланатын арналары ӨҚҚА өзара іс-қимылы үшін ӨҚҚ қызметінің келісімі бойынша қолданылады.
- ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 225-тармақ жаңа редакцияда (2022 жс. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)*
225. Сөйлесу байланысының арналары ретінде тоналдық жиіліктің байланыс арналары пайдаланылады. Тоналдық жиіліктің байланыс арналарын пайдалану мүмкіндігі жоқ бағыттарда радиорелейлік арналар, ЖЖ радиобайланыс арналары (желілері), спутниктік байланыс арналары, деректерді беру желілері және ұзыл байланысты қоса алғанда, басқа да байланыс жүйелері ұйымдастырылады.
226. Сөйлесу байланысының арналары авиациялық электр байланысын ұйымдастыру схемаларына сәйкес ұйымдастырылады.
227. Авиациялық жердегі электр байланысын ұйымдастырудың үлгілік схемалары осы Қағидалардың [22-қосымшасында](#) берілген.

9-параграф. Әуежайшілік электр байланысы

228. Әуежайшілік электр байланысы ӨҚҰ органдарының, әуежай және авиакомпаниялар қызметтерінің өндірістік қызметін және олардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған.
229. Әуежайшілік электр байланысының желілері жердегі жылжымалы станциялары бар радиобайланыс желілерін қоса алғанда, электр байланысы мен деректерді беру құралдарын пайдалана отырып, АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекіткен схемалар бойынша және әуеайлақ аумағындағы электромагниттік үйлесімділіктің талаптарын ескере отырып ұйымдастырылады.
230. Әуежайшілік электр байланысы:
- 1) әуе кемелерінің рейстерін жоспарлау, дайындау және қызмет көрсету, тасымалдарды ұйымдастыру және жолаушылар мен жүктерге қызмет көрсету процесінде ӨҚҰ органдарының, әуежайлар мен авиакомпаниялар қызметтерінің қызметін жедел басқару мүмкіндігін;
 - 2) ӨҚҰ органдары мен әуежай қызметтерінің өзара іс-қимылын;
 - 3) әуе көлігінің көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын кәсіпорындардың, жолаушылардың және басқа адамдардың қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз

етеді.

231. Жалпы пайдалану желілеріне қосылу тәртібі, жалпы пайдалану желілерінің трафигін реттеу тәртібі және ведомстволық желілер мен жалпы пайдалану желілері арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі байланыс саласындағы заңнамамен реттеледі.

232. Азаматтық авиация ұйымдарының жылжымалы жердегі станцияларымен технологиялық радиобайланысы ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын қызметкерлермен және көлік құралдарымен, маневр жасау алаңындағы көлік құралдарымен жедел байланысты қамтамасыз етуге арналған қуаты аз (5 Ваттқа дейін) ӨЖЖ диапазонының стационарлық, ұтқыр және тасымалданатын радиостанцияларының көмегімен ұйымдастырылады.

233. Әуежайшілік радиобайланыс АА қызметтерінің жұмыс технологиясына сәйкес ұйымдастырылады.

234. Радиобайланысты ұйымдастыру схемасын, радиостанциялардың саны мен нысанның АА ұйымының (бөлімшенің) басшысы анықтайды.

235. Әуежайдың, авиакомпанияның әрбір қызметі үшін тиісті шақыру белгілері бар жеке радиожелі (радиобағыт) ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда бірнеше желілерді жеке шақыру белгілерімен бір желіге біріктіруге рұқсат беріледі.

236. Әрбір ұйымда әуежайшілік радиобайланыстың жалпы схемасы онда барлық радио желілерді (радиобағыттарды) бейнелей, радиостанциялардың үлгілерін, олардың жиіліктері мен орнатылған шақыру белгілерін көрсете отырып схемасы әзірленеді.

237. Әуежайшілік радиобайланысты жүргізу осы Қағидалардың талаптарына, АА байланыс желілері бойынша ашық беруге рұқсат етілген мәліметтер тізбесіне сәйкес, маневр жасау алаңында көлік құралдарын пайдаланған кезде - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығымен бекітілген Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларының (бұдан әрі - Радиоалмасу фразеологиясының қағидалары) (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6635 болып тіркелді) ерекшеліктерін ескере отырып орындалады.

238. Рұқсат етілмеген жиіліктерде және бекітілмеген шақыру белгілеріндегі жұмысқа тыйым салынады.

239. Технологиялық, іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге, табиғи апатты жоюға, РТЖБП қызметінің объектілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты ерекше жағдайларды қоспағанда, тасымалданатын радиостанциялар АА ұйымының аумағынан шығарылмайды.

240. Радиостанцияларды техникалық пайдалану, оларды жөндеу, жұмыс істеу қабілетін тексеру, беру және алу, сақтау, жұмысын есепке алу, қызметтер қызметкерлерінің радиостанцияларда жұмыс істеуге рұқсат алу және олардың жұмысын бақылау тәртібін осы желіні пайдаланушы ұйым әзірлейді.

10-параграф. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған электр байланысы

241. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған электр байланысы:

1) Қазақстан Республикасы мен шетел елдерінің өзара әрекет ететін ӨҚҰ орталықтарын (пункттерін) сөйлеу байланысымен қамтамасыз ету;

2) аэронавигациялық ақпараттарды және ұшуларды жоспарлау мен әуе кемелерінің қозғалысы жөніндегі ақпаратты, оның ішінде әуе кемелерінің экипаждарына беруді қамтамасыз ету;

3) деректерді беру;

4) метеорологиялық ақпаратты беру мақсатында ұйымдастырылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 241-1, - 241-2, 241-3, 241-4, 241-5, 241-6 және 241-7 тармақтарымен толықтырылды; ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 241-1-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

241-1. АТН авиациялық электр байланысының желісі әуе қозғалысына қызмет көрсетумен айналысатын ұйымдардың және ӨК-ні пайдаланатын агенттіктердің өзекті хабарламалары мен деректерін беру үшін арнайы және айрықша негізде байланыс қызметін ұсынуға арналған:

1) әуе қозғалысына қызмет көрсету мақсатында ӨК байланыс (АТSC);

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету мақсатында ӨҚҚ органдары арасындағы байланыс;

3) авиациялық жедел бақылау мақсатындағы байланыс (АОС);

4) авиациялық әкімшілік байланыс (ААС).

241-2. АТН авиациялық электр байланысының желісі «ауа - жер» байланысын қолданудың мынадай бір немесе бірнеше түрін қамтамасыз етеді:

1) шартты автоматты тәуелді бақылау (ADS-C),

2) «диспетчер - пилот» байланысы ӨЖЖ - цифрлық байланыс желісі (VDL) бойынша деректерді беру желісі бойынша (CPDLC)),

3) ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (FIS).

241-3. АТН авиациялық электр байланысының желісі «жер - жер» байланысын қолданудың мынадай түрлерін қамтамасыз етеді:

1) ӨҚҚ органдары арасында деректер алмасу (AIDC),

2) «ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу қызметі» (АТSMHS) қолдану түрі.

241-4. АТН белгіленген байланыс сипаттамаларына (RCP) сәйкес байланысты қамтамасыз етеді. RCP байланыс сипаттамаларын қолдану туралы ақпарат ИКАО Doc 9869 «сипаттамаларға негізделген байланыс және бақылау жөніндегі Нұсқаулық (PBCS)» құжатында бар.

241-5. ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу қызметі (әуе қозғалысына қызмет көрсету) (АТSMHS) шеңберінде қамтамасыз етілетін ӨҚҚ хабарламаларымен алмасу қызметі авиациялық электр байланысы желісінің желіаралық байланыс қызметі (АТН) арқылы пайдаланушылар арасында ӨҚҚ хабарламаларымен алмасу үшін пайдаланылады.

АТSMHS қамтамасыз ететін терминал жүйелерінің жиынтығы жалпы АМHS ретінде белгіленеді.

ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу қызметтерін қамтамасыз ететін АТН соңғы жүйелерінің түрлері:

ӨҚҚ хабарламаларының сервері; пайдаланушының ӨҚҚ хабарламаларының жүйесі;

АFTN/АМHS шлюзі (Авиациялық тіркелген Электр байланысының желісі/ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу жүйесі).

241-6. Авиациялық электр байланысы (АТН) желісінің желіаралық ортасында әуе қозғалысына қызмет көрсетуді пайдаланушылар арасында ӨҚҚ хабарламаларымен алмасу үшін төменде санамаланған жедел қызмет көрсету түрлерін қамтамасыз ету үшін ақпарат алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ӨҚҚ органдары (AIDC) арасындағы деректермен алмасу түрлері пайдаланылады:

1) әуе кемелері туралы хабарлама;

2) ұшуды үйлестіру;

3) басқару мен байланысты беру;

4) ұшуды жоспарлау;

5) әуе кеңістігін ұйымдастыру;

6) әуе қозғалысының ағынын ұйымдастыру.

241-7. АТSMHS ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу қызметтерін, АТН авиациялық электр байланысы желісін және АМHS ӨҚҚ хабарламаларын өңдеу жүйелерін қолдану түрлеріне қатысты техникалық талаптар ИКАО Doc 9896 құжатында, «ИСО/ОСИ стандарттары мен хаттамаларын пайдаланатын авиациялық электр байланысы желісіне (АТН) қойылатын егжей-тегжейлі техникалық талаптар жөніндегі Нұсқаулық» II бөлімінде қамтылған.

ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 242-тармақ жаңа редакцияда (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

242. Қазақстан Республикасы тиісті органдары мен шет елдердің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін ӨҚҚ бойынша Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ретрансляциялау әдістерін пайдалана отырып, жедел тікелей сөйлеу байланысының арналарын және байланыс арналарын қоса алғанда, тікелей сөйлеу байланысының арналары ұйымдастырылады.

243. Радиобайланысты, спутниктік байланысты, жалпы пайдаланудағы телефон желісін қолдана отырып, сөйлеу арнасын ұйымдастырған кезде сөйлеу байланысының осы арналары ӨҚҚ қызметінің келісімімен пайдаланылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 244-тармақ жаңа редакцияда

244. Сөйлеу байланысы арналары үшін резерв ретінде АТН (АМHS/ АFTN), факсимильді байланыс, Интернет және басқа да байланыс жүйелері ұялы байланысты қоса алғанда пайдаланылады. Резервтік байланыс жүйелерін пайдалану кезінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлік қызметтер мен лауазымды тұлғалардың келіссөздерін құжаттау бөлігінде Қағидалардың 18-тармағының талаптарына сәйкестік қамтамасыз етіледі. Ұялы байланысты және ақпаратты құжаттауға арналмаған басқа да жүйелерді пайдалану кезінде құжаттау сапасының белгіленген сәйкестік талаптарына баламалы сәйкестігі қамтамасыз

егіледі.

245. Өзара әрекет ету арналарын ұйымдастыру тәртібі мен оларды пайдалану тәртібін іргелес мемлекеттердің диспетчерлік қызмет көрсететін шектес органдары арасында жасалатын өзара әрекет ету рәсімдері туралы келісім белгілейді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 246-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

246. Аэронавигациялық ақпарат және ұшуды жоспарлау және әуе кемелерінің қозғалысы жөніндегі ақпарат сөйлеу арналары, АТН (АМНС/ АFTN) желісі, Интернет, факсимильді және басқа да байланыс арқылы беріледі.

247. Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің ӨК халықаралық ұшулары үшін қажетті метеоақпаратты беру мен қабылдау МК қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 247-1-тармақпен толықтырылды

247-1. Жедел метеорологиялық арналар мен жедел метеорологиялық байланыс желілерін пайдалану әдістері авиациялық тіркелген электр байланысы желісін (АFTN) немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету хабарламаларын өңдеу жүйесін (АМНС) пайдалану әдістерімен үйлесімді, мұнда «үйлесімді» жедел метеорологиялық арналар бойынша алмасатын ақпараттың АFTN немесе АМНС Авиациялық тіркелген электр байланысы желісі бойынша алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жұмыс режимін білдіреді, АFTN немесе АМНС Авиациялық тіркелген электр байланысы желісінің жұмысына теріс әсер етпей және керісінше.

248. Авиакомпаниялар арасындағы коммерциялық және қызметтік ақпаратпен алмасу АFTN желісінің және халықаралық авиациялық электр байланысы қоғамының деректерін беру желісінің арналары бойынша жүзеге асырылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 249-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

249. Халықаралық желілердің арналарын және электр байланысы жүйелерін (АТН (АМНС/ АFTN), SITA желілері) пайдалану кезінде осы желілер үшін қабылданған электр байланысын орнату және жүргізу қағидалары сақталады.

11-параграф. Авиациялық бекітілген электр байланысының желісі

250. Авиациялық бекітілген электр байланысының желісі осы желі шегінде авиациялық электр байланысы станциялары арасында хабарламалар алмасуға арналған.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 251-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

251. Желі АFTN/АМНС ретрансляторлық станциялар жүйесін пайдалану негізіндегі халықаралық талаптарға сәйкес құрылған. Қазақстан Республикасының АFTN/АМНС желісінде байланысты ұйымдастыру және енгізу тәртібі осы Қағидаларға [24-қосымшада](#) келтірілген АFTN/АМНС желісінде жұмыс істеу технологиясымен айқындалады.

252. Желіде халықаралық трафикке кіру/шығу нүктелері бар. Желі радиалды-торапты схема бойынша ұйымдастырылады және:

- 1) хабарламалар коммутациясының бас орталығынан;
- 2) аймақтардың хабарламалар коммутациясының орталықтарынан;
- 3) аудандардың хабарламалар коммутациясының орталықтарынан;
- 4) хабарлар коммутациясының шеткі орталықтарынан;
- 5) шеткі АFTN станцияларынан тұрады.

Желіні жедел басқаруды ХКБО жүзеге асырады.

253. Желіні ұйымдастыру үшін АА ұйымының меншікті электр байланысының арналары және жалдау құқығындағы байланыс операторларының арналары пайдаланылады.

254. Әрбір байланыс бағытындағы арналардың (телеграфтық немесе деректер беру) түрі және саны арналардың өткізу қабілеті мен айналып өту жолдарын ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып, ақпараттардың көлеміне байланысты есептеу арқылы анықталады.

255. АFTN станциялары арасында арналарды резервілеу үшін барлық байланыс түрлері қолданылады.

12-параграф. Радиобайланыс орнату және жүргізу тәртібі

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 256-тармақ жаңа редакцияда

256. ҰРТҚ және байланыс абоненттері және АА ӨК арасындағы радиобайланыс осы Қағидаларға, сондай-ақ Радиоалмасу фразеологиясының қағидаларының ерекшеліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

ҰРТҚ және байланыс абоненттері және АА ӨК арасындағы радиобайланыс осы Қағидаларға, сондай-ақ Радиоалмасу фразеологиясының қағидаларының ерекшеліктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

АА ұйымында:

- 1) радиобайланыс орнату;
- 2) сөйлеу хабарламаларын беру және қабылдау;
- 3) радиобайланыс арналарында келіссөздер жүргізу;
- 4) сөйлеу хабарламаларын рәсімдеу және радиобайланыс бойынша есепке алу құжаттамасын жүргізу тәртібі айқындалады.

Радиобайланысты жүргізу кезінде байланыс операторлары осы Қағидаларға [28-қосымшада](#) келтірілген авиациялық радиобайланыс желісіндегі жұмыс технологиясын басшылыққа алады.

257. Радиобюрода (жеке радиостанцияларда) радиобайланыс орнату және жүргізу үшін радиожелілердің жиіліктерін, шықару белгілерін, жұмыс кестелерін қамтитын радиодеректер ұсынылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 258-тармақ жаңа редакцияда

258. Авиациялық станциялар тиісті уәкілетті органмен келісілген тәртіпке сәйкес тиісті органдардың жұмыс сағаттарында жиіліктерді тыңдауды жүзеге асырады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 258-1-тармақпен толықтырылды

258-1. Авиациялық радиобайланыс желісіндегі жұмыс технологиясы осы Қағидаларға [28-қосымшада](#) жазылған.

13-параграф. Авиациялық радиохабар тарату

259. ӨК экипаждарына метеорологиялық және ұшу ақпаратын беруді қамтамасыз ету үшін арнайы радиохабар тарату желілері ұйымдастырылады.

260. Әуеайлақ ауданында ӨК экипаждарын ұшу және метеорологиялық ақпаратпен жедел қамтамасыз ету үшін АТІS радиохабарларын тарату желілері ұйымдастырылады, олардың мазмұны Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету нұсқаулығымен және Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларымен айқындалады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 260-1-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)

260-1. D-АТІS қолданыстағы қолда бар сөйлеу АТІS-ті толықтырған жағдайларда деректер блогындағы мәліметтер мазмұны мен форматы бойынша қолданылатын сөйлеу АТІS радиохабарларын тарату хабарларына ұқсас болады. D-АТІS-ке жататын нұсқаулық материал әуе қозғалысына қызмет көрсету мақсатында деректерді беру желілерін қолдану жөніндегі нұсқаулықта келтіріледі (ICAO Doc 9694). D-АТІS-ті қолдануға қойылатын техникалық талаптар ИКАО-

ның 10-қосымшасының III томы I бөлігінің 3-тарауында қамтылады.

261. Ұшудағы ӘК экипаждарын метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін, қажет болғанда, ӘЖЖ немесе ЖЖ диапазондарындағы VOLMET радиохабарларын тарату ұйымдастырылады, олардың мазмұны Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету нұсқаулығымен және Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларымен айқындалады.

262. ЖЖ диапазонындағы VOLMET радиохабарларын тарату ақпаратын сенімді қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында 1500-3000 км шегінде желілер бір уақытта бірнеше жиілікке жұмыс істейді.

263. ӘК экипаждары ұшуда радиохабар тарату желілері бойынша ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағын (AIP) басшылыққа алады.

264. Радиохабар тарату материалдарының мәтіндерін әзірлеуші беруге қажет нысанда дайындайды.

265. Радиохабар таратуды беру белгіленген жиіліктерде және белгіленген уақытта жүргізіледі. Барлық радиохабар тарату берілімдерінің бағдарламалары мен жиіліктері тиісті құжаттарда жарияланады. Жиіліктердің немесе беру уақытының кез келген өзгерістері NOTAM көмегімен нақтылы өзгерістерге дейін кемінде екі апта бұрын хабарланады. Мұндай кез келген өзгеріс туралы, егер оны жүзеге асыру мүмкін болатын болса, нақты өзгерістерге дейін 48 сағат бұрын барлық тұрақты радиохабар тарату бағдарламаларында хабарланады және мұндай хабарландырулар әрбір радиохабар берілімінің басында бір рет және соңында бір рет беріледі.

266. Бағдарламаларға сәйкес жүргізілетін радиохабарлар тарату берілімі (белгіленген тәртіппен жүргізілетін ұжымдық берілімдерден басқа) бағдарламада белгіленген жалпы шақырылым уақытында басталады. Егер радиохабарлар тарату берілімі кешіктірілсе, белгіленген уақытта қысқа хабарландыру беріледі, онда абоненттерге күту ұсынылады және кешіктіру кезеңінің памасы минуттармен көрсетіледі.

267. Берілімді күту қажеттігі туралы белгілі бір хабарландырудан кейін, радиохабар тарату берілімі аталған күту мерзімі аяқталмайынша біраз уақыт бойы басталмайды.

268. Радиохабар тарату берілімдері бөлінген уақыт шегінде жүргізілген кезде, берілім әрбір станцияда берілім үшін бөлінген кезеңнің соңында барлық материалдардың берілімі бігуіне қарамастан дереу аяқталады.

269. Ұжымдық радиохабар берілімін жүргізу кезінде әрбір станция өз берілімдерін белгіленген уақытта бастайды. Егер қандай да бір себеппен станция белгіленген уақытта өз радиохабар берілімін бастамаса, ол станциядан кейін беруі тиіс станция күтеді және өзінің радиохабар берілімін ол үшін белгіленген уақытта бастайды.

270. Радиохабар берілімін жүргізу үшін жауапты станцияның жұмысында үзіліс болған жағдайда, берілімді алғашқы станцияның жұмысы қалпына келгенше басқа станция жүргізеді.

271. Әрбір радиохабар берілімінің сөзбасы жалпы шақырылымнан, станцияны тағайындаудан және UTC берілім уақытынан құралады. Берілімдер олардың айқындығы қамтамасыз ететін дәрежеде түсінікті, қысқа және нұсқа болады. Радиохабар берілімін жүргізу кезінде сөйлеу жылдамдығы минутына 100 сөзден аспайды.

8-тарау. Ұшуларды қамтамасыз етудің радиотехникалық құралдары

272. I, II, III санатты қонуға дәл кіру ҰҚЖ жабдығы осы Қағидаларға [26-қосымшаға](#) сәйкес радиотехникалық жабдықпен жарақталады. Тікұшақ айлаларының радиотехникалық құралдарына қойылатын талаптар осы Қағидаларға [27-қосымшада](#) берілген.

273. ӘК ұшуын қамтамасыз етудің радиотехникалық құралдары болып:

- 1) аспаптар бойынша қону жүйесі (ILS);
- 2) маркерлік ӘЖЖ радиомаяғы (MPM);
- 3) қашықтық өлшеуіш жабдық (DME);
- 4) жан-жаққа бағытталған ӘЖЖ-радиомаяк (VOR);
- 5) бағытталмаған радиомаяк (NDB), қону жүйесінің жабдығы (ҚЖЖ);
- 6) жаһандық навигациялық спутниктік жүйе (GNSS), жердегі функционалды толықтыру жүйесі (GBAS) табылады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен [273-1-тармақпен толықтырылды](#)

273-1. Радионавигациялық құралдардың ИКАО халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 10-Қосымшаның I бөлімінің 3-тарауында қамтылған осы қағидалар мен стандарттарға кез келген сәйкес еместігі туралы мәліметтер аэронавигациялық ақпарат жинағында (AIP) жарияланады. ILS-пен бірге қолдануға арналған борт жабдығымен толықтай немесе ішінара кешенді қолданыла алатын радионавигациялық құрал орнатылған жағдайда, осылай қолданыла алатын жабдық бөліктерінің толықтай және егжей-тегжейлі сипаттамасы аэронавигациялық ақпарат жинағында (AIP) жарияланады.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен [273-2-тармақпен толықтырылды \(2025 жс. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді\)](#)

273-2. GNSS қолданылуымен PBN-ге негізделген ұшу кезінде талаптарды қолдану жөніндегі ақпарат, сипаттамаларға негізделген навигациялық нұсқаулықтағы (PBN) (Doc 9613) құжатта бар.

ИКАО DOC 9849 «Ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе (GNSS) жөніндегі Нұсқаулық» құжатына сәйкес аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізушінің GNSS жүйелерінің радионавигациялық құралдар ретінде қолдана отырып, қызмет көрсетілетін әуеайлақтарында ӘК қонуға, қонуға және ұшуға кіруді орындау кезінде:

1) ҰПТҚ құралдарын пайдаланатын ұйымда GNSS мониторингінің функциялары (GBAS жүйесін оның техникалық сипаттамаларына сәйкес пайдалану кезінде), GNSS жеткізушілерінің ақпараты, ӘК экипаждарының хабарламаларын қоса алғанда қол жетімді ақпарат көздерінен GNSS жай-күйін бақылау қамтамасыз етіледі;

2) GNSS негізіндегі ұшуды жүргізуге қамтамасыз ету үшін NOTAM шығарылымы қамтамасыз етіледі;

3) GNSS қызмет көрсету үзілістері кезінде салдарларды жұмсарту жөніндегі шаралар көзделетін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде сипаттамаларға негізделген навигацияны (PBN) енгізу жоспары әзірленеді, қажет болған жағдайда қайта қаралады;

4) аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізушінің ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі шеңберінде қауіптер тұрақты негізде бақыланады, тәуекелдер бағаланады және GNSS-тің радио кедергілер мен ғарыштық ауа райы құбылыстарының әсеріне осалдық дәрежесі мүмкіндігінше төмендейді.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен [273-3-тармақпен толықтырылды \(2025 жс. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді\)](#)

273-3. GBAS жүйесін радионавигациялық құрал ретінде қолдана отырып, қызмет көрсетілетін әуеайлақтарда ӘК қонуға кірулерін, қонуларын және ұшуларын орындау кезінде GBAS жүйесінің GNSS деректерін оның техникалық сипаттамаларына сәйкес тіркеуі қамтамасыз етіледі. Тіркелген деректер 14 күнтізбелік күн ішінде сақталады. Тіркелген деректер авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тергеуге жататын жағдайларда олар тергеу кезеңі ішінде сақталады.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен [273-4-тармақпен толықтырылды \(2025 жс. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді\)](#)

273-4. Радионавигациялық құралдар ретінде GNSS жүйелерін қолданған кезде аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілермен қамтамасыз етіледі:

1) GNSS қатысты радиожілік кедергілері туындаған жағдайда төтенше жағдайларда іс-қимыл жоспарының болуы;

2) тиісті жерүсті байланыс инфрақұрылымын синхрондау, навигация және бақылау, әуе қозғалысын құжаттау/ұйымдастыру үшін GNSS-тен тәуелсіз уақыт туралы ақпарат көзінің болуы;

3) GNSS үшін радио кедергілер болған жағдайда навигациялық инфрақұрылымды пайдалану және осыған байланысты әуе қозғалысын кез келген қайта бағыттау үшін аудандар бойынша көршілес елдердің ұшу ақпаратына аэронавигациялық қызмет көрсетуді жеткізушілермен үйлестіру рәсімдері туралы келісімдерде үйлестіру тетіктерінің болуы.

1-параграф. ILS толқындарының метрлік диапазонының қону жүйесі

274. Жердегі жабдықтың құрамына:

- 1) курстық радиомаяқ;
- 2) глиссадты радиомаяқ;
- 3) маркерлік радиомаяқтар, жакын және қашық маркерлік радиомаяқ;

4) қашықтықтан басқару, бақылау және сигналдама жабдығы кіреді.

DME/N қашықтық өлшеуіш жабдығын жақын және/немесе алыс маркерлік радиомаяктардың орнына пайдалануға рұқсат етіледі, осы ретте DME/N қашықтық туралы ақпарат талап етілетін нүктелерде қонуға кіру траекториясы мен DME/N бағыты түзетін 200 аспайтын бұрышқа орнатылады.

II және III санатты қонуға дәл кіру ҰҚЖ қамтитын және ҰҚЖ шегінің алдындағы жердің рельефі күрделі әуеайлақтарда қону жүйесінің құрамына ішкі маркерлік радиомаяқ қосымша кіреді.

Жақын (қашық) маркерлік радиомаяқ қызметіне қарай ICAO терминологиясы бойынша қабылданған орта (сыртқы) маркерлік радиомаяққа ұқсас.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйырығымен 274-1 - 274-2 -тармақтармен толықтырылды

274-1. Қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін ILS оның орындалуының белгіленген талаптарына сәйкес оның жұмысының жоғары ықтималдығын қамтамасыз ететіндей етіп жасалған және жұмыс істейді және бұл ықтималдық деңгейі қону минимумының тиісті санатымен үйлесімді болуы керек.

274-2. Егер бір ұшу-қону жолағының қарама-қарсы ұштарына екі бөлек ILS қондырғысы қызмет ететін болса және екі қондырғы да операциялық тұрғыдан зиянды кедергілерді тудыратын болса, бұғаттау тек локализациялаушы жақындау бағытына қызмет ететін сигналдарды беруін қамтамасыз етеді. Таратқыш локализатордан жоғары биіктікте ұшқанда, ILS әуедегі қабылдағыштарда кедергілер пайда болуы мүмкін, мұндай кедергілер белгілі бір жағдайларда пайда болған кезде ғана, мысалы, ұшу-қону жолағында көрнекі белгілер болмаған кезде немесе автопилот іске қосылған кезде, кедергілер операциялық зиянды болып саналады. Кедергілер басқа локализаторлардың бір ұшу-қону жолағының қарама-қарсы ұштарына қызмет етпеуінен де туындауы мүмкін (мысалы, қиылысатын, параллель немесе іргелес ҰҚЖ). Бұл жағдайларда сіз кедергілерді болдырмау үшін бұғаттауды қолдану туралы ойлануыңыз керек. Құлыптау аппараттық, бағдарламалық жасақтамамен немесе баламалы процедуралық шаралармен қамтамасыз етіледі.

275. КРМ антеннасы ҰҚЖ осьтік сызығының бойына орнатылады, КРМ антеннасын ҰҚЖ осьтік сызығының бойынан бүйірлік ығысуға рұқсат етілмейді.

276. ГРМ антеннасынан ҰҚЖ шегіне дейінгі арақашықтық талап етілетін тіреу нүктесінің биіктігі қамтылатындай етіп орналастырылады.

277. Жақын маркерлік радиомаяқ көру мүмкіншілігі нашар жағдайларда ӘК экипажын қонуға кіру үшін көзбен шолу құралдарды қолдануды бастау таяу қалғандығы туралы ақпаратпен қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады.

Жақын маркерлік радиомаяқтың антеннасы ҰҚЖ шегінен ҰҚЖ осьтік сызығының бойына ӘК қонуға кіретін жағынан 850-1200 м қашықтықта орналасады. Антеннаның ҰҚЖ осьтік сызығының бойынан ± 75 м артық емес ығысуына рұқсат беріледі.

278. Қашық маркерлік радиомаяқ ӘК экипажына ұшу биіктігін, ҰҚЖ-дан қашықтауды және жабдықтың қонуға кірудің соңғы кезеңінде жұмыс істеуін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады.

Қашық маркерлік радиомаяқтың антеннасы ӘК қонуға кіретін жақтан ҰҚЖ осьтік сызығының бойына ҰҚЖ шегінен 3800-7000 м қашықтықта орналастырылады. Антеннаның ҰҚЖ осьтік сызығының бойынан ± 75 м артық емес ығысуына рұқсат беріледі.

279. Ішкі маркерлік радиомаяқ ӘК экипажына көру мүмкіншілігі нашар жағдайларда ҰҚЖ шегіне таяу екендігі туралы ақпаратпен қамтамасыз ететіндей етіп орналастырылады.

Ішкі маркерлік радиомаяқ ӘК қонуға кіретін жақтан ҰҚЖ осьтік сызығының бойына ҰҚЖ шегінен 75-450 м қашықтықта орналастырылады. Антеннаның ҰҚЖ осьтік сызығының бойынан ± 30 м артық емес ығысуына рұқсат беріледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырығымен 280-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

280. ILS құрстық және глиссадалық радиомаяктарының функциялары ILS бір жиілікті немесе екі жиілікті жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

281. Глиссаданың көлбеу номиналды бұрышы 3° орналасады. Әуежайдың орналасуына қарай глиссаданың көлбеу бұрышын $2,5-4^\circ$ шамасында орналастыруға рұқсат беріледі. 3° үлкен бұрыш айналадағы жағдайлар 3° -қа тең бұрышты орнату мүмкіндігін алып тастаған жағдайда ғана орнатуға болады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын глиссаданың көлбеу бұрышы Θ әрпімен белгіленеді. ILS қону жүйесінің тіреу нүктесінің биіктігі ҰҚЖ шегіндегі I, II, III санаттар бойынша 15 м құрайды, осы ретте $+3$ м дейін рұқсат етіледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырығымен 282-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

282. ILS КРМ үшін сыни және сезімтал аумақтар үшін өлшемдер анықталады.

ILS КРМ сындарлы және сезімтал аймақтарының конфигурациясы мен өлшемдері ILS жабдығының нақты түрін әзірлеушінің талаптарына сәйкес жобалау құжаттамасымен немесе ИКАО Конвенциясына 10-қосымшаның С толықтыруында, ICAO EUR DOC 013 «European Guidance Material on All Weather Operations : Aerodromes», ICAO EUR DOC 015 «European Guidance Material on Managing Building Restricted Areas» құжатында келтірілген сезімтал аймақтардың сындарлы инфрақұрылымы анықталау, қорғаудың пайдалану қағидалары бойынша нұсқаулық материалға сәйкес анықталады.

283. III санатты қонуға дәл кіру ҰҚЖ-да (бағыттарда) ILS маяғының алыс өрісін бақылау жабдығы орнатылуға тиіс.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырығымен 283-1, 283-2, 283-3, 283-4 және 283-5-тармақтарымен толықтырылды (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)

283-1. ILS КРМ алыс алаңын бақылау жабдығы (ИКАО терминологиясына сәйкес-ILS КРМ (ПКДП) алыс алаңын бақылау аспабы I және II санаттағы II ұшулары мен жүйелеріне арналған бақылау жүйесінің бағалы толықтыруы болып табылады.

283-2. Алыс алаңды басқару құралдары курстың туралануын тексеруге арналған және оны курстан ауытқуға сезімталдықты бақылау үшін де қолдануға болады. Алыс алаңды бақылау аспабы біріктірілген бақылау аспаптары мен жақын алаңды бақылау аппаратурасына тәуелсіз жұмыс істейді. Бұл құрылғының негізгі міндеті-курстық радиомаяқты орнату кезінде қателіктердің пайда болу қаупін немесе жақын өрісті басқару құралы мен біріктірілген басқару құралдарының істен шығуын болдырмау. Алыс алаңды бақылау жүйесін пайдалану біріктірілген бақылау жүйесінің сәуле шығаратын элементтердің физикалық өзгерістерінің әсеріне немесе жердің шағылысу қабілетін сипаттайтын параметрлердің ауытқуына, ҰҚЖ аймағында пайда болатын, жақын өрісті бақылау аспаптары мен біріктірілген бақылау аспаптарының көмегімен бекіту мүмкін болмайтын шағылысулар мен бұзылулардың әсеріне жауап беру қабілетін, сондай-ақ жүйенің көмегімен бақыланатын радио кедергілердің пайда болуын арттырады қонуға кіру траекториясының астында орнатылған алыс алаңды бақылау.

283-3. Қашықтағы өрісті басқарудың типтік құралы антеннадан, ӘЖЖ қабылдағыштан және РГМ мәні, жалпы модуляция және радиожиилік сигналының деңгейі туралы ақпарат беруді қамтамасыз ететін байланысты басқару элементтерінен тұрады. Жағымсыз кедергілерді азайту үшін кедергілердің ұшып өтуін нормалау талаптарына жауап беретін ең жоғары биіктікте орналасқан бағытталған үлгідегі қабылдағыш антенна қолданылады. Бағыт сызығын бақылау үшін антенна ҰҚЖ-ның осьтік желісінің жалғасына орнатылады. Ығысуға сезімталдықты бақылау мақсатында қосымша қабылдағыш және тиісінше ҰҚЖ осьтік желісінің жалғасының бір жағында орналасқан антеннасы бар бақылау аспабы орнатылуы мүмкін.

283-4. Алыс өрісті басқару құралы қосымша қолданылады:

1) қашықтықта курс сызығын және (немесе) алыс алаңды бақылаудың тасымалды аспабының орнына курстың ауытқуына сезімталдық сипаттамаларын техникалық қамтамасыз ету құралы ретінде тексеру;

2) алыс өріс сигналының сапасы және сигналдың бұрмалану шамасы туралы мәліметтер бере отырып, алыс өріс сигналының сипаттамаларын тұрақты тіркеуді қамтамасыз ету үшін.

283-5. Сипаттамалардың нашарлауы туралы алыс өрісті бақылау аспабының жалған индикациясының пайда болу жағдайларын қысқарту әдістері мыналарды көздейді:

1) 30-дан 240 с-қа дейінгі шекте реттелетін уақытша кідірту құрылғысының жүйесіне қосу;

2) беру кедергілерімен бұрмаланбайтын осындай ақпаратты ғана басқару жүйесіне беруге мүмкіндік беретін растау әдісін пайдалану;

3) төмен жиілікті сүзуді қолдану.

284. Алыс өрісті бақылау аппаратурасы әуеайлақ аумағына орналастырылады және біріктірілген бақылау аспаптары мен жақын өрісті бақылау аппаратурасына тәуелсіз жұмыс істейді.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырығымен 285-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

285. Алыс өрісті бақылау аппаратурасы басқару пунктінде курстық радиомаяқ сигналының бұрмалануы туралы сигналдама беруді және модуляция тереңдігі айырымының және модуляцияның жиынтық тереңдігінің шамалары туралы, III санаттағы қонуға дәлме-дәл кіру ҰҚЖ-да (бағытында) радиожиилік сигналының теңдей туралы ақпаратты беруді қамтамасыз етеді. Басқару пункті - ӘҚҚ диспетчері мен объекті техникалық персоналының тиісті жұмыс орны, сигналдың бұрмалануы - КРМ курс сызығы жағдайының өзгеруі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйырығымен 286-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

286. GPM ILS үшін сыни және сезімтал аймақтардың өлшемдері белгіленеді.

GPM ILS сындарлы және сезімтал аймақтарының конфигурациясы мен өлшемдері ILS жабдығының нақты түрін әзірлеушінің талаптарына, жобалау құжаттамасына сәйкес немесе ИКАО Конвенциясына 10-қосымшаның С толықтыруында, ICAO EUR DOC 013 «European Guidance Material on All Weather Operations at Aerodromes», ICAO EUR DOC 015 «European Guidance Material on Managing Building Restricted Areas» құжатында келтірілген сезімтал аймақтарды сындарлы инфрақұрылымы айқындаудың, қорғаудың пайдалану қағидалары бойынша нұсқаулық материалға сәйкес айқындалады.

287. Егер KPM және GPM радиомаяктарының шығу параметрлеріне әсер етпеген жағдайда, әуеайлақтағы жергілікті жағдайға байланысты ILS отырғызу жүйесіндегі сыни аумақ өлшемдерінің азайып, конфигурацияның өзгеруіне жол беріледі.

Қону жүйесінің сыни аумақтарының (немесе қондырғы жасаушысының талаптарына бойынша сезімталдығы) рулеждік жолмен (РЖ) қиылысуы ӘК күту орындарын маркерлеген кезде ескеріледі.

Қону жүйесінің сыни аймақтарының (немесе қондырғы жасаушысының талаптарына бойынша сезімталдығы) ішкі әуеайлақтық жолдардың қиылысу орындарында «Токтаусыз жол жүруге рұқсат етілмейді» жол белгілері және «PMS аймағы. Диспетчердің рұқсатынсыз жол жүруге болмайды» атты қалқандар орналасқан.

288. KPM және GPM жүйелерінде ILS, сонымен қатар MPM немесе DME/N қағидалары бойынша жұмыс жасайтындар осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

GPM қолдану мүмкін болмаған жағдайда, KPM бойынша қонуға дәл кірмеу мүмкіндігін орындауға жол беріледі.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 288-1-тармақпен толықтырылды

288-1. ILS-ті сипаттаудың неғұрлым толық әдісін ұсыну үшін қазіргі таңдағы әуедегі ұшуды басқарудың автоматты жүйелерінің әлеуетті артықшылықтарын пайдалануға арналған тағайындалған әріптер мен сандардың үш конвенциясын қолдана отырып, жетілдірілген жіктеу жүйесі қолданылады. Бұл белгілі бір ILS қолдайтын операциялық әдістерді таңдау үшін оперативті тұрғыдан біту қажет жүйенің операциялық аспектілерінің сипаттамасын ұсынады. Сервистің тұтастығы мен үздіксіздігін есептеу әдістемесі, ILS қону жүйелерінің жіктелуі осы Қағидаларға [31-қосымшада](#) көрсетілген.

2-параграф. Маркерлік радиомаяк (MPM), қашықтық өлшеуіш жабдық (PMD/DME), (DME/N), жан-жаққа бағытталған азимутты ӨЖЖ радиомаяк (PMD/VOR)

289. Қосымша маркерлі радиомаяқтың әсер ету аумағы 600 м кем емес, соның өзінде қосымша MPM және қашықтағы MPM әсер ету аймақтары пайдалану биіктігінде беттеспеуі керек.

290. Қосымша MPM танып біту сигналдары ILS немесе ҚЖЖ құрамына кіретін MPM танып біту сигналдарынан жақсы болуы қажет, және минутына 6-10 жұп импульстер берілетін жылдамдықтағы нүкте мен сызықшаны қамтуы керек.

291. 289 және 290 тараулардан бөлек MPM техникалық параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

292. DME жерүсті жабдықтары ӘК бортындағы көлбеу қашықтықты DME-ден ӘК дейінгі қондыру нүктесін анықтау үшін сигналдарды қабылдау және сәулелендіруді қамтамасыз етеді.

293. DME тану сигналдарын береді - Морзе халықаралық кодымен танбып біту импульстерді келесі тәсілдермен береді:

1) «әуелсіз» таныту;

2) VOR немесе ILS радиомаяктарымен өзара әрекеттесетін DME қолданылуы керек «өзара әрекеттесуші» таныту.

294. DME-нің VOR-мен әрекеттесуі кезінде DME антеннасы VOR антеннасымен бірге тігінен орналасқан осы, немесе 600 м аспайтын, жергілікті жағдайға байланысты қашықтыққа орналасады.

Қондыру мақсатында DME және VOR жабдықтарын пайдалану кезінде олардың антенна таратылуы 30 м аспауы керек.

DME/N ILS-пен әрекеттесу кезінде, қонуға кіруге құрылған траекториядағы және DME/N нүктесіне бағытталған қашықтық туралы ақпарат талап етілетін құрал DME/N 20 градустан кем емес бұрышқа қондырылады.

295. DME (DME/N) қабылдағыш жауапбергішінің параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

296. Талап етілетін жұмыс аумағындағы VOR радиомаяқтың келесілерді қамтамасыз етеді:

1) ӘК бортында оның магнитті азимутын өлшеу үшін навигациялық сигналдардан сәуле шығару;

2) таныту сигналынан сәуле шығару;

3) қажет болған жағдайда, ӘК бортына радиотелефонды сигналдарды беру мүмкіндігі.

297. VOR радиомаяқтың параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

3-параграф. Бағытталмаған радиомаяк (ЖРС/NDB), қону жүйесінің жабдығы (ҚЖЖ)

298. Жетекті радиостанция (ЖРС) (ИКАО терминологиясына сәйкес бағытталмаған радиомаяк NDB), жетек радиостанцияға шығу үшін қолданылады және сәуле шығаруды қамтамасыз етеді:

1) ӘК бортында радиостанциялардың күрестік бұрышын алу мәніндегі сигналдар (РКБ);

2) тану сигналы.

299. NDB ҰҚЖ осінің жалғасу үстінде ҰҚЖ шегінен 10 км дейін қашықтау жерде орналасады.

NDB-ны ҰҚЖ осінің жалғасу үстінде жағына немесе ҰҚЖ бүйір жағында қондыруға рұқсат етіледі. Соның өзінде қону алдындағы және ҰҚЖ осы тік сызығының жалғасы арасындағы бұрыш 10 градустан аспауы керек, ал олардың түйісу нүктесі ҰҚЖ шегінен 2000 м қашықтықта болуы шарт.

300. NDB параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

301. ҚЖЖ құрамына ЖЖКМ мен АЖКМ кіреді, олардың әрқайсысы өз ішіне NDB және MPM қамтыған.

ILS құрамындағы MPM қолдануға болады.

302. ҰҚЖ бағытындағы ILS жабдықталған ЖЖКМ және АЖКМ жабдықтары ILS маркерлі радиомаяктарының қондырылатын орындарында орналасады ҰҚЖ бағытындағы ILS жабдықталмаған ЖЖКМ және АЖКМ ILS маркерлі радиомаяктарды орналастыруға лайықты алыстатылған жерде орнатады, сонымен қатар ЖЖКМ ҰҚЖ осы тік сызығының жалғасынан ± 15 м қашықтықта, ал АЖКМ ҰҚЖ осы тік сызығының жалғасынан ± 75 м жерде орналасады.

303. ҚЖЖ жүйелері ҰҚЖ бірдей қарама-қарсы бағытта орналасқан жағдайда және бірдей жиілікке ие болса, екі жүйенің немесе екі NDB бір жиілікте бірдей жұмыс істеуіне жол берілмейді.

304. ЖЖКМ және АЖКМ құрамына кіретін NDB осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

305. MPM параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

4-параграф. Функционалды қосымшаның жерүстіндегі жүйесі (GBAS) және функционалды қосымшаның жерүсті аймақтық жүйесі (GRAS)

306. GBAS жүйесі қонуға кіретін барлық типтерді, қонуды, ұшуларды және жерүсті операцияларын қамтамасыз етуге арналған және де әуеайлақ аумағындағы маршрут операцияларын қамтамасыз етеді. GRAS жүйесі әуеайлақ аумағындағы маршруттағы операцияларды, қонуға дәл кірмеуін, ұшуларды және тігінен

бағытталған қонуға кіруін қамтамасыз етуге арналған. Қонуға кіруге қатысты қолдану жағдайларын алып тастағанда, GBAS қатысты осы Қағида талаптары GBAS және GRAS қолданыла береді.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 306-1, 306-2, 306-3, 306-4, 306-5, және 306-6-тармақтармен толықтырылды

306-1. GBAS жүйесі орналасқан жерді анықтау кезінде қызмет көрсету аймағында RNAV операцияларын қамтамасыз ету үшін көлденең жазықтықта орналасқан жер туралы ақпарат береді.

306-2. GBAS жүйесі деградация туралы GNSS сигналдарын жергілікті бақылаудың жер үсті ішкі жүйесін қамтиды, ал егер аймақтық GRAS жүйесі маршрутқа, аэродром аймағында, дәл емес қону, ұшу және тік қону операцияларын қамтамасыз ету үшін қолданылса, қызмет көрсету аймағында GNSS сигналдарын бақылаудың кешенді жүйесі қолданылады.

306-3. GNSS жүйесінің тозуы туралы ақпарат жүйенің жұмыс істеу модельдерінің негізінде автоматты түрде немесе қолмен қалыптастырылуы мүмкін және пайдаланушыларға NOTAM арқылы жеткізіледі.

мынадай ақпарат таратылуға жатады:

- 1) қызмет көрсетудің дайын еместігі;
- 2) егер мұндай ақпарат пайдаланылса, қызмет көрсетудің нашарлауы;
- 3) тозу уақыты мен күтілетін ұзақтығы.

306-4. Жоспарлы оқиға туралы NOTAM хабарламасын оқиға басталғанға дейін 72 сағаттан кешіктірмей жолдау керек. Ұзақтығы 15 минут және одан астам жоспарланбаған оқиға туралы хабарламаны 15 минут ішінде жіберу керек.

306-5. GNSS функционалдық толықтыру жүйесінің қызмет көрсету аймағы шегінде пайдаланушыларға ұсынылатын параметрлер, әдетте, 1 Гц жиіліктен тіркеуге жатады, атап айтқанда:

- 1) VDB қуат деңгейі;
- 2) VDB күйі туралы ақпарат;
- 3) берілетін gbas ақпараттық хабарламалары.

306-6. GBAS/ GRAS параметрлері туралы ақпаратты сақтау осы Қағидаларға **3-қосымшаның** 4-тарауына сәйкес қамтамасыз етіледі.

307. GBAS GNSS элементтерінің басқа да түрлерімен және GNSS қабылдағышымен бірге жүйелік сипаттамалардың нақты талаптарына жауап береді үзіліссіздік, эксплуатациялық дайындық, жоспарланған операцияға толықтық. GNSS және GBAS үшін негізгі орбитальды жүйе болып GPS және ГЛОНАСС болып есептеледі, GBAS үшін біртұтас ақпарат көзі ретінде GPS жүйесін қолдануға рұқсат береді.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 308-тармақ және редакцияда (бұр.ред.қара)

308. GBAS мынадай функцияларды орындайды:

- 1) жалған диапазонға жергілікті түзетулер енгізу;
- 2) GBAS жүйесі туралы мәліметтермен қамтамасыз ету;
- 3) дәлді қонуға кірудің соңғы учаскесі үшін мәліметтер беру;
- 4) алыс өлшегіш жабдықтың пайдалану әзірлігі туралы деректерді болжауды қамтамасыз ету;
- 5) GNSS алыс өлшемдері көздерінің тұтастығын бақылауды қамтамасыз ету;
- 6) GBAS-та дабылдың іске қосылу шегі туралы ақпаратты әуе кемелерінің бортына беру туралы техникалық ереже көзделген.

309. GBAS жүйесінің параметрлері осы Қағидаларға **21-қосымшада** баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

5-параграф. Әуеайлақтық шолу радиолокаторы (ӨШРЛ), трассалық екінші реткі шолу радиолокаторы (ТЕШРЛ), автоматтық радиопеленгатор (АРП)

310. ӨШРЛ әуеайлақ ауданында бақыланатын маршруттардағы ӘК табылуын және ӘКК (диспетчерлердің жұмыс орны) диспетчерлік пунктіне ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.

311. Айналма маневрін жасайтын немесе ұшуларды орындау кезінде қонуға кіруге стандартты маршрут бойынша тангенциалды жылдамдық бағытымен ӘК-ден қатарынан 3-5 шолуда радиолокациялық ақпараттың жоғалуына жол беріледі.

312. ӨШРЛ радиолокатор әсер ету аймағындағы сұраныс пен жауапқа сай байқалған сигналдар мен бұйырлық күштелердің басылуын қамтамасыз етеді.

313. ӘКК диспетчерлік пункттерінде құрылған индикаторлар экранында келесілер көріну тиіс:

- 1) қашықтық пен азимут белгілемелері;
- 2) бірінші реткі канал бойынша және/немесе бірінші реткі радиолокатордан тарайтын (PSR) координаттық радиолокациялық ақпараттар;
- 3) екінші реткі канал бойынша және/немесе екінші реткі радиолокатордан тарайтын (SSR) координаттық радиолокациялық ақпараттар.

1-2 шолу кезінде (бұйырлық күштелердің әсері) және/немесе 2-3 шолу кезінде (көрінген сигналдар әсері) ӘК нүктелі жалған белгілердің пайда болуына жол беріледі.

314. ӨШРЛ параметрлері осы Қағидаларға **21-қосымшада** баяндалған радиотехникалық жабдықтарға және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптардың параметрлерін қанағаттандыруы тиіс.

315. Екінші реткі шолу трассалық радиолокаторы координаталардың анықталуын және ӘК-ден жауапкермен жабдықталған қосымша ақпарат алуды қамтамасыз етеді.

316. ТЕШРЛ параметрлері осы Қағидаларға **23-қосымшада** баяндалған талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

КР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 316-1-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді)

316-1. Әуе кемелерінің мекенжайы 16777214 24 биттік әуе кемелердің мекенжайларының бірі болып табылады.

Әуеайлақтық жерүсті көлік құралдарында, кедергілерде немесе бақылау және/немесе радиолокациялық мониторинг үшін пайдаланылатын S режиміндегі нысаналарды анықтаудың тіркелген құрылғыларында орнатылатын борттық емес қабылдау-жауап берушілерге әуе кемелерінің 24-биттік мекенжайлары беріледі, бұл ретте пайдалану мақсаттары үшін шектеулі деректер жиынтығы жеткілікті болған кезде «әуе кемесі» термині «көлік құралы» деп түсініледі.

Әуе кемелердің 24-биттік мекенжайлары Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 409 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15553 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларының **51, 52-тармақтарына** сәйкес беріледі.

317. Автоматтық радиопеленгатор радиосәулелену көздерінің радиопеленгациясын жүзеге асырады. АРП әуеайлақ аймағындағы бақыланатын маршруттардың өту секторындағы ӘК сенімді торуылдауын қамтамасыз етуі қажет.

318. Автоматтық радиопеленгатор параметрлері осы Қағидаларға **21-қосымшада** баяндалған талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 6-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

6-Параграф. Автоматты тәуелді бақылау жүйесін (ADS-B), көп позициялы қабылдау жүйесін (MLAT) пайдалана отырып бақылау

319. ADS-B радиохабарлау режимінде автоматты тәуелді бақылау жүйесін білдіреді, оның шеңберінде әуе кемесі жерүсті станциясына тану индексі және ұшулардың абсолюттік биіктігі туралы ақпаратты жібереді. Әуе кемесінің бортында әуе кемесінің орналасқан жері анықталады және ол туралы ақпарат жерүсті станциясына беріледі. Бұл деректер радио хабарлау режимінде беріледі және кез келген қабылдағыш (жерде немесе әуе кемесінің бортында) бұл деректерді қабылдай алады.

320. ADS-B шеңберінде берілетін негізгі деректер әуе кемесінің тану индексі, оның орналасқан жері және абсолюттік биіктігі, бұдан басқа, ADS-B хабарламаларға жол сызығының векторы, жылдамдығы және нормадан ауытқу туралы деректерді қамтиды.

321. Бұл деректер және басқа деректер бөлек индикаторда көрсетілуі немесе автоматтандырылған жүйеге енгізілуі, сол жерде өңделуі және ӘК орналасқан жері индикациялау ретінде көрсетілуі мүмкін.

322. ADS-B деректері ӘҚҚ қамтамасыз ету мақсатында бақылау деректерінің көзі ретінде қолданылуы мүмкін.

323. Радиохабарлау режиміндегі автоматты тәуелді бақылау жүйесі (ADS-B) маршрута және әуеайлақ маңында әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ӘҚҚ) қамтамасыз ету мақсатында қолданыла алатын электрондық бақылаудың қосымша нысаны болып табылады.

324. ADS-B-мен жабдықталған әуе кемелері жер үсті станцияларға деректерді беру желісі бойынша бақылау деректері бар хабарламаларды автоматты түрде және жиі береді. Радиохабарлау режимінде берілетін хабарламалардағы деректердің негізгі элементі мыналар:

- 1) әуе кемесін тану индексі және 24-биттік мекенжайы;
- 2) орналасқан жері туралы деректер (нақтылық және бүтіндік туралы тиісті ақпарат);
- 3) жылдамдық векторы (дәлдік векторы);
- 4) барометрлік биіктігі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 324-1 және 324-2-тармақтармен толықтырылды

324-1 көп позициялы қабылдау жүйелері (MLAT) әуе кемесінің (немесе жердегі көлік құралының) орналасқан жерін анықтау мақсатында бірнеше жердегі қабылдағыштар арасында ҚШРЛ қабылдағыш (немесе қабылдағыш-жауап беруші болып табылмайтын құрылғы беретін кеңейтілген сквиттер түріндегі сигналдар) беретін сигналдардың (ТDOA) келу уақытының айырмашылығын пайдаланады. Көп позициялы қабылдау жүйесі болуы мүмкін:

- 1) пассивті, онда қабылдағыш-жауап бергіштің басқа сұрауларға жауаптары немесе өздігінен пайда болатын сигналдар (сквиттер);
- 2) жүйенің өзі әрекет ету аймағындағы әуе кемелеріне сұрау салатын белсенді;
- 3) пассивті және белсенді жүйелердің әдістерін біріктіретін.

324-2. ADS-B 1090 ES (A3N-B) жерүсті станциясының, MLAT жүйелерінің параметрлері осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) жазылған талаптарды қанағаттандырады.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 7-параграфының тақырыбы жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7-Параграф. Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орындары (ӘҚБ АЖО), әуе қозғалысын басқару жүйелерінің кешендері (ӘҚБ АЖ), әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері (ӘҚБ АЖ)

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 325-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

325. Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жұмыс орындары (ӘҚБ АЖО), әуе қозғалысын басқарудың автоматтандыру жүйелерінің кешендері (ӘҚБ АЖ) және әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелері (ӘҚБ АЖ) ӘҚҚ кезінде пайдаланылатын деректерді өңдеуге және көрсетуге арналған.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 326-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

326. ӘҚБ АЖО, ӘҚБ АЖ және ӘҚБ АЖ деректерді көрсету жабығын, деректерді өңдеудің бағдарламалық-аппараттық құралдарын және ақпарат көздерін қосуды қамтиды.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 327-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

327. ӘҚҚ кезінде пайдаланылатын ӘҚБ АЖО, ӘҚБ АЖ және ӘҚБ АЖ әуе жағдайының индикаторларында көрсетілетін деректердің дәлдігі мен уақтылығын арттыру, сондай-ақ диспетчерге жұмыс жүктемесін азайту мақсатында автоматтандырудың тиісті деңгейін көздейді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 328-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

328. ӘҚБ АЖО, ӘҚБ АЖ және ӘҚБ АЖ автоматтандыру дәрежесімен және функциялардың әртүрлі тізбесінің болуымен ерекшеленеді. ӘҚБ АЖО, ӘҚБ АЖ және ӘҚБ АЖ функциялары мен талаптары осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) келтірілген.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 328-1-тармақпен толықтырылды

328-1. Жергілікті жағдайларда жұмысқа бейімдеу мақсатында ӘҚБ АЖО, ӘҚБ ба, ӘҚБ АЖ бағдарламалық қамтамасыз етуді Өзгертуді жабықты дайындаушы зауыттың (өнім берушінің) өкілдері және/немесе ӘҚҚ және РТЖБП қызметтерінің дайындалған персоналы мынадай талаптарды орындай отырып орындайды:

- 1) бағдарламалық қамтамасыз етуді бейімдеу мәселелерімен айналысатын РТЖБП және ӘҚҚ қызметінің мамандары үшін бағдарламалық қамтамасыз етуге өзгерістер енгізу бойынша орындалатын жұмыстар үшін міндеттер және олардың нәтижелері айқындалады;
- 2) бағдарламалық қамтылымға өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстарды орындау, белгіленген мәндерді тексеру тәртібі айқындалады;
- 3) орындалатын жұмыстарды құжаттау тәртібі анықталады және енгізілген өзгерістерді бақылау үшін орындалған жұмыстарды тіркеудің жалпы тәртібі (LOGbook) енгізіледі.

8-параграф. Ұшу алаңын шолу радиолокациялық станциясы (ҰАШ РЛС/ SMR), жерүсті қозғалысын басқаратын автоматтандырылған жүйе (ЖҚБ АЖ)

329. Ұшу алаңын шолу радиолокациялық станциясы (ИКАО терминологиясына сәйкес - жерүсті қозғалысын бақылайтын радиолокатор «surface movement radar» - SMR) - әуеайлақтағы жерүсті қозғалысын бақылайтын жүйе компонентті. SMR индикаторында келесі ақпарат көрсетілген:

- 1) ҰҚҚ РЖ контурының көрінісі;
- 2) ӘҚ орналасқан орнының және маневрлендіру алаңындағы көлік құралдарының индикациясы.

330. Ұшу алаңын шолу радиолокациялық станциясына (ҰАШ РЛС) және жерүсті қозғалысын бақылайтын радиолокаторға (SMR) деген талаптар осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) баяндалған.

331. Әуе кемелерінің және көлік құралдарының SMR индикаторында орналасқан орны белгі формасында бейнеленеді. Еріп жүру формулярын қолданған кезде әуе кемелерінің және көлік құралдарының тану индекстерін қол арқылы және автоматтық енгізу мүмкіндіктері қарастырылады.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 332-тармақ жаңа редакцияда (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

332. Әуеайлақты пайдалану басталғанға дейін осы Қағидаларда келтірілген талаптарды орындау жолымен III санаттағы шарттарда ЖҚБ ЖЖ-не көшу қамтамасыз етілді деп болжанады.

ЖҚБ ЖЖ модульдік түрде енгізіледі. ЖҚБ ЖЖ модульдері туралы ақпарат осы Қағидаларға [21-қосымшада](#) келтірілген. Әрбір модуль басқа ЖҚБ ЖЖ модульдерінен тәуелсіз жұмыс істей алады.

ЖҚБ ЖЖ қалыпты жұмыс жағдайында, ЖҚБ ЖЖ автоматтандырудан бас тартқан кезде және шаттан тыс жағдайларда ӘҚҚ диспетчерінің автоматтандырылған функцияларға қолмен араласу мүмкіндігін қарастырады.

ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 332-1-тармақпен толықтырылды (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді)

332-1. ИКАО Doc 9830 «Жерүсті қозғалысын басқару және бақылаудың жетілдірілген жүйелеріне арналған нұсқаулығындағы» техникалық стандарттар әуеайлақтардың көрінуі, қозғалыс тығыздығы және конфигурациясы тұрғысынан ең маңызды жағдайларға қарастырылған. ЖҚБ ЖЖ жүйесін енгізу қызметтерді жеткізуші шығындарды/пайданы бағалауды жүргізгеннен кейін және пайдалану және техникалық талаптарды айқындай отырып, ұшу қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін құжаттай отырып, пайдаланушылардың өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қарағаннан кейін жүзеге асырылады.

333. Жерүсті қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ЖҚБ АЖ) ЖҚБ ЖЖ -ның құрамдас бөлігі болып табылады және әуеайлақтағы әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ӘҚҚ) қамтамасыз ету мақсатында жерүсті қозғалысын, автоматтандырылған деректерді өңдеу құралын және басқа да ақпараттарды бейнелеу жүйесін қамтиды.

334. ЖҚБ ЖЖ осы Қағидаларға [21- қосымшада](#) баяндалған талаптарды қанағаттандыруы тиіс.

335. Әуеайлақтағы III санатты қамтамасыз ету үшін ЖҚБ ЖЖ орналасу орнын индикациялау үшін көрсетілген қосымша ақпарат көздерінің техникалық сипаттамалары және типтері, ADS-B сигнал көзі сияқты басқа да ақпарат көздері РТЖБП қызметімен келісіліп АА ұйымдарымен көліктік жабықтармен орнатылатын SMR-ге қосымша ақпарат көздері қолданылады.

ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 8-1-параграфпен толықтырылды (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді)

8-1-Параграф. Визуалды бақылау жүйелерін пайдалану

335-1. Әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын визуалды бақылау жүйесі сенімділіктің, дайындықтың және тұтастықтың тиісті деңгейіне ие. Көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне жол бермеу мақсатында ұсынылатын қызмет көрсету деңгейін айқындау кезінде жүйенің істен шығу ықтималдығын немесе қызмет көрсетудің толық немесе ішінара бұзылуына әкеп соғатын оның сипаттамаларының Елеулі нашарлауын бағалау және ескеру қажет. Визуалды бақылау жүйесі оптикалық датчик (тер), деректер желілері, деректерді өңдеу жүйелері және ақпаратты көрсету индикаторлары сияқты бірқатар интеграцияланған элементтерден тұрады.

335-2. Визуалды бақылау жүйелері визуалды бақылау жүйелеріне қатысатын барлық дереккөздердің деректерін интеграцияланған түрде қабылдау, өңдеу және көрсету қабілетіне ие.

335-3. Көрсетілетін қызмет деңгейі визуалды бақылау жүйесінің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.

335-4. Визуалды бақылау жүйесінің пайдалану құжаттамасы болады, оған сәйкес оны белгіленген қызмет мерзімі шегінде пайдалану жүргізіледі.

Ескертпе: визуалды байқау жүйелерінің талаптарын айқындау және енгізу кезінде аэронавигациялық ұйымда әзірленеді және әрбір нақты диспетчерлік пункттің (сектордың) жергілікті ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып, визуалды байқау жүйесін пайдалануға байланысты ӘҚҚБ жүйесіндегі өзгерістер жобасы уәкілетті ұйыммен келісіледі, оған мыналар кіреді:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) нақты қолдану үшін талап етілетін функционалдық мүмкіндіктерді талдау;
- 3) жүйенің/жабдықтың, электрмен жабдықтаудың аспектілері;
- 4) авариялық жағдайларда, қауіпті жағдайларда және жабдықтың істен шығуында, ӘҚҚБ бұзылуына байланысты күтпеген жағдайларда әрекет ету тәртібі.

9-тарау. Адами фактордың аспектілері

336. Радионавигация және ӘҚҚБ бақылау жүйелерін жобалау және пайдалану кезінде адами фактордың аспектілерін ескеру қажет. Адами фактордың аспектілеріне қатысты нұсқамалық материалдар «Адами фактор саласында оқыту нұсқауында» (ИКАО Doc 9683) және «Адами фактор», «CNS/ATM жүйелеріндегі адами фактор» материалдар жинағы» ИКАО-ның № 249 нұсқауында қамтылған.

337. Адами фактордың аспектілерін бағалау ұшу қауіпсіздігіне байланысты ұшулардың өзгерістермен басқару кезінде ұшу қауіпсіздігі бағаларының бөлігі ретінде әуе қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың 15-1- тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электрбайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 1-қосымша

Нысан

РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналы

(Азаматтық авиация кәсіпорны)

Басталды « » _____ 20 ____ жыл

Аяқталды « » _____ 20 ____ жыл

күні	Объектінің (құралдың) атауы, қонудың МК-сы	Қосылу уақыты	Ажыратылу уақыты	Жұмыс ұзақтылығы	Ажыратылу себептері	ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы бойынша ескертулер	Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
------	--	---------------	------------------	------------------	---------------------	---	-----------------------------------

Журналды жүргізу тәртібі

1. Кезекшілікті тапсырған тұлға қонудың МК-сын, күнін, уақытын жазады; барлық бағандарға көлденең кезекшілікті тапсыру сәтіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдары жұмысының қысқаша сипаттамасын, ауысым бойынша тапсырылуы тиіс басшылықтың өкімдерін көрсетеді: «Кезекшілікті тапсырдым» (қолын қояды), кезекшілікті қабылдаған тұлға - «Кезекшілікті қабылдадым» (қолын қояды) деген нысан бойынша жазулар жазылады.

2. Кезекшілік процесінде журналға ҰРТҚ және авиациялық радио байланысы құралдарының жұмысындағы барлық өзгерістер (қонудың МК ауысуы, автоматтандырылған объектілердің жұмыс істеу қабілеттігін тексеру, істен шығулар мен зақымданулар т.б.) объектінің (құралдың) атауын, қосылу, ажыратылу уақыттарын, ажыратылу себептерін, жұмысқа қабілетсіз жай-күйінің ұзақтығын, ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы туралы ұшқыш және диспетчерлік құрамның ескертулерін, ауысым жұмысы жөніндегі ескертулерді, қабылданған шараларды көрсете отырып журналға жазылады.

3. UTC уақыт.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электрбайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 2-қосымша

Нысан

«Бекітемін»
Азаматтық авиация ұйымының
(бөлімшесінің) басшысы

« » _____ 20 ____ жыл

Істен шығуларды (байланыстың бұзылуын) тексеру актісі

(ҰРТҚ және байланыс объектісінің, авиациялық электр арнасының атауы)

Істен шығу күні (жылы, айы, күні) _____

Жұмыс істеу қабілеттігінің бұзылу уақыты _____ сағат _____ минут

Жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтіру уақыты _____ сағат _____ минут

Істен шығу ұзақтығы _____ сағат _____ минут

Істен шыққан құралдың (байланыс арнасының) атауы	Зауыттық нөмірі	Соңғы ТҚ-дан кейінгі атқарым	Пайдаланудың басынан бастап атқарым
20_«_»_____ №_____ бұйрықпен тағайындалған мынадай құрамдағы Комиссия: Төраға _____ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) мүшелері _____ (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) істен шығуларына тексеру жүргізді _____ (ҰРТҚ және байланыс объектісінің, авиациялық электрбайланысы арнасының атауы) Тексеру барысында мыналар анықталды: 1. Жағдай (оқиға туралы ақпарат, істен шығудың сипаты мен оның салдары, техникалық персоналдың тегі, аты-жөні). _____ 2. Талдау (себептер, тех. персоналдың қатесі, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер, және басқа да ауытқулар) _____ 3. Істен шығуды сыныптау (объектінің немесе құралдың істен шығуы, эл. жабдықтаудың бұзылуы, байланыс желісінің зақымдануы, инженер-техник персоналының дұрыс емес іс-қимылы) _____ 4. Әуе қозғалысына қызмет көрсетуге ықпал (Ұшу міндеттерінің нашарлауы, ұшу қауіпсіздігі (ҰҚ) қамтамасыз етілмеген, ҰҚ қамтамасыз ету кезіндегі қауіпті ауытқу, ішінара ҰҚ қамтамасыз етуге қабілетсіздігінің ҰҚ ықпалы болған жок, _____ 5. Инженер-техникалық құрамның іс-қимылындағы бұзушылықтар _____ 6. Қорытындылар _____ 7. Ұсынымдар _____ Комиссия төрағасы _____ Комиссия мүшелері _____			

КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен 3-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара); КР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 3-қосымша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); КР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2025.03.02. № 34 бұйрығымен (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 3-қосымша өзгертілді

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық
электр байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету
[қағидаларына](#) 3-қосымша

Автоматты түрде құжаттауды (жазуды), ӘҚҚ сөйлеу байланысы арналарының қадағалау жабдықтарының ӘҚҚ диспетчерлерінің жұмыс орындары ақпараттарын пайдалану мен сақтауды ұйымдастыру және олардың мәліметтерін тарату жөніндегі үлгілік нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

- Автоматты түрде құжаттауды (жазуды), ӘҚҚ сөз сөйлеу байланыс арналарының қадағалау жабдықтарының ӘҚҚ диспетчерлерінің жұмыс орындары ақпараттарын пайдалану мен сақтауды ұйымдастыру және олардың мәліметтерін тарату жөніндегі үлгілік нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) АА ұйымдарындағы ауызекі ақпараттарды және әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша мәліметтерді құжаттаудың, сондай-ақ оларды сақтау және қолданудың негізгі қағидағтарын, әдісі мен тәртібін анықтайды.
- Осы Нұсқаулық әуе кемелері ұшуы қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуші қызметтер мамандарына, сондай-ақ авиациялық оқиғаларға тексеру жүргізетін қызметтер мен органдарға арналған. Осы үлгілік нұсқаулық қағидалары негізінде АА (бөлімшесі) ұйымының басшысы бекіткен, ӘҚҚ қызметінің бастығымен келісілген, РТЖБП қызметі бастығының қолы қойылатын АА бөлімшелеріне ӘҚҚ ауызекі байланыс арналарының ақпараттарын пайдалану және сақтау, бақылау құралдары мен олардың деректерін беруге АА ұйымында (бөлімшесінде) автоматты құжаттандыруды (жазбалары) ұйымдастыру жөнінде нұсқаулық әзірленуде және ол құжатталған ақпарат объектіде болады.
- Нұсқаулық талаптарын орындау АА ұйымдарында авиациялық оқиғаларды тексеру кезінде және басқа да өндірістік мақсаттарда құжатталған ақпараттарды пайдаланатын, объективті бақылау құралдарын қолданумен айналысатын мамандар үшін міндетті болып табылады.
- ӘҚҚ ауызекі ақпараттарын және мәліметтерін құжаттау үшін АА ұйымдарының техникалық жабдықтауы деңгейіне қарай мынадай объективті бақылау құралдары қолданылуы мүмкін:
 - ақпараттарды таспалы магниттік тасымалдағыштарда сақтау арқылы ауызекі ақпаратты жазу үшін ұқсас магнитофондар;
 - ақпараттарды қатты дискілерде, магнит таспаларда және басқа да ақпарат тасымалдағыштарда сақтау арқылы ауызекі ақпаратты жазу үшін цифрлы магнитофондар;
 - ақпараттарды қатты дискілерде, магнит таспаларда және басқа да ақпарат тасымалдағыштарда сақтау арқылы берілетін деректерді, сондай-ақ бақылау деректерін жазуға арналған цифрлы құрылғылар;
 - радиолокациялық станция (кешендер) және әуе қозғалысын басқарудың қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйесі құрамына кіретін құрылғылар.
- Объективті бақылау жабдығын техникалық пайдалану осы жабдықты өндірушілердің пайдалану-техникалық құжаттамасына және АА нормативтік құжаттарына сай жүргізілуі тиіс.
- ӘҚҚ ауызекі байланыс арналары ақпараттарын, деректерді тарату және осы Нұсқаулыққа нұқсан келтірмейтін бақылау деректерін құжаттау, сақтау және қолдану барысында басқа да ерекшеліктерді айқындайтын қосымша талаптар АА ұйымы (бөлімшесі) жетекшісінің бұйрығы арқылы анықталады.
- ӘҚҚ ауызекі байланыс арналары ақпараттарын, деректер тарату және бақылау деректердің құжаттау бейнежазбалар, визуалды бақылау жүйелері тәулік бойы немесе ақпарат көздерінің жұмыс уақыты кезінде жүзеге асырылуы тиіс.
- ӘҚҚ орталықтары диспетчерлерінің жұмыс орындарында дыбыстық фон ақпаратын құжаттау ӘҚҚ диспетчерлерінің жұмыс орындарының жұмыс уақыты ішінде тәулік бойы жүзеге асырылады.
- Ақпараттарды құжаттау радиотехникалық құралдарға, ӘҚҚ қамтамасыз ететін АА ұйымының лауазымдық тұлғалары жұмысына бақылау жасау үшін, іздеу және құтқару іс-шараларын жүргізу үшін авиациялық оқиғаларды тексеруге және АА ұйымының басқа да өндірістік мақсаттарында пайдалануға арналған.

2-тарау. ӘҚҚ ақпараттық жүйесін және жоспарлы ақпараттарды құжаттау

- Радиолокациялық, радиопеленгациялық, ADS-B, ӘҚҚ жүйесі және жоспарлы ақпараттарды құжаттаудың бақылау құралдары жабдықтардың конфигурациясына тәуелді, әдетте мыналардың құрамына кіреді:
 - ӘҚБ АЖ, ӘҚБ АҚК және ӘҚҚ диспетчерлерінің автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО);
 - радиолокациялық (ӘҚҚ бақылау жүйесі);

- 3) жоспарлы ақпараттау жүйесі.
10. ӘҚБ АЖ, ӘҚБ АҚК, АЖО ӘҚБ ақпараттарын немесе ӘҚК бақылау жүйесінің ақпараттарын және жоспарлы ақпараттарды жазу ақпараттар түсіп жатқан уақыт бойы үздіксіз жүргізілуіне тиіс.
11. Ақпарат жазумен бір уақытта ағымдағы кезең жазбалары жүргізіледі.
12. Уақыт көрсеткіші нақтылығын түзету автоматты түрде нақты уақыт сигналы құрылғысы арқылы жүргізіледі. Бірыңғай уақыт көрсеткішін автоматты түрде түзету сигналы жоқ болған кезде жүйелік уақыт барысы нақтылығына түзету шұғыл журналға жазба жазу арқылы төмендегідей нысан бойынша қолмен тәулігіне екі рет жасалады:
 - 1) «07.00. Жүйелік сағат 1 минутқа кейін қалған. Ағымдық уақытқа түзету енгізілді. Қолы, күні»;
 - 2) «19.00. Ағымдық уақытқа түзету енгізу қажет емес. Қолы, күні».
13. Ақпараттарды тасымалдау немесе сақтау үшін қолданылатын барлық ақпарат тасымалдағыштар және жеке жазу құрылғыларының реттік нөмірлері болуы керек.

3-тарау. Ауызекі ақпараттарды құжаттау

14. Ауызекі ақпаратты құжаттау (жазу) аппараты бөгде адамдардың кіруіне шек қойылған және температура режиміне сай келетін және қолданыстағы техникалық құжаттама талаптарына сай келетін арнайы бөлмелерде орналасуға тиіс.
15. Ауызекі ақпараттарды құжаттау аппаратына жазатын арналар тізбесін АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы айқындайды және бекітеді.
16. Жазуға болатын байланыс арналарының әрқайсысына ауызекі ақпараттарды жазу аппаратының жеке арнасы бекітіледі.
17. Әрбір жазу құрылғыларында жазу арналарының нөмірі және оларда жазып жатқан байланыс арналарының қысқаша белгісі көрсетілген кесте болуға тиіс. Жазу арналары бірдей болған кезде жазу құрылғыларының нөмірлері көрсетілген бір кестенің болуына жол беріледі.
18. Ақпараттарды тасымалдау немесе сақтау үшін қолданылатын барлық ақпарат тасымалдағыштардың реттік нөмірлері болуға тиіс.
19. Бақылауға жататын ауызекі ақпараттарды жазу:
 - 1) жұмыс орындарына байланыс арналарын тікелей жалғау орындарынан;
 - 2) байланыс арнасы жұмысы сапасының төмендеуін болдырмайтын, тиісті құрылғыларды қолдану арқылы жүргізіледі.
20. Ауызекі сигналдарды жазу кезінде ағымдағы уақыт автоматты түрде жазылуға тиіс.
21. Жазу аппаратының ішкі сағатын түзету бірыңғай уақыт дереккөзінен автоматты түрде жүзеге асырылуға тиіс.
22. Бірыңғай уақыт сигналдарын ретрансляциялау ұйымдастырылмаған ұйымдарда, жазу аппаратының ішкі сағатын түзету Қазақстан Республикасының бірыңғай уақытты радиотарату станциясының сигналы бойынша қолмен жүзеге асырылады.
23. Ақпараттарды жазу үздіксіз жүргізіліп отыруға тиіс.
24. Ақпаратты, ағымдағы уақытты жазудың болуы және сапасын тексеру шұғыл жағдайлар журналына жазу тәулігіне 2 рет жүргізіліп отыруға тиіс.
25. Әуе қозғалысына қызмет көрсетумен байланысты емес жазба арналарында тәулігіне бір рет тексеріс жүргізуге жол беріледі.
26. Уақытты тексеруді және түзетуді жүргізетін адам осы Нұсқаулықтың 12-тармағының 1) немесе 2) тармақтарында келтірілген нысан бойынша жедел журналында (осы Қағидаларға 4-қосымша) жүргізілген тексеру және уақытты түзету туралы жазба жүргізеді.
27. Сөйлеу ақпаратын құжаттандыру жазатын құрылғылардың сандық құрамы мен техникалық сипаттамасы сөйлеу байланысының негізгі арналарын үздіксіз жазуды тоқтатпастан жабдықтың параметрлерін бақылауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуді жүргізуге мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастырылады. Сөйлеу байланысының негізгі арналарының тізбесі АА ұйым (бөлімше) басшысының жеке нұсқауымен белгіленеді.

4-тарау. Ақпарат тасымалдаушыларды сақтау тәртібі, тыңдау (жүргізу)

28. Ақпаратты тасымалдаушыларды сақтау ақпараттың бүлінуіне немесе оны бөгде адамдардың алуы мүмкіндігін болдырмайды.
29. Ақпарат қатқыл дискіде құжаттандыру құрылғысына жазылады және сақталады. Қатқыл диск толғанда ескі ақпарат автоматты түрде өгейілді де оның орнына жаңа ақпарат жазылады. Қатқыл дискінің көлемі сақталатын ақпаратты 30 тәуліктен кем емес мерзімге дейін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.
30. Қатқыл дискіде ақпаратты сақтайтын жазатын құрылғылар ақпараттарының үзіндісін ауыстырмалы тасымалдаушыға ауыстыруды қамтамасыз етеді.
31. Егер жазатын құрылғы ақпаратты магнит лентасына немесе ақпаратты басқа ауыстырмалы тасымалдаушыларға жазба жазып және сақтайтын болса, онда магнит лентасының саны немесе басқа ауыстырмалы тасымалдаушылар сақталған ақпаратты алуға 30 тәуліктен кем емес мерзімді қамтамасыз етеді. ӘҚБ диспетчерлерінің жұмыс орындарында дыбыстық фон ақпаратына қол жеткізу кемінде 2 тәулік кезеңге қамтамасыз етіледі. Осы мерзім аяқталған кезде ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушылар қайтадан пайдаланылады. Ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушыларды қайтадан пайдаланған кезде әр ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушыны пайдалану жай-күйі жазылатын осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес ақпаратты тасымалдаушылар есепке алу журналы жүргізіледі.
32. Ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушылар электр магнитті өрістер мен күн сәулесінің әсерін болдырмайтын металл шкафтарда сақталады.
33. Ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушыларды сақтауға арналған шкафтарда тасымалдаушылардың бүлінуін болдырмайтын жағдай жасалады.
34. Тыйым салынған ауыстырмалы тасымалдаушыларды (магнитті ленталар) сақтау үшін мөрлеу үшін жаракталған арнайы металл қаптама қарастырылады.
35. Ұшу қауіпсіздігіне байланысты оқиғаны тексеру кезінде АА ұйымының (бөлімше) басшысының немесе оны алмастыратын тұлға жарлығы бойынша қажетті ақпарат РТЖБП және ӘҚК қызметі өкілдері көзінше қатқыл дискіден ауыстырмалы тасымалдаушыға (егер жазба лентаға жазылатынын болса магнитті лентасы шығарылып алынады) жазылып алады, бұл туралы ақпаратты тасымалдаушыларды есепке алу журналына тиісті жазба жазылады.
36. Алынған ақпаратты тасымалдаушы (дар) мөрленеді және АА ұйымының (бөлімше) басшысы бекітетін жерге сақтауға тапсырылады.
37. Осы Нұсқаулықтың 35-тармағында көрсетілген мақсат үшін тасымалдаушыларды түнгі уақытта немесе демалыс немесе мереке күндері алғанда, онда алынған тасымалдаушы мөрленеді және және АА ұйымының (бөлімше) басшысы бекітетін жерге уақытша сақтауға беріледі, кейіннен 36-тармаққа сәйкес тапсырылады.
38. Тыйым салынған ақпаратты тасымалдаушыларды шығарып алуға өкім берген тұлғада сақтауға рұқсат етіледі.
39. Ұшу қауіпсіздігіне байланысты оқиғаларға қатысы бар ақпаратты жазумен тасымалдаушыны сақтауға жауапкершілік АА ұйымының (бөлімше) басшысына жүктеледі.
40. Осы Нұсқаулықтың 35-тармағында көрсетілген авиациялық оқиғаларға қатысты шығарылып алынған ақпаратты тасымалдаушыларды сақтау мерзімі тиісті өкілетті орган тағайындалатын авиациялық оқиғаларды және инциденттерді тексеру жөніндегі комиссиямен белгіленеді.
41. Тыйым салынған ақпаратты тасымалдаушылардың қабын ашу және тыңдау (жүргізу), оның көшірмесін алу тек қана авиациялық оқиғаларды және инциденттерді тексеру жөніндегі комиссия төрағасының нұсқауымен жүргізіледі.
42. Ақпаратты тыңдау (жүргізу) және ақпаратты тасымалдаушылардан көшірмені алу арнайы АА кәсіпорны (бөлімше) басшысы бекіткен лауазымдық тұлға тізбесімен белгіленген және жүргізу аппаратурасында жұмыс жасауға оқытылған тұлғалар жүргізеді.
43. Уақыттың қажетті кезеңі үшін ақпарат әрі қарай өңдеу мен тыңдау үшін жүргізу аппаратурасының жазатын құрылғысынан тікелей оқылып алынады.
44. Жазатын құрылғыдан жүргізу құрылғысына ақпаратты тікелей оқып алу мүмкін болмаса, онда қажетті ақпарат ауыстырмалы тасымалдаушылар көмегімен жазатын құрылғыдан жүргізу құрылғысына көшіріледі немесе магнитті лента беріледі. Ақпаратты тасымалдаушыларды есепке алу журналына жазба жазу арқылы магнитті лента беріледі.
45. Ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушы немесе жазбасы бар магнитті лента берілген күннен бастап 5 тәуліктен кешіктірмей тұрақты сақтау орнына қайтарылады.
46. Ақпаратты құжаттандыру аппаратурасына құжаттамада ескертілген жүргізудің басқа әдістері көзделмеген болса, онда ақпараттың жазылып алынған үзіндісін тыңдау (жүргізу) үй-жайдың жазатын құрылғысынан бөлек орнатылатын жүргізу құрылғысында жүргізіледі.
47. Жазылып алынған ақпаратты тыңдау (жүргізу) немесе қарау кезінде ақпаратты қате кетіруді (жоюды) болдырмайтын шаралар көзделеді.
48. Жазылып алынған ақпаратты жүргізуге арнайы оқытылған және осы жұмыстарды жасауға рұқсат берілген АА ұйымының ӘҚК және/немесе РТЖБП қызметінің мамандары шақырылады.

ұйымдастыру (жазбалар), ӨҚҚ сөйлеу байланысы арналарының ақпараттарын сақтау және пайдалану, бақылау жабдығы және олардың деректерін беру бойынша [нұсқаулыққа](#) қосымша

Нысан

Ақпаратты ауыстырмалы тасымалдаушыларды есепке алу журналы

(азаматтық авиация ұйымының атауы)
жыл « » басталды жыл « » аяқталды

Жазба құрылғысының нөмірі	Тасымалдаушы нөмірі	Жазба күні мен уақыты		Күні, уақыты, лауазым және тұлға қолы		
		Басталуы	Аяқталуы	Кетіруді тоқтатуға нұсқау берген тұлға	Тасымалдаушыны тыңдауға алған тұлға	Тасымалдаушыны кетіруге нұсқау берген тұлға

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электрбайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету [қағидаларына](#) 4-қосымша

Нысан

Объектінің ауысымдық персоналының жедел журналы

(объектінің атауы)

ж. « » басталды
ж. « » аяқталды

Күні, уақыты	Мазмұны	Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы

Журналды жүргізу тәртібі

- Журналды объектінің ауысымдық персоналы жүргізеді, журналға:
- 1) объектіні және кезекшілікті қабылдау, жұмысқа объектінің дайындығы, кезекшілікті тапсыру туралы;
 - 2) жабдықтың жұмысындағы қосу, өшіру уақыттары және барлық бұзушылықтар және олардың себептері туралы;
 - 3) кезекшілік уақытында лауазымдық адамдардың нұсқау мен жарлықтары туралы;
 - 4) ТҚ және жөндеу журналында көрсетілмейтін объектілердегі жоспардан тыс жұмыстар, тексеру, ауыстыру және басқа жұмыстар туралы жазба жазылады.

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электрбайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету [қағидаларына](#) 5-қосымша

Нысан

Құжаттандыру құралдарына жазба жазу арқылы РТЖБП қызметі ауысым персоналының ұшу басшысына (ӨҚҚ диспетчеріне) кезекшілікті қабылдау туралы баяндамасы

1. Ауысым баяндайды _____ (тегі)
Кезекшілікті _____ сағат _____ минутта қабылдадым.
2. Ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыстың барлық негізгі және қордағы құралдары жұмысқа қабілетті, РМЖ, ҚЖЖ объектілері қону курсымен қосылды _____ (ҚМК, ҰҚЖ нөмірі) (егер қандай да бір құралдар жұмыс жасасама, олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтірудің жоспарланған уақытын көрсету).
3. Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуде (құралды көрсету және оларды жұмысқа қосудың жоспарланған уақытын көрсету).
4. Техникалық қызмет көрсетуге өшіру жоспарлануда (өшіру уақытын, ұзақтығын көрсету және ұшу басшысынан рұқсат алу).

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#)) 6-қосымша ежаңа редакцияда; ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 6-қосымша өзгертілді (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электрбайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету [қағидаларына](#) 6-қосымша

Кешендер (объектілер), АА ҰРТҚ және электр байланысы бұйымдары орналасқан жерлерде ғимараттар мен құрылыстарды салу кезіндегі шектеу аймақтары

1. Осы қосымшаның ережелері ғимараттар мен құрылыстардың жаңа құрылысының, жер жұмыстарын жүргізудің ҰРТҚ және электр байланысының келесі жабдықтары сигналдарының сапасы мен қолжетімділігіне әсерін (теріс әсерін) айқындауға арналған:

- 1) Барлық жаққа бағытталған ӨЖЖ-радиомаяк ((D) VOR);
- 2) АРП радиопеленгаторы (DF);
- 3) Жетекті радиостанция/бағытталмаған радиомаяк (ЖРС/NDB);
- 4) Дифференциалды түзетудің жер үсті жүйесі (GBAS/ЛККС) (VDB деректерін ӨЖЖ беру және жер үсті радиоқабылдағыштары);
- 5) ӨЖЖ байланыс жүйесі (VHF) (ауа-жер);
- 6) Бастапқы радиолокатор (ұшу ұшуын шолу радиолокаторын қоспағанда);
- 7) Қайталама радиолокатор (SSR);
- 8) Маркерлік радиомаяк (MPM);
- 9) (DME) қашықтық өлшеу жабдығы;
- 10) ADS-B жүйесі.

ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын ұйымда осы Қағидалардың ақпаратын ескере отырып, BRA аймақтарын бағалауды жүргізу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның келісімі бойынша ұйым басшысы бекітетін әдістемелік материал әзірленеді.

BRA аймақтарын бағалауды жүргізу үшін әдістемелік материалды келісу Қазақстан Республикасының [Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне](#) сәйкес белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

2. Осы қосымшаның ережелері ҰРТҚ және электр байланысы объектілерінің радиосигналдарына кедергілер туғызатын жылжымалы немесе жылжымайтын объектілерге (уақытша немесе тұрақты) тең дәрежеде қолданылады.

3. Барлық ауа-райында ұшуды жүргізу контекстінде ғимараттар мен құрылыстарды салуды шектеу аймағы барлық ауа-райында ұшуды жүргізу үшін ҰРТҚ және электр байланысы объектілері қызмет көрсететін кеңістік көлемінде сигналдың өтуі кезінде қолайсыз кедергілер тудыруы мүмкін кеңістік көлемі ретінде айқындалады.

4. BRA аймағының талаптарына сәйкестікті бағалауды ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын және Рұқсат беру қағидаларына сәйкес құрылған әуежай комиссияларының құрамына кіретін АА ұйымы жүргізеді.

BRA аймағының талаптарына сәйкестікті бағалау:

ҰРТҚ және электр байланысы жабдықтарының жаңа орналасқан жерін таңдау кезінде;

кешендер (объектілер), ҰРТҚ және электр байланысы құралдары орналасқан аймақтарда құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру, келісу кезінде жүргізіледі.


5. Егер салынып жатқан объектінің орналасуы BRA анықталатын аймақтарға сәйкес келмесе (BRA аймағының қорғау жазықтықтарына енсе), немесе ҰРТҚ және байланыс объектісінің болжамды орналастыру орны қорғау жазықтықтарына кедергілердің енуінсіз BRA қорғау аймақтарының орналасуын қамтамасыз етпесе, ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдаланатын АА ұйымы немесе уағдаластық бойынша мамандандырылған ұйымдар ҰРТҚ және байланыс объектісі жабдығының жұмысында кедергілердің пайда болуына ықтимал әсер ету мәніне зерттеу жүргізеді.

6. BRA аймақтарының сипаттамасы осы Қосымшаға [1-қосымшаға](#) келтірілген.

7. Қорғау жазықтықтары параметрлерінің мәндері осы Қосымшаға [2-қосымшаға](#) көрсетілген.

Кешендер (объектілер), ұшуларды
электр байланысын радиотехникалық
қамтамасыз ету бұйымдары және
азаматтық авиацияда электрбайланысы
орналасқан жерлерде ғимарат
және құрылыс кезінде
шектеу [аймақтарына](#)
1-қосымша

Барлық жаққа бағытталған әрекет ететін объектілер үшін ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын шектеу аймағы (үш өлшемді проекция)



ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 [бұйрығымен](#) 2-қосымша жаңа редакцияда (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Кешендер (объектілер), ұшуларды
электр байланысын радиотехникалық
қамтамасыз ету бұйымдары және
азаматтық авиацияда электрбайланысы
орналасқан жерлерде ғимарат және
құрылыс кезінде шектеу
[аймақтарына](#) 2-қосымша

**Барлық бағыттағы радионавигациялық құралдар, Бақылау құралдары және
ӨЖЖ радиостанциялары үшін BRA аймақтары компоненттерінің мәндері**

Ұшуды қамтамасыз ететін радиотехникалық жабдық құралдары	Бірінші цилиндрдің радиусы (r), м	Шекарадағы жазықтықтың биіктігі, м	Конустың бұрышы, градустар	Конустың радиусы, м	Екінші цилиндрдің радиусы (j), м (тек жел генераторлары үшін)	екінші цилиндрдің биіктігі (h), м (тек жел генераторлары үшін)	Конус негізі және цилиндр осі
DME/N	125	-	1	3000	-	-	Антеннаның негізі жер деңгейінен
CVOR	125	6,55	3	3000	7500	78,61	Антеннаның негізі жер деңгейінен
DVOR	125	6,55	3	3000	5000	78,61	Антеннаның негізі жер деңгейінен
Радиопеленгаторы API/DF	125	6,55	3	1500	5000	78,61	Антеннаның негізі жер деңгейінен
MPM	30	17,32	30	100	N/A	N/A	
NDB	50	13,40	15	500	N/A	N/A	
Жердегі қабылдағыш GBAS түзету станциясы	125	1,8	9	1500	N/A	N/A	
Сандық желі GBAS VDB	100	5,24	3	1500	N/A	N/A	
Мониторинг станциясы VDB	100	76	10	1500	N/A	N/A	
VHF Rx/Tx қабылдап-тапсырғышы	100	5,24	3	600	N/A	N/A	
PSR	200	3,49	1	5000	N/A	N/A	
SSR	200	3,49	1	5000	N/A	N/A	
ADS-B	100	5,24	3	600	N/A	N/A	

мұндағы DME N - қашықтық өлшеу жабдығы (барлық бағыттағы).

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 7-қосымша ежаңа редакцияда; ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 7-қосымша өзгертілді (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 7-қосымша

Әуеайлақтарда, тікұшақ айлақтарында және ҰРТҚ алыстағы позициясында орналасқан, авиациялық әуе электр байланысының ретрансляторларын және байланыстың жылжымалы тораптарын (ұшуды басқарудың мобильді орталықтары) электрмен жабдықтау

1-параграф. ҰРТҚ қашықтағы позициясын электрмен жабдықтау

1. Әуеайлақтардан қашықта орналасқан ҰРТҚ алыстағы позициясының электр қабылдағыштары санаттары, электрмен жабдықтаудың сенімділігі дәрежесі бойынша және олардың электр қорегіндегі үзілістердің ең жоғары рұқсат етілетін уақыты:

№	Тұтынушылар атауы	Электр энергиясы тұтынушыларының санаты	Электр қорегіндегі үзілістердің барынша рұқсат етілетін уақыты
1	Авиациялық әуе байланысы құралдары	I	60
2	Диспетчерлік пульттер және авиациялық жер үсті байланысының құралдары	I	60
3	Бақылау құралдары: радиолокатор, API, ADS-B	II	Қоректің қордағы көзіне ауысу уақыты қорландыру нұсқаулығында белгіленеді
4	Навигация құралдары: VOR (PMA), DME (PMD), ЖКРС	II	Қоректің қордағы көзіне ауысу уақыты қорландыру нұсқаулығында белгіленеді

2. Электр қабылдағыштардың санаттары «Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10851 болып тіркелген).

3. Электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесі бойынша талаптар объектінің кепілді қорек қалқанына (бұдан әрі - КҚК) қатысты.

4. Ақпаратты қашықтықтан басқару, бақылау және көрсету құрылғысын электрмен жабдықтаудың сенімділік санаты - ӘҚК тиісті объектілерін, радиожабдықты, жарық сигналды және метеорологиялық жабдықты электрмен жабдықтаудың санатынан төмен болмауы керек.

5. Электрмен жабдықтау тәуелсіз желілер бойынша екі тәуелсіз көздерден кем емес көзден жүзеге асырылады. Бір көзден екінші көзге электрмен жабдықтауды аудару автоматты түрде жүзеге асырылады.

6. Электр энергиясын жеткізу автономды көзді қорландырумен бірге электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған (автономды) көзден жүзеге асыруға рұқсат етіледі:

- 1) дизель-электр агрегатпен;
- 2) аккумулятор батареяларынан;
- 3) үздіксіз қорек көздерінен.

7. Тұтынушыларды бір көзден екінші көзге ауыстыру қоректің қордағы көзін төмен кернеу жағына автоматты түрде енгізуді қамтамасыз ететін құрылғыны пайдалана отырып жүзеге асырылады.

8. I санатты электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара қорландыратын қорек көзінен қамтамасыз етіледі және қорек көзінің бірінен электрмен жабдықтау бұзылған жағдайда оларды электрмен жабдықтауға үзіліс тек қана қоректі автоматты қалпына келтіру уақытына рұқсат етіледі.

9. II санатты электр қабылдағыштар екі тәуелсіз өзара қорландыратын қорек көзінен қамтамасыз етіледі. II санатты электр қабылдағыштар үшін қорек көзінің бірінен электрмен жабдықтау бұзылған жағдайда кезекші персонал немесе көшпелі жедел бригада әрекеттерімен қордағы қоректі қосуға қажетті уақытта электрмен жабдықтауға үзілісті беруге болады.

10. Дизель-электрлік агрегаттар автоматтандырылған болуы керек.

11. Әр агрегаттың қуаты электр қабылдағыштардың осы объектіге барлық қосылған жоғары жүктемені қамтамасыз етеді.

12. Аккумуляторлық батареялар немесе қордағы қорек көзі ретінде пайдаланылатын үздіксіз қорек көздері 30 минуттан кем емес уақыт ішінде авиациялық электр байланысы құралдарының жұмысын қамтамасыз етеді.

2-параграф. Авиациялық әуе электр байланысының ретрансляторларын және байланыстың жылжымалы тораптарын (ұшуды басқарудың мобильді орталықтары) электрмен жабдықтау

13. Авиациялық әуе электр байланысының ретрансляторларын және байланыстың жылжымалы тораптарын (ӘҚБ мобильді пункттері) электрмен жабдықтау кемінде көзден жүзеге асырылады. Қордағы қорек көзіне ауысу уақыты қорландыру бойынша нұсқаулықтарда белгіленеді.

14. Электр энергиясын жеткізу автономды көзді қорландырумен бірге электрмен жабдықтаудың орталықтандырылған немесе орталықтандырылмаған (автономды) көзден жүзеге асыруға рұқсат етіледі:

- 1) электр энергия генераторы (дизель-генератор, бензинді агрегат, мобильді электр станция);
- 2) статикалық немесе үздіксіз қорек көзінің сермерлі агрегаты;
- 3) аккумулятор батареялары;
- 4) үздіксіз қорек көзі.

15. Әр агрегаттың қуаты электр қабылдағыштардың осы объектіге барлық қосылған жоғары жүктемені қамтамасыз етеді.

16. Аккумуляторлық батареялар немесе қордағы қорек көзі ретінде пайдаланылатын үздіксіз қорек көздері 30 минуттан кем емес уақыт ішінде авиациялық электр байланысы құралдарының жұмысын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Әуеайлақтарда, тікұшық айлақтарында орналасқан ҰРТҚ және байланыс құралдарын электрмен жабдықтау

17. Қонудың санатталған жүйелерін (1,2,3 санаттағы ILS қонуға аспаптық кірудің радиомаяқ жүйелерін) электрмен жабдықтау тәуелсіз электр беру желілері бойынша кемінде екі тәуелсіз көзден жүзеге асырылады.

18. Электрмен жабдықтауды бір көзден екіншісіне ауыстыру автоматты түрде жүзеге асырылады.

19. Көрсетілген көздерден электр энергиясын екі электр беру желісі бойынша беру кезінде және олардың біреуі істен шыққан кезде басқа желінің өткізу қабілеті оған қосылған барлық электр тұтынушылар үшін электр энергиясын беруді қамтамасыз етуі тиіс.

20. Электр энергиясын екінші тәуелсіз көзден жеткізу экономикалық тұрғыдан орынсыз болған жағдайда, дизель генераторымен немесе автономды көздермен резервтей отырып, орталықтандырылған электрмен жабдықтаудың бір көзінен жүзеге асыруға жол беріледі.

21. Жергілікті көздердің әрқайсысы толық жүктемеге есептеледі.

22. Электр қабылдағыштардың санаттары «Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №230 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 10851 болып тіркелген) санаттарға сәйкес келеді.

Электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесі бойынша талаптар объектінің кепілдік берілген қоректендіру қалқанына (бұдан әрі - ШҚП) жатады.

23. Қашықтықтан басқару, бақылау және ақпаратты көрсету құрылғыларын электрмен жабдықтау сенімділігінің санаттары ӘҚҰ-ның тиісті объектілерін, ҰРТҚ және байланыс құралдарын электрмен жабдықтау санаттарынан төмен белгіленбейді.

24. Бірінші санаттағы ерекше топтағы (ЕТ) электр энергиясын қабылдағыштарды электрмен қоректендіру электр энергиясының кемінде үш тәуелсіз көзінен қамтамасыз етіледі. Электрмен жабдықтаудың мынадай нұсқалары мүмкін:

- 1) екі сыртқы тәуелсіз көздерден (екі трансформатор арқылы екі кабель желісі бойынша) және автономды көзден;
- тәуелсіз көздердің әрқайсысын резервтейтін дизель-электр агрегаты;

аккумуляторлық батареялар;
үздіксіз қоректендіру көзі (дері).

- 2) бір сыртқы көзден, бір дизель-электр агрегатынан және автономды көздердің бірінен;
- сыртқы тәуелсіз көздердің әрқайсысын резервтейтін дизель-электр агрегаты;
- аккумуляторлық батареялар;
- үздіксіз қоректендіру көздері.

25. III санат бойынша жаратқандырылған ҰҚЖ үшін жұмыс істейтін ҰРТҚ және байланыс құралдарының бірінші санаттағы ерекше топтағы (ЕТ) электр энергиясын қабылдағыштарының электрмен қоректенуі мынадай нұсқалардың бірі бойынша жүзеге асырылады:

1) екі сыртқы тәуелсіз көздерден (екі кабель желісі бойынша екі трансформатор арқылы) және дизель-электр агрегатынан, бұл ретте тұтынушылар аккумуляторлық үздіксіз қоректендіру көздері арқылы қосылады;

2) бір сыртқы көзден және бірін-бірі алмастыратын автономды дизель-электр агрегаттарынан, бұл ретте тұтынушылар аккумуляторлық үздіксіз қоректендіру көздері арқылы қосылады;

- 3) бір сыртқы көзден, бір автономды дизель-электр агрегатынан, аккумуляторлық үздіксіз қоректендіру көзінен және химиялық ток көзінен;
- 4) екі сыртқы көзден екі кабель желісі бойынша екі трансформатор, аккумуляторлық үздіксіз қоректендіру көзі және химиялық ток көзі арқылы.

26. Бір сыртқы көзде және дизель-электр агрегатында автономды дизель-электр агрегатының іске қосылуы мен жұмыс режиміне шығуы кернеу жоғалған сәттен бастап 15 секундтан аспайтын уақыт ішінде қамтамасыз етіледі. Тұтынушылардың электр қоректенуінің сыртқы көзден жұмыс режиміне шыққан автономды дизель-электр агрегатына немесе дизель-электр агрегатының сыртқы көзге ауысуы кезінде электр энергиясын берудің үзіліс уақыты 1 секундтан аспауы тиіс.

27. Бір сыртқы көзде және екі дербес дизель-электр агрегатында негізгі ретінде 15 секундтан аспайтын уақытпен автономды дизель-электр агрегатына ауыса отырып, сыртқы көзді одан әрі резервтей отырып, оған 1 секундтан аспайтын уақыт ішінде ауысу уақытымен оның сыртқы көзін автоматты резервтей отырып, дизельдің біреуі пайдаланылады.

28. Бір сыртқы көз, автономды дизель-электр агрегаты және үздіксіз қоректендіру көзі (аккумулятор батареялары) кезінде жұмыс режиміне шыққан дизель-электр агрегатының сыртқы көзін одан әрі резервтей отырып, оны 1 секундтан аспайтын уақыт ішінде үздіксіз қоректендіру көзімен (аккумулятор батареяларымен) резервтей отырып, сыртқы көзден жұмыс қамтамасыз етілуі тиіс.

29. Тұтынушыларды бір көзден екіншісіне ауыстырып қосуды төмен кернеу жағдайда резервтік қоректендіру көзін автоматты түрде енгізуді қамтамасыз ететін құрылғы жүзеге асырады, ол электр қоректендіруді бір көзден екіншісіне 1 секундтан аспайтын уақытта ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.

30. Объект жабдықтарының негізгі және резервтік жиынтықтарын электрмен қоректендіру төмен вольтты тарату құрылғысы шиналарының әртүрлі секцияларынан жүзеге асырылады.

31. Бірінші санаттағы (I) электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының кемінде екі тәуелсіз өзара резервтейтін көздерінен (автоматты коммутациясы бар) электр энергиясымен қамтамасыз етіледі, олардың біреуі дербес болуы тиіс.

Объектіде Г, Д, Е класты әуеайлақтарда сыртқы тәуелсіз көздерден электр энергиясының екі кірмесі болған кезде дербес қоректендіру көздерін орнатуды көздемеуге жол беріледі.

32. Екінші (II) санаттағы электр энергиясын тұтынушылар екі тәуелсіз өзара резервтейтін қорек көздерінен электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

33. ӘҚЖ объектілерінің, ҰРТҚ және байланыс құралдарының ШҚП-ға осы объектілердің жұмысын және оларға қызмет көрсетуді (авариялық жарықтандыру, технологиялық жылыту, желдету және ауа баптау) қамтамасыз ететін тұтынушыларды ғана қосуға жол беріледі.

34. ҰРТҚ және байланыс объектілерінде ТП-да орнатылған трансформаторлардың қуаты және қоректендіруші желілердің өткізу қабілеті рұқсат етілген шамадан тыс жүктемені ескере отырып, осы ТП-ға қосылған электр энергиясын тұтынушылардың барлық электр жүктемелерінің максимумын қамтамасыз етеді.

35. Дизель-электр агрегаты тікелей осы объектіде және/немесе әуеайлақтың басқа объектісінде орналасады.

36. Дизель-электр агрегаттарын автоматтандыру дәрежесі бірінші санаттағы тұтынушылар және бірінші санаттағы ерекше топ үшін екіншіден төмен емес.

37. Әрбір агрегаттың қуаты осы объектіге қосылған бірінші санаттағы және бірінші санаттағы ерекше топтағы барлық электр қабылдағыштардың, сондай-ақ олардың жұмысы мен қызмет көрсетуін қамтамасыз ететін электр энергиясын тұтынушылардың ең жоғары жүктемесін қамтамасыз етеді.

38. Резервтік қоректендіру көздері ретінде пайдаланылатын аккумуляторлық батареялар немесе үздіксіз қоректендіру көздері буферлік режимде жұмыс істейді немесе олардың автоматикасы қоректендірудің аккумуляторлық батареяларға немесе үздіксіз қоректендіру көздеріне, содан кейін «электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесі бойынша электр энергиясын тұтынушылардың санаттары және үзілістердің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты» кестесінде көрсетілгеннен

аспайтын уақыт ішінде автономды дизель-электр агрегатына ауысуын қамтамасыз етеді және тұтынушылардың жұмысын қамтамасыз етеді, сенімділік дәрежесі бойынша бірінші санаттағы ерекше топқа жатқызылған:

- 1) КРМ, ГРМ, авиациялық әуе байланысы құралдары-кемінде 30 минут ішінде;
- 2) МРМ, DME/N-кемінде 2 сағат ішінде;
- 3) ӘҚБ АЖ - кемінде 15 минут ішінде.

39. Бірінші санаттағы ерекше топтағы электр қабылдағыштарды басқа объектіде орнатылған агрегаттан қоректендіру осы электр қабылдағыштарды орнату объектісіне жүргізілген жеке кабель арқылы қамтамасыз етіледі.

Бірінші санаттағы электр қабылдағыштарды осы қондырғы орналасқан объект пен осы электр қабылдағыштар орнатылған объект арасындағы екі сәулелі төмен вольтты схема бойынша қоректендіру жеке кабельді төсемей жүзеге асырылуы мүмкін.

40. Электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесі бойынша электр энергиясын тұтынушылардың санаттары және оларды электрмен қоректендірудегі үзілістердің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты:

р/с№	Электр энергиясын тұтынушының атауы	Жабдыкталмаған ҰҚЖ (қонуға көзкөрінімдік кіру)		Құрал-аспап бойынша қонуға кіру ҰҚЖ-ы			I санаты бойынша қонуға дәлме-дәл кіру ҰҚЖ-ы	II, III санаты бойынша қонуға дәлме-дәл кіру ҰҚЖ-ы	
		Электр энергиясын тұтынушының санаты	Электр мен қоректендірудегі барынша рұқсат етілетін үзіліс уақыты, с	Электр энергиясын тұтынушының категориясы	Электр мен қоректендірудегі барынша рұқсат етілетін үзіліс уақыты, с	Электр энергиясын тұтынушының санаты	Электр мен қоректендірудегі барынша рұқсат етілетін үзіліс уақыты, с	Электр энергиясын тұтынушының санаты	Электр мен қоректендірудегі барынша рұқсат етілетін үзіліс уақыты, с
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	ҚЖЖ (ЖЖКРМ, АЖКРМ) қондыру жүйесінің жабдығы, NDB	-	-	I	60	I	60	I	60
2	Радиомаяктік қондыру жүйесі ILS:								
2.1	- ILS (КРМ, ГРМ)	-	-	I	60	ET	1	ET	1
2.2	- МРМ;	-	-	-	-	-	-	ET	1
2.4	- DME/N (РМД/НП)	-	-	I	60	ET	1	ET	1
3	Диспетчерлік пункттер ЖӘЖ ШДП, ҚДП (ҚЖДП), БЖДП:								
3.1	- авиациялық әуе байланысы құралдары;	I	60	I	1	ET	1	ET	1
3.2	- авиациялық жер үсті байланысының диспетчерлік пункттері мен құралдары	I	60	I	60	ET	15	ET	1
4	Радиолокациялық бақылау және радионавигация құралдары:								
4.1	- ШРЛ-А;	-	-	I ⁴⁾	60	I	60	1	60
4.2	- БРЛ; ЕРЛ	-	-	I ⁴⁾	60	I	60	1	60
4.3	- ұшу алаңын шолудың радиолокациялық станциясы (ҰАШ РЛС);	-	-	-	-	-	-	1	15 ³⁾
4.4	- АРП;	-	-	I	60	I	60	1	60
4.5	- ЖЖРС;	-	-	II	- 2)	I	60	1	60
4.6	- барлық жаққа бағытталған ЕЖЖ РМА (VOR);	-	-	I	60	I	60	1	60
4.7	- - барлық жаққа бағытталған УЖЖ РМД (DME);	-	-	I	60	I	60	1	60
4.8	- VOR (PMA);	-	-	I	60	I	60	1	60
4.9	- DME (PMD)	-	-	I	60	I	60	1	60
5	Радиоорталықтар: ПРЦ, ПрПЦ	-	-	I	60	I	60	I	60
6	ӘҚБ АЖ, ӘҚБ АҚК, АЖО ӘҚБ	-	-	-	-	ET	Шығарған зауыттың ПҚ-ы бойынша	ET	Шығарған зауыттың ПҚ-ы бойынша

1) Аталған объектілерді электрмен қоректендіруге бірінші санаттағы электр қабылдағыштардың қоректендіру шиналарынан жақын орналасқан объектілерден

бір кәбіл желісі бойынша жол беріледі.

2) Резервтік қоректендіру көзіне өту уақыты осы объектілерде тұрақты қызмет көрсететін персонал болған кезде резервтеу жөніндегі нұсқаулықтарда белгіленеді.

3) ҰАШРЛС-ны III санаттағы қонуға дәл кіретін ҰҚЖ бар әуеайлақта орнату кезінде электрмен қоректендірудегі үзіліс уақыты 1 с-тан аспауы тиіс.

4) Объектілерде тұрақты қызмет көрсететін персонал болған кезде электрмен жабдықтауды II санат бойынша орындауға жол беріледі.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 8-қосымша жаңа редакцияда

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 8-қосымша

Резервтік байланыс арналарының сенімділігі мен санының көрсеткішін есептеу үшін формулалар

1. Істен шығу (бұзылу) атқарым көлемін айқындау:

$$T_o = \frac{T_{\text{сумм}}}{n},$$

$n = 1, 2, 3, \dots$, болған кезде

мұнда: T_o - істен шығуға орташа атқарым (бұзылу), с.;

$T_{\text{сумм}}$ - құралдың атқарым жиынтығы (бірүлгідегі құралдардың топтары) белгіленген бір кезең үшін, с.;

n - істен шығу саны (құралдың бұзылуы) (бірүлгідегі құралдардың топтары) осы кезең үшін.

2. Қайта қалпына келтірудің орташа уақыт көлемінің анықтамасы

$$T_{\text{в}} = \frac{T_{\text{в}}}{n},$$

$n = 1, 2, 3, \dots$, болған кезде

мұнда: $T_{\text{в}}$ - Құралдардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтірудің орташа уақыты;

$T_{\text{в сумм}}$ - есеп беру кезеңіндегі құралдардың жұмысқа жарамдылығын қалпына келтірудің жинақталған уақыты (бірүлгідегі құралдардың топтары).

3. Резервтік құралдардың санын анықтау:

$$K_{\text{рез}} = \sqrt{K},$$

мұнда: $K_{\text{рез}}$ - резервтік құралдардың саны;

K - жұмыс жасап тұрған байланыс арналары, бұйымдардың саны.

Есептеу нәтижесі бүтін санға дейін арттыру жағына қарай жинақталған.

4. Сенімділікті сандық бағалау - белгілі бір уақытта объектіні жұмыс күйінде табу ықтималдығы t уақыт өте келе бұл ықтималдық $P(t)$ Заңына сәйкес өзгереді (1-сурет). Жабдықтың p жұмыс күйінің ықтималдығы Q істен шығу ықтималдығымен байланысты:

$$P = 1 - Q.$$

Сенімділік көрсеткіштері бөлу функциясы және бөлу тығыздығы (математикалық анықтау) негізінде, сондай-ақ пайдалану және сынақтардың статистикалық деректері (статистикалық анықтау) негізінде есептелуі мүмкін.

Жұмыс уақытының немесе жұмыс уақытының ұлғаюымен жұмыс уақыты азаяды. Ақаулық ықтималдығының уақытқа тәуелділігі объект ресурсының кему қисығымен сипатталады.

Жұмыс істейтін объект үшін бастапқы уақытта оның жұмыс істеуіне ықтималдығы бірлікке тең (100 %). Нысан жұмыс істеп тұрған кезде бұл ықтималдық төмендейді және нөлге ұмтылады.

Істен шығу ықтималдығы пайдалану немесе жұмыс істеу мерзімінің ұлғаюымен артады.

Сәтсіздік ықтималдығын сәтсіздік ықтималдығының тығыздығымен сипатталады

$$f(t) = \frac{dQ}{dt} \quad \text{или} \quad f(t) = \frac{\Delta n(t)}{N \cdot \Delta t},$$

мұндағы $\Delta n(t)$; - уақыт аралығындағы сәтсіздік саны Δt ;

N - Бақыланатын объектілердің жалпы саны.

5. Дайындық мынадай формула бойынша есептеледі:

$A(\%) = T1 * 100 / T2$, мұндағы $T1$ - қаралып отырған кезеңдегі жүйенің қалыпты жұмыс істеу уақыты (пайдалануға берілгеннен кейін), $T2$ - жүйені пайдалануға бергеннен кейінгі уақыт, оның ішінде істен шығу кезіндегі қалыпты жұмыс істеу және тоқтап қалу уақыты.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 9-қосымша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 9-қосымша

ҰРТҚ және байланыс құралдарына формулярларды жүргізу тәртібі

1. Формуляр ҰРТҚ және байланыс құралдарының негізгі параметрлерін және техникалық ерекшеліктерін кепілдік беретін әзірлеушімен куәландыратын, осы құралдардың техникалық жағдайын анықтайтын және оны пайдалану бойынша мәліметі бар (жұмыстың ұзақтығы және шарты, ТО, жөндеу жұмыстарының түрлері, барлық пайдалану кезіндегі қосалқы бөлшектер мен бөлшектердің және басқа да деректері) құжаты болып табылады.

2. Жаңа жабдыққа формуляр жоқ болса, формуляр пайдаланушы ұйыммен жүргізіледі, «Ерекше белгілер» тарауында РТЖБП қызметінің бастығының тиісті жазбасы жасалады. Жабдықтың түріне қарай формуляр мынадай бөлімдерден жасалуы мүмкін:

1) жалпы нұсқаулар (формулярды жүргізу бойынша);

2) бұйым, жинақ туралы жалпы мәлімет (жинақ), жабдық жинағын қамтитын зауыттық немесе шартты нөмірлер);

3) негізгі техникалық мәліметтер және ерекшеліктер, қызмет мерзімі;

4) жинақтылық (жеткізу тізімі);

5) қабылдау туралы ақпарат (пайдалануға енгізу, консервациялау);

6) пайдалану кезіндегі бұйымның қозғалысы туралы мәлімет;

- 7) жауапты персоналға бұйымды пайдалануды бекіту туралы;
 - 8) жұмыс есебі (атқарым);
 - 9) істен шығу мен жарамсыз жай-күйдің есебі;
 - 10) техникалық қызмет көрсету көп еңбек сіңіру есебі (ТО-3,4,5,6);
 - 11) бақылау өлшемдері (ұшу, жүрүсті тексерулер туралы ақпарат);
 - 12) бұйым мен оның қосалқы бөлшектерінің конструкцияларын пайдалану және жөндеу кезіндегі өзгеруі туралы мәлімет;
 - 13) пайдалану уақытындағы бұйымның құрама бөлігін ауыстыру туралы мәлімет;
 - 14) бұйымды жөндеу туралы мәлімет (жарамсыздық есептері), анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру үшін шаралар;
 - 15) формулярды жүргізуді тексеру нәтижесі туралы мәлімет;
 - 16) ерекше белгілер;
 - 17) істен шыққанды жинақтау картасы және құралдардың бұзылуы;
 - 18) қосымшалар (пайдалануға енгізу туралы бұйрықтар, техникалық жай-күйінің актілері, істен шығуларды тексеру).
- Формулярлар парақтары нөмірленеді, формуляр тігіледі, РТЖБП қызметінің бастығы қол қояды, АА кәсіпорнының басшысы бекітеді (бөлімшелер).
3. Формулярдың сақталуына және оны дұрыс жүргізуге осы құрылғыға бекітілген кешеннің жетекші инженері жауапты болады (объекті жетекшісі).
 4. Формуляр жоғалған кезде дубликатты АА кәсіпорнының (бөлімшелер) басшысының рұқсатымен жасалады.
 5. Формулярды алып бару барлық бөлім бойынша жүргізіледі. Формулярдағы барлық жазба анық және нақты жүргізіледі. Тазарту және рұқсат етілмеген түзетулер жіберілмейді. Түзетулерді РТЖБП-ның қызмет бастығы (болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлға) куәландырады.
 6. Формулярдың барлық парақтарын толтыру кезінде қосымша парақтар тігіледі. Қосымша парақтар тігілуі мүмкін болмаған кезде формуляр жаңамен ауыстырылады. Жаңа формулярға әрбір тарау бойынша ескі формулярдың кеңейтілген мәліметін жазады. Бұл жазбалар АА кәсіпорнының бөлімшелер) басшысымен және елтаңба мөрімен бекітіледі. Ескі формуляр актісі бойынша жойылады.
 7. Құралдардың атқарым мәліметі объекті смена персоналының жедел журналында немесе РТЖБП қызметінің смена персоналының жедел журналында 4-қосымшадағы нысанға сәйкес, РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналында 1-қосымшадағы нысанға сәйкес жазбалардың немесе есептегіш көрсікіштерінің негізінде ай сайын кіргізіледі.
 8. Бұйымның негізгі параметрлерінің бақылау өлшемдерінің бағанында жазбалар өлшем нәтижесі бойынша жүргізіледі.
 9. Жөндеу туралы мәліметте белгіленген нормаға сәйкес емес техникалық параметрлер және негізгі анықталған олқылықтар жазылады.
 10. «Шешімдер» бағанында анықталған кемшіліктерді қалпына келтіру бойынша шаралар жазылады.
 11. Формулярда істен шыққан жинақтау картасы және бұзылған құралдар жүргізіледі.
 12. Құралдардың бөлшектерін ауыстыру және ағымдағы жөндеуі туралы жазба жөндеу жүргізген тұлғалармен жүргізіледі. Бұл жерде атауы, қосалқы бөлшектердің ауыстырылған нөмірлері, олардың атқарымы, ауыстыру себебі көрсетіледі.
 13. Консервациялау туралы жазбалар пайдалануға енгізуді орнату кезінде жүргізіледі.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 10-қосымша

Нысан

ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығу және бұзылудың жинақталу картасы

Құралдың нысан _____, зауыттық нөмірі _____
 Дайындау күні _____, пайдалануға енгізу күні _____
 Объектіде орнатылды _____, кәсіпорын _____

Күні	Атқарым			Істен шығу	бұзылу	Істен шығу және бұзылудың саны, оның ішінде себептер бойынша										
	Пайдаланудан бастап	Бір істен шығу	Бір бұзылғанға			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

- (Істен шығу және бұйым бұзылудың жинақталу картасының қарама-қарсы жағы)
 Жинақталу картасы жылына бір рет 1 қаңтардағы жай-күй бойынша толтырылады.
 Істен шығу мен бұзылулар себебі 1-11 санымен көрсетіледі, мынадай мағынасы бар:
- 1 - Істен шығу - жабдықты реттеу немесе метео жағдайдың әсері;
 - 2 - блоктың, модульдің, платаның істен шығуы (ТЭЗ);
 - 3 - бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы /ауытқуы;
 - 4 - электрмен қуаттау жалғасының элементтерінің істен шығуы;
 - 5 - мониторинг және (RCMS) басқару құралдарының, индикация панелдерінің істен шығуы;
 - 6 - қабылдау-тапсыру блоктарының/құрылғыларының істен шығуы;
 - 7 - антенналық-фидерлік құрылғылардың істен шығуы;
 - 8 - отқаз монтаждық жгуттердің окшаулағышының бұзылуы, жинақтау жалғау кәбілдері, толқынды және жоғары жиіліктегі тракттердің істен шығуы, кәбіл ажыратқыштарының істен шығуы;
 - 9 - схеманың механикалық элементтерінің істен шығуы (қозғалтқыш, редуктордың, шестерен, мойынтіректер);
 - 10 - ақпараттарды тарату желісінің істен шығуы (модемдердің, MUX, PPC, ВОЛС, басқа да арналарды құрайтын құрылғыларды) пайдаланушы кәсіпорынның жауапкершілік шегінде (жалданған арналарды қоспағанда);
 - 11 - істен шығуы-анықталмаған себеп.
- («Себеп бойынша істен шығу және бұзылулар саны» графасын толтыру кезінде бір үлгідегі істен шығу және бұзылулар жинақталып және көрсетіледі бір санмен).

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 11-қосымша

Нысан

Келісілген
 ӘҚҚ қызметінің басшысы

 20__ жылғы «__» _____

Бекітемін
 Азаматтық авиация ұйымының басшысы (бөлімше) _____
 20__ жылғы _____

ҰРТҚ және авиациялық әуе байланысы құралдарының резервке (өткізілуі) ауыстырып қосудың нормативтік уақыты

ҰРТҚ құралдарының, авиациялық әуе байланысы арнасының атауы	Нормативтік уақыт (сек)			
	Бастапқы қосу	Резервтік құралға өтуі	Электр энергиясының резервтік көзіне өтуі	
			Электр энергиясының резервтік көзіне қайта қосылуы	Объектінің жұмыс жарамдылығын қалпына келтіру
ГРМ МКп - 68	10	1	0	0

Жерүсті байланыс арналарының (өткізілуі) ауыстырып қосудың нормативтік уақыты

Арнаның атауы, жерүсті байланысының бағыты (корреспонденттің)*	Резервтік арна (айналма жолы)	Резервке ауыстырып қосудың нормативтік уақыты (айналма жолы)

* Арна атаулары, байланыс бағыты ұшулар қауіпсіздігі мен реттеулерде олардың ерекше тәртібімен кестеге жазылады. Кестедегі арнаның тәртіптік нөмірі оның резервпен қамтамасыз ету кезегін және жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіруді анықтайды.

РТЖБП қызметінің басшысы _____

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 12-қосымша жаңа редакцияда; ҚР Көлік министрінің 2024.23.01. № 36 бұйрығымен 12-қосымша өзгертілді (2024 ж. 10 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 12-қосымша өзгертілді (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Азаматтық авиацияда ұшуларды және авиациялық электр байланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 12-қосымша

Пайдалану құжаттарының тізбесі

1. РТЖБП қызметінің пайдалану құжаттары

- Азаматтық авиацияда ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы қағидалары.
- Радиосәулелендіру құрылғыларының радио деректерін есепке алу журналы.
- РТЖБП қызметінің жылдық жұмыс жоспары.
- РТЖБП қызметінің жылдық жұмыс есебі.
- ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға қабылдау актілері (бұйрықтары).
- Энергиямен жабдықтаушы ұйым мен РТЖБП қызметі арасындағы объектінің электр қондырғыларын пайдалануға тиесілігі мен жауапкершілігін шектеу актілері.
- Жердегі тексеру және баптау хаттамалары.
- ҰРТҚ және байланыстың жер үсті құралдарын ұшуды тексеру актілері.
- ҰРТҚ және байланыстың жер үсті құралдарының техникалық жай-күйінің актілері.
- Істен шығуды тергеу актілері.
- Байланыс және басқару кабельдерінің тізмі.
- Кабельдік канализация схемалары.
- Кабель желілерінің паспорттары.
- Тұрақты токтың кабелін электрлік өлшеу хаттамалары.
- Қорғаныс жерлендіруді өлшеу хаттамалары.
- Электр кабельдері мен электр сымдарының оқшаулау кедергісін өлшеу хаттамалары.
- ҰРТҚ және байланыс объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар.
- Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану қағидаларын және электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын білугін тексеру журналы (еркін нысанда).
- Өлшеу және бақылау құралдарын есепке алу журналы (еркін нысанда).
- Осы Қағидаларға сәйкестік кестелері.
- Құжаттарды зерделеуді есепке алу журналы (қызмет немесе кешендер үшін, еркін нысанда).
- Азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерімен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықтар.
- Персоналды аэронавигациялық қызмет көрсетудің ұсынылатын түрлеріне қатысты бөлігінде оған соңғы өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен таныстыру, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпаратты (талдауларды) жеткізу жөніндегі нұсқаулықтар (рәсімдер).
- Резервтеу жөніндегі нұсқаулық.
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық.
- Техникалық оқу жоспарлары.
- Техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің жылдық кестесі.
- Инженерлік-техникалық персоналдың (топтың, кешеннің) бір айға арналған жұмыс жоспары.
- Қауіпті құбылыстар туралы ескерту алған кезде инженерлік-техникалық персоналдың іс-қимылы туралы нұсқаулық.
- Жұмыс орнындағы өрт қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты тіркеу журналдары.

2. ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы кешендерінің пайдалану құжаттары

- Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес РТЖБП қызметінің ауысым персоналының журналы (ауысым персоналының жұмыс орнында).
- ҰРТҚ және байланыс объектісінің резервіне (РТЖБП қызметінің ауысым персоналының жұмыс орнында) қайта қосудың (ауысудың) нормативтік уақытының жиынтық кестесі.
- Резервтеу жөніндегі нұсқаулық (көшірме).
- Өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар (көшірмелері).
- Кешен персоналының лауазымдық нұсқаулықтары (көшірмелері).
- ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы құралдарының формулярлары.
- Техникалық оқу жоспары (көшірмесі).
- Инженерлік-техникалық персоналдың қауіпті құбылыстар туралы ескерту алған кездегі іс-қимылдары туралы нұсқаулығы (көшірмесі).

3. ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы объектілерін пайдалану құжаттары

39. Объектінің ауысым персоналының жедел журналы (тек ауысым персоналы бар объектілер үшін).
40. Ақпаратты ауыстырмалы тасығыштарды есепке алу журналы (осы Қағидаларға 31-тармағының 4-тарауының 3-қосымшасына сәйкес құжаттандыру құрылысында).
41. Осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес ҰРТҚ және байланыс құралдарына ТҚК және жөндеу журналы.
42. Объектіні электрмен жабдықтау схемасы.
43. АФҚ-ны қосу жоспары мен схемалары (радиобайланыс объектілері үшін).
44. Бақылау режимдерінің карталары және баптау кестелері.
45. Нысанның кросс журналы (кесте).
46. ҰРТҚ және байланыс құралдарына арналған пайдалану құжаттамасы.
47. Техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің жылдық кестесінің көшірмесі (үзінді).
48. Объектінің (топтың, кешеннің) инженерлік-техникалық персоналының бір айға арналған жұмыс жоспары (көшірмесі).
49. Объектінің жабдығы мен мүлкінің тізімдемесі
50. Өртке қарсы мүкәммалмен жарақтандыру табелінен үзінді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022.22.11. № 648 бұйрығымен 13-қосымша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 13-қосымша

ҰРТҚ және байланыс құралдарының ТҚ графигі

Құралдың (объектінің) атауы	Жартылай жинақтың (құралдың) зауыттық (шартты) нөмірі	Техникалық қызмет көрсету түрі, жоспарлы жөндеу									
		қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
РМГТ-200 (ЖКРШ-22)	00001		ТҚК-3								МҚК ТҚК-6

Кестенің жалғасы

Техникалық қызмет көрсету түрі, жоспарлы жөндеу		ескерту
қараша	желтоқсан	
13	14	15

Ескерту:

1. ЖКБ үшін «Объекті атауы (құралы)» деген бағанында кәбіл түрі көрсетіледі, «Жартық жиынтықтың (құралдар) зауыттық шартты нөмірі» деген бағанында - трасса учаскесі және кәбіл нөмірі, «Ескерту» деген бағанында - кәбілге құжаттарымен папка нөмірі.

2. «Техникалық қызмет көрсету түрі, жоспарлы жөндеу» бағанында техникалық қызмет көрсету түрлері қысқартылған ТҚК-2 - ТҚК-6, ТҚК-с; жоспарлы жөндеу - ТҚК көрсетіледі; ТҚК бойынша ТҚК жоспарлау кезінде бөлігіше ТҚК сәтіне жоспарланған атқарым көрсетіледі.

Келісілген Қозғалыс қызметінің басшысы

РТЖБП қызметінің бастығы

(қолы)

20__ жылғы «__» _____

(қолы)

20__ жылғы

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 14-қосымша

Нысан

Бекітемін

РТЖБП қызметінің бастығы

20__ жылғы «__» _____

Объектінің инженерлік-техникалық персоналының айлық жұмыс жоспары (топтың, кешеннің)

20__ жылға арналған

Жұмыс атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы	Еңбек көлемі (адам-сағ)		Орындалуы туралы белгі
			Жоспарлы	нақты	

Объектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

«__» _____ жыл

Ескерту. Жұмыстар бөлімдер бойынша жоспарға енгізіледі:

1. Техникалық қызмет көрсету.
2. Жөндеу.
3. Қосымша және басқа да жұмыстар.
4. Ұйымдастыру және техникалық іс-шара.
5. Техникалық оқу.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 15-қосымша

Нысан

ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу журналы

(объектінің атауы)

(ұйымның атауы)

Басталды 20__ жылғы «__» _____

Аяқталды 20__ жылғы «__» _____

Күні	Құралдың атауы, зауыттық (шартты) нөмірі	ТҚ немесе жөндеу түрі	Орындалған жұмыстар мен шығындалған материалдар тізбесі. Техникалық жай-күйі және жұмысқа дайындығы туралы қорытынды.	Т.А.Ә., қолы

Журнал РТЖБП қызметінің әр бір объектісінде жүргізіледі.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 16-қосымша

Бақылау режимдерінің картасы

1. Бақылау режимдерінің картасы әрбір құралды пайдалануға енгізгенде жасалады. Бақылау режимдерінің картасында мәндерді жаңарту ҰРТҚ және байланыс құралдары ұшудан кейін жүргізіледі. Бақылау режимдерінің картасында белгіленген параметрлер мағынасы, өлшенетін параметрлердің номиналдық мағынасы, көлем өлшемдерінің ауытқуда рұқсат етілген мағынасы, (ауытқу шегі), бақылау құрылғылары және басқа да айрықша түзетулер әрбір жабдыққа режимі мен параметрлері.

2. Бақылау режимдерінің картасында көрсетілген параметрлерді тексеру үшін панелдік өлшем құралдары, жабдықтың өлшем датчиктерінің көрсеткішін бейнелейтін панелдер, сондай-ақ қайта қосу көмегімен немесе арнайы таратушыны қоса әртүрлі бақылау нүктелеріне жалғанатын қосымша өлшем құралдары (тасымалдау) және арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету персоналды компьютерлері пайдаланылады. Бақылау режимдерінің картасына бақыланатын параметрлерді анықтайтын қосымша өлшем құралдарының түрі мен нөмірі жазылады.

3. Құралдардың бақыланатын параметрлері рұқсат етілген шектегі бақылау режимдерінің картасында көрсетілген көлеммен сәйкестірілуі тиіс.

4. ҰРТҚ және байланыс құралдарының бақылау режимдері картасының нысаны жабдық түріне қарай әр бір объектіде жасалады.

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 17-қосымша

Нысан

Жер үсті тексеру және баптау хаттамасы

(ҰРТҚ және АӨБ құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның атауы)

ЖЕРДЕГІ ТЕКСЕРУ ХАТТАМАСЫ

(нысан, атауы, (қонудың магниттік курсы), тексерілетін құралды орнату орны)

Тексерілетін құрал параметрлерінің кестесі (кестелері)

ҚОРЫТЫНДЫ

(ұшу кезінде тексерудің қысқаша сипаты, басшылыққа алынған құжаттамалардың тізімі, пайдалану талаптарына сәйкестігі, ұшуды қамтамасыз етуге жарамдылығы)

Жер үстінде тексеру актісіне қосымшалар тізбесі

Жер үстінде тексеруді жүргізгендер:

(лауазым атауы)	(күні)	(қолы)	(тегі, аты-жөні)
(лауазым атауы)	(күні)	(қолы)	(тегі, аты-жөні)

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 18-қосымша жаңа редакцияда

Азаматтық авиацияда ұшуларды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 18-қосымша

**Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдары мен авиациялық
 электр байланысын жердегі және ұшудағы тексеру
 бағдарламалары мен әдістемелері**

Ұшуды тексеру кезінде жүргізілетін рәсімдердің, әдістердің, сондай-ақ өлшенетін параметрлердің рұқсат етілген мәндерінің сипаттамасы дайындаушы зауыт жабдығының пайдалану-техникалық құжаттамасында жазылған.

Ұшуды тексеру кезінде жүргізілетін рәсімдердің, әдістердің, сондай-ақ өлшенетін параметрлердің рұқсат етілген мәндерінің сипаттамасы осы Қағидаларда, сондай-ақ ИКАО құжаттарында жазылған: 10 «авиациялық электр байланысы», Doc 8071 «Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі нұсқаулық» қосымша.

Жердегі тексеру кезінде тексерілетін өлшенетін параметрлердің рәсімдерін, әдістерін, сондай-ақ рұқсат етілген мәндерін сипаттау дайындаушы зауыт жабдығының пайдалану-техникалық құжаттамасында сондай-ақ ИКАО құжаттарында пайдаланылуы мүмкін: 10-қосымша «Авиациялық электр байланысы», Doc 8071 «Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі нұсқаулықта» жазылған. Жердегі тексеру жабдықтың негізгі және резервтік жиынтықтары үшін орындалады. ТБЭ болмаған жағдайда жердегі тексеру кезінде тексерілетін параметрлер тізбесін жеткізу жиынтығы және жабдықтың конфигурациясына байланысты пайдалануға беру кезінде пайдаланушы персонал айқындайды.

1-тарау. Аспаптар бойынша қону жүйесі (ILS) Ұшуды тексеру кезінде тексерілетін параметрлер тізбесі I, II және III санатты ILS курстық радиомаяктары

р/с №	Параметр	Сипаттама, рұқсат беру	Тексеру түрі (таратушы)
1	2	3	4
1	Тану	KPM берілетін танудың кодталған сигналы барлық қолданылу аймағы шегінде әртүрлі тексерулер кезінде бақыланады. Егер кодтық белгілер дұрыс болса (Морзе коды), анық ажыратылса және тиісті аралықтармен берілсе, тану қанағаттанарлық деп есептеледі. Тану сигналын беру ешбір жағдайда KPM негізгі функциясын орындауға кедергі келтірмейді.	<i>C (tx1 және tx2), P (tx1 және tx2)</i>
2	Модуляция тереңдігінің қосындысы	Модуляция тереңдігі ұшу кезінде ҰҚЖ шетінің бағыты бойынша анықталады. Курс сызығы бойымен 90 және 150 Гц жиіліктегі сигналдармен жоғары жиілікті тасымалдаушы модуляцияның номиналды тереңдігі 20% құрайды. Модуляция тереңдігі 18-22% аралығында. Талап етілетін әсер ету аймағында 90 және 150 Гц тональды жиіліктер сигналдарымен жоғары жиілікті тасымалдаушы модуляциясының жиынтық тереңдігі 60% - дан аспайды және 30% - дан кем болуы тиіс.	<i>C (tx1 және tx2), P (tx1 және tx2)</i>
3	Орын ауыстыру сезімталдығы	Орын ауыстыруға сезімталдықты өлшеудің екі негізгі әдісі бар - курс секторының шекаралары бойынша қонуға бет алу және ұшу-қону жолағының осьтік сызығының жалғасуына курс секторының тік бұрышпен қиылысуымен ұшып өту немесе орбиталық айналып ұшу. Пайдалануға беру кезінде қонуға кіру әдісі ұсынылады. Мерзімді тексерулер кезінде курс секторын кесіп өтетін ұшу әдісі немесе орбиталық ұшу әдісі қолданылады. Орын ауыстыруға сезімталдық мынадай шектерде орнатылады және сақталады: ИС. I және II: номиналды мәнінен $\pm 17\%$; ИС. III: номиналды мәнінен $\pm 10\%$.	<i>C (tx1 және tx2), P (tx1 немесе tx2)</i>
4	Курстан ығысу кезіндегі клиренс	KPM клиренсі берілетін сигнал пайдаланушыны курстан орын ауыстыру туралы дұрыс деректермен қамтамасыз ететіндігін және жалған курстардың жоқтығын анықтау үшін тексеріледі. Тексеру KPM орнату орнынан 9-15 км радиуспен және антеннадан шамамен 460 м биіктікте орбиталық ұшуды орындау арқылы жүргізіледі. Жер бедері әсер еткен жағдайда биіктік әуе кемесі мен антенна арасындағы тікелей көріну сызығы қамтамасыз етілетіндей болып таңдалады. Клиренсті тікелей курстың әрбір жағынан $\pm 35^\circ$ қамтамасыз етілетін әсер ету аймағының бұрышлық шегінде тексеру қажет. РГМ негізінен сызықтық заңға сәйкес курстың алдыңғы сызығына қатысты бұрыштық ығысу функциясы түрінде өседі, мұндағы РГМ 0-ге тең, курстың алдыңғы сызығының екі жағындағы бұрышқа дейін, мұнда РГМ 0,180 (175 мкА) тең. Осы бұрыштан $\pm 10^\circ$ РГМ бұрышына дейін кемінде 0,180 (175 мкА) құрайды. $\pm 10^\circ$ бұрыштан $\pm 35^\circ$ РГМ бұрышына дейін кемінде 0,155 (150 мкА) құрайды. Сектордан тыс әрекет ету аймағын $\pm 35^\circ$ қамтамасыз ету талап етілетін жерде, осы аймақтағы РГМ, артқы курсты қоспағанда, кемінде 0,155 (150 мкА) құрайды.	<i>C (tx1 және tx2), P (tx1 немесе tx2)</i>
5	Орынның үлкен бұрыштарында тазарту	Жердегі қоршаған орта мен антеннаның биіктігінің белгілі бір үйлесімі нөлдердің немесе жалған курстардың пайда болуына әкелуі мүмкін, олар аспаптар бойынша қонуға кірудің кейбір қалыпты биіктіктерінде байқалмауы мүмкін. Осы себепті келесі жағдайларда орынның үлкен бұрыштарында клиренске талдау жүргізу қажет: а) бастапқы пайдалануға беру; б) антеннаның орналасу орнын өзгерту; в) антенна биіктігінің өзгеруі; г) антеннаның басқа түрін орнату. Орынның үлкен бұрыштары кезінде клиренсті тексеру антенна арқылы өтетін көлденеңге қатысты 7° бұрышқа сәйкес келетін биіктікте курстан ығысу кезінде клиренсті тексеру сияқты тәсілмен қамтамасыз етілетін қолданылу аймағының бұрыштық шектерінде жүзеге асырылады. Егер 9-15 км радиусы бар орбиталық ұшу кезінде осы салыстырмалы биіктіктегі ең аз клиренс 150 мкА-дан асса, ал 300 м биіктіктегі клиренс қанағаттанарлық болып табылса, онда KPM барлық аралық биіктіктердегі талаптарға жауап береді деп есептеледі. Егер жергілікті жағдайлар қонуға кіру биіктігі антеннаның биіктігіне қатысты 1800 м-ден асуын талап етсе, онда тиісті клиренстің болуын және ұшуды орындауға елеулі әсер ететін жалған курстардың болмауын растау үшін тексеруді жоғары биіктіктерде жүргізген жөн.	<i>C (tx1 және tx2)</i>

6	Курсты дәлдеу дәлдігі	KPM белгілеген курстың туралануын өлшеу және талдау кезінде курс сызығының қисықтығын ескеру қажет. Шешім қабылдаудың тиісті биіктігінен төмен тұрған келесі сындарлы аймақтарда курстың орта сызығын түзету қажет: ИС. I-BILS нүктесінің аймағында; ИС. II-ILS В нүктесінен ILS тірек нүктесіне дейін; ИС. III-C ILS нүктесінен d ILS нүктесіне дейін. Осы тексеруді жүргізу кезінде глиссаданы пайдалана отырып, ILS жүйесі бойынша қонуға әдеттегі кіру орындалады, мұнда мұндай қамтамасыз етіледі. Әуе кемесінің орналасқан жері туралы деректер сүйемелдеу жүйесінің немесе орналасқан жерін айқындау жүйесінің көмегімен тіркеледі. Зерттелетін учаскеде курстық сызықтың қисықтығы болған жағдайда, KPM-нің орташа туралануын есептеу үшін оларды талдау керек. Курстың орташа сызығы ILS тірек нүктесінде ҰҚЖ-ның осьтік сызығынан мынадай ығысумен баламалы шектерде орнатылады және ұсталады: ИС. I: $\pm 10,5$ м (35 фут) немесе 0,015 PGM сызықтық эквиваленті (шамалардан кіші алынады); ИС. II: $\pm 4,5$ м (25 фут); ИС. III: ± 3 м (10 фут). Бұл ретте II және III санаттардағы KPM ILS жоғарыда көрсетілген шектерге өте сирек қол жеткізілетіндей етіп икемделеді және пайдаланылады дегенді білдіреді.	C (tx1 және tx2), P (tx1 және tx2)																												
7	Курстың құрылымы	Бұл тексеру курс сызығының қисықтығын дәл өлшеу болып табылады және туралауды және ығысуға сезімталдықты тексерумен бір уақытта орындалуы мүмкін. Курстың құрылымын тек курс секторының қалыпты пайдалану енімен өлшеу керек. ILS KPM курс сызығының қисаюы мынадай шамалардан асатын амплитудалар жасамайды: <table border="1"> <tr> <td></td><td colspan="3">Амплитудасы (MTA) (95 % ықтималдық)</td></tr> <tr> <td>Аймақ</td><td>I санат</td><td>II санат</td><td>III санат</td></tr> <tr> <td>Әрекет ету аймағының сыртқы шекарасынан AILS нүктесіне дейін</td><td colspan="3">0,031</td></tr> <tr> <td>A(ILS) нүктесінен B ILS нүктесіне дейін</td><td>0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,015 мәніне дейін азаяды</td><td colspan="2">0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,005 мәніне дейін азаяды</td></tr> <tr> <td>B ILS нүктесінен C (ILS) нүктесіне ILS тірек нүктесіне дейін</td><td>0,015</td><td colspan="2">0,005</td></tr> <tr> <td>ILS-ші тірек нүктесінен D ILS нүктесіне дейін</td><td>-</td><td>-</td><td>0,005</td></tr> <tr> <td>D ILS нүктесінен E ILS нүктесіне дейін</td><td>-</td><td>-</td><td>0,031 нүктесінде сызықтық заңға сәйкес D нүктесінде 0,010 мәніне дейін азаяды</td></tr> </table>		Амплитудасы (MTA) (95 % ықтималдық)			Аймақ	I санат	II санат	III санат	Әрекет ету аймағының сыртқы шекарасынан AILS нүктесіне дейін	0,031			A(ILS) нүктесінен B ILS нүктесіне дейін	0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,015 мәніне дейін азаяды	0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,005 мәніне дейін азаяды		B ILS нүктесінен C (ILS) нүктесіне ILS тірек нүктесіне дейін	0,015	0,005		ILS-ші тірек нүктесінен D ILS нүктесіне дейін	-	-	0,005	D ILS нүктесінен E ILS нүктесіне дейін	-	-	0,031 нүктесінде сызықтық заңға сәйкес D нүктесінде 0,010 мәніне дейін азаяды	C (tx1 және tx2), P (tx1 және tx2)
	Амплитудасы (MTA) (95 % ықтималдық)																														
Аймақ	I санат	II санат	III санат																												
Әрекет ету аймағының сыртқы шекарасынан AILS нүктесіне дейін	0,031																														
A(ILS) нүктесінен B ILS нүктесіне дейін	0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,015 мәніне дейін азаяды	0,031 A нүктесінде сызықтық заңға сәйкес B нүктесінде 0,005 мәніне дейін азаяды																													
B ILS нүктесінен C (ILS) нүктесіне ILS тірек нүктесіне дейін	0,015	0,005																													
ILS-ші тірек нүктесінен D ILS нүктесіне дейін	-	-	0,005																												
D ILS нүктесінен E ILS нүктесіне дейін	-	-	0,031 нүктесінде сызықтық заңға сәйкес D нүктесінде 0,010 мәніне дейін азаяды																												
8	Қолданылу аймағы (пайдаланылатын қашықтық)	Бұл тексеру КРЕМ пайдаланушыны бүкіл пайдалану аймағы шегінде дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ететіндігін растау үшін орындалады. KPM әрекет ету аймағы секторы KPM антеннасынан мынадай қашықтықтарға дейінгі аумақты қамтиды: e) $46,3 \text{ км} \pm 10^\circ$ шегінде тікелей бағамдық сызыққа қатысты; f) $31,5 \text{ км} 10^\circ\text{-}35^\circ$ секторында екі жағынан тікелей бағамға қатысты; g) егер осындай әрекет ету аймағы қамтамасыз етілсе, сектордан тыс $\pm 35^\circ 18,5 \text{ км}$. Топографиялық жағдайлар талап еткен немесе пайдалану талаптарымен рұқсат етілген жағдайларда, басқа навигациялық құралдар қонуға аралық кіру шегінде қанағаттанарлық әсер ету аймағын қамтамасыз еткен жағдайда, көрсетілген шектер $\pm 10^\circ$ сектор шегінде $33,3 \text{ км}$-ге және қолданылу аймағының қалған бөлігі шегінде $18,5 \text{ км}$-ге дейін азайтылуы мүмкін. KPM сигналдары көрсетілген қашықтықтарда ҰҚЖ табалдырығының биіктігіне қатысты 600 м және одан астам биіктікте немесе қонуға кірудің аралық және соңғы учаскелері шегіндегі ең жоғары нүктеге қатысты 300 м биіктікте, шамалардың қайсысы артық болуына байланысты, KPM антеннасынан созылатын және көлденең жазықтыққа қатысты 7° еңісі бар бетке дейін қабылданады. Мерзімді тексерулер кезінде KPM сигналдары осы аймақтан тыс пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, курс сызығының әр жағынан 35° сектор шегінде $31,5 \text{ км}$ қашықтықта ғана қолданылу аймағын тексеру қажет.	C (tx1 және tx2), P (tx1 немесе tx2)																												
	- Өріс кернеулігі	Жоғарыда көрсетілген әсер ету аймағының барлық бөліктеріндегі KPM өрісінің ең аз кернеуі кемінде 40 мкВ/м (-114 дБВт/м^2) құрайды. ИС I: -107 дБВт/м^2 (90 мкВ/м) 30 м биіктікке дейін $18,5 \text{ км}$ қашықтықтағы глиссадада II санат: -106 дБВт/м^2 (100 мкВ/м) глиссадада $18,5 \text{ км}$ шығарыла отырып, табалдырықтан 15 м биіктікте - 100 дБВт/м^2 (200 мкВ/м) дейін ұлғая отырып III санат: -106 дБВт/м^2 (100 мкВ/м) глиссадада $18,5 \text{ км}$ жоюмен, дейін ұлғая отырып -- 100 дБВт/м^2 (200 мкВ/м) табалдырықтан 6 м биіктікте, -106 дБВт/м^2 (100 мкВ/м) курстық радиомаяк бағытында 4 м биіктікте ҰҚЖ бойымен.																													
9	Поляризация	Бұл тексеру сигналдың қажетсіз тік полярланған компоненттерінің әсерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Әуе кемесі көлденең ұшып өту кезінде (ҰҚЖ-ның осьтік желісінің жалғасуы бойымен) талап етілетін жол желісіне шыдайды және бойлық оське қатысты әрбір жаққа 20° қисаюды орындайды. Тік жазықтықта полярланған курс сызығындағы сәулеленудің құрамдас бөлігі сәйкес келетін мәннен аспайды: ИС. I: 15 мм; ИС. II: 8 ма; ИС. III: курс сызығының әр жағынан 20 мкА-мен шектелген сектор шегінде 5 мкА.	C (tx1 және tx2)																												
10	Бақылау жүйесі	Бұл сынақтар бақылау жүйесінің іске қосылу функциясын тексеру болып табылады және мақсаты бақыланатын рұқсаттардан тыс бағытта сигналдарының сәулеленуін толығымен жою болып табылады.																													
	- Түзету	Бақылау жүйесі бағыттың орта сызығының ILS тірек нүктесінде ҰҚЖ өсінен мынадай қашықтықтарға баламалы немесе одан үлкен ығысу дабылы сигналын қамтамасыз етеді: ИС. I: $10,5 \text{ м}$; ИС. II: $7,5 \text{ м}$; ИС. III: 6 м.	C (tx1 және tx2), P (tx1 немесе tx2)																												

- Орын ауыстыру сезімталдығы	Бақылау жүйесі барлық ILS санаттары үшін номиналдан 17% - дан астам ерекшеленетін мәнге дейін ығысуға сезімталдық өзгерген кезде дабыл сигналын қамтамасыз етеді.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ немесе } tx2)$
	Бақылау жүйесі сәулелену қуаты 80% - ға дейін (екі жиілікті KPM) немесе 50% - ға дейін (бір жиілікті KPM) азайған кезде дабыл сигналын қамтамасыз етеді	$C (tx1 \text{ и } tx2), P$ $(tx1 \text{ или } tx2)$

Ұшуды тексеру кезінде тексерілетін параметрлер тізбесі I, II және III санатты ILS глиссдалық радиомаяктары

p/c№	Параметр	Сипаттама, рұқсат беру	Тексеру түрі (таратушы)
1	2	3	4
1.	Көлбеу бұрышы - Түзету	Осы өлшеулер курс сызығы бойымен және глиссда сызығында қонуға стандартты бет алуды орындау кезінде жүргізіледі. ILS глиссдасының еңіс бұрышын 3°-тең пайдалану ұсынылады. Глиссданың еңіс бұрышы мынадай шектерде орнатылады және ұсталады: ИС. I және II: q шамасынан $\pm 0,075$ q; ИС. III: q шамасынан $\pm 0,04$ q. Пайдалануға беру кезінде глиссданың көлбеу бұрышы-таңдалған номиналды бұрышқа мүмкіндігінше жақын орнатылады. Мерзімді тексеру кезінде глиссданың көлбеу бұрышы-көрсетілген мәндер шегінде.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ және } tx2)$
	-Тірек нүктесінің биіктігі ILS	ILS глиссдасының тік сызықты учаскесін төмен қарай жалғастыру ILS тірек нүктесі арқылы кедергілерден өту кезінде қауіпсіз бағыттауды, сондай-ақ Қызмет көрсетілетін ҰҚЖ-ны қауіпсіз және тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін биіктікке өтеді. I, II және III санаттар үшін ILS тірек нүктесінің биіктігі 15 м-ге тең.	$C (tx1 \text{ және } tx2)$
2.	Модуляция тереңдігінің қосындысы	Модуляция тереңдігі глиссданың көлбеу бұрышын тексеру кезінде анықталады. Глиссдадағы 90 және 150 Гц жиіліктегі сигналдармен жоғары жиілікті тасымалдаушы модуляцияның номиналды тереңдігі 40% құрайды. Модуляция тереңдігі 37,5-42,5% аралығында. Модуляция тереңдігінің қосындысы 75-85% аралығында.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ және } tx2)$
3.	Орын ауыстыру сезімталдығы-Шамасы - Симметрия	Бұл өлшеуді ұшудың екі негізгі схемасы арқылы орындауға болады: курс сызығы бойымен қонуға кіру және көлденең ұшып өту. I, II және III санаттағы ILS GPM бұрыштық ығысуына сезімталдық бұрыштық ығысу кезінде 0,0875 құрайтын PGM сәйкес келеді: ИС. I: глиссданың үстінде және астында 0,07 q және 0,14 q шегінде (глиссданың үстінде және астында 0,12 q, $\pm 0,02$ q шегінде - сипаттамалары белгіленген және шекте ұсталатын KPM үшін); ИС. II: 0,12 q глиссда үстінде, $+0,02$ q және $-0,05$ q шегінде; ИС. II және III: $\pm 0,02$ q шегінде глиссда астында 0,12 q. ILS GPM бұрыштық ығысуына сезімталдық; ИС. I: $\pm 25\%$ таңдалған номиналды мәні; ИС. II: $\pm 20\%$ таңдалған номиналды мәні; ИС. III: таңдалған номиналды мәнінің $\pm 15\%$.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ немесе } tx2)$
4.	Клиренсі -Төмен глиссда	Глиссда секторының клиренсі толық сектор арқылы көлденең ұшып өту жолымен анықталады. Бұл өлшеу әдісін көлденең аралықта сырғанау бұрышы мен ығысуға сезімталдықты өлшеу әдісімен біріктіруге болады. Егер 190 мкА мәніне 0,45 q жоғары бұрышпен қол жеткізілсе, бұл деңгейді ең болмағанда 0,45 q бұрышына дейін ұстап тұру қажет.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ және } tx2)$
	Глиссдадан жоғары	Сигнал деңгейі кем дегенде 150 мкА құрайды және ол 1,75 q бұрышына жеткенге дейін 150 мкА-дан төмен түспейді.	
		Глиссданың құрылымын анықтау глиссданың қисықтығы мен күрт ауытқуын дәл өлшеу болып табылады. Бұл өлшеу глиссданың көлбеу бұрышын өлшеумен бір уақытта жүргізіледі. ILS GPM глиссдасы сызығының қисаюы мынадай шамалардан асатын амплитудалар жасамайды:	
5.	Глиссда құрылымы	Амплитудасы (MTA) (95 % ықтималдық)	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ және } tx2)$
	Аймақ	I санат	
	Қолданылу аймағының сыртқы шегінен с ILS нүктесіне дейін а ILS нүктесіне дейін	0,035	
	A(ILS) нүктесінен B ILS нүктесіне дейін	0,035 нүктесінде сызықтық заң бойынша B нүктесінде 0,023 мәніне дейін азаяды	
	BILS нүктесінен ILS тірек нүктесіне дейін	-	0,023
6.	Кедергілер - Кедергілерді тазарту	Тексерулерді глиссда секторынан төмен жүзеге асыруға болады, бұл глиссда секторының төменгі шекарасы мен кедергілер арасындағы ұшу үшін қауіпсіз аймақтың бар екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Әуе кемесі GPM антеннасынан шамамен 9,26 км қашықтықта ҰҚЖ бағытындағы KPM тікелей бағытында және кемінде 180 мкА «жоғары ұшу» сигналының деңгейіне қол жеткізілетін биіктікте болады. Ұшу ҰҚЖ шегіне жеткенге дейін немесе кедергілерді айналып өту үшін траекторияны өзгерту қажеттілігі туындағанға дейін кемінде 180 мкА клиренсі ұстала отырып ҰҚЖ бағытында жалғасады. Бұл тексеру траектория ені болған кезде бақылау құрылғысын тексеру кезінде жүзеге асырылады, ол 180 мкА орнына 150 мкА «жоғары ұшу» сигналының минималды мәні қолданылатын дабылдардың кең шегіне орнатылды. Егер мұндай тексеру бақылау құрылғысын тексеру барысында кең шектерде жүргізілсе, оны пайдалануға беру кезіндегі тексеруді қоспағанда, траекторияны қонуға кірудің қалыпты секторының қалыпты еніне қайтарғаннан кейін орындаудың қажеті жоқ.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ немесе } tx2)$
7.	Қолданылу аймағы - Пайдаланылатын қашықтығы - Өріс кернеулігі	ILS GPM-нің қолданылу аймағы ҰҚЖ-ның осьтік сызығынан екі жағынан кемінде 18,5 км қашықтықта 8° бұрыштары бар көлденең секторда және 1,75 q бұрышындағы жоғарғы шекарасы бар тік секторда және көлденеңнен 0,45 q бұрышындағы төменгі шекарасы бар немесе кепілдік беру үшін талап етілетін 0,3 q төмен бұрышындағы кеңістік аймағын қамтиды ILS глиссдасына кірудің жарияланған схемасын орындау. KPM әрекет ету аймағында ILS ең аз өріс кернеулігін 400 мкВ/м (-95 дБВт/м2) қамтамасыз етеді. I санаттағы ILS KPM өрісінің кернеулігі ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін көлденеңнен 30 м биіктікке дейін қамтамасыз етіледі. II және III санатты ILS KPM өрісінің кернеулігі ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін көлденең жазықтықтан 15 м биіктікке дейін қамтамасыз етіледі.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ немесе } tx2)$
8	- Бақылау жүйесі - Бұрышы	Бақылау құрылғыларын тексеру глиссданың еңіс бұрышын, ығысуға сезімталдықты және клиренсті өлшеу үшін қолданылатын жоғарыда сипатталған әдістерді пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.	
	- Орын ауыстыру сезімталдығы -Қуат	Бақылау жүйесі I, II және III санаттардағы ILS GPM глиссдасы H бұрышы $-0,075$ -тен $+0,10$ q-ке дейінгі бұрыштың жарияланған мәнінен үлкен шамаға өзгерген кезде дабыл сигналын қамтамасыз етеді.	$C (tx1 \text{ және } tx2),$ $P (tx1 \text{ немесе } tx2)$

		Бақылау жүйесі І, II және III санаттардағы ILS ГРМ ығысуына сезімталдық номиналды шамаға қатысты $\pm 25\%$ - дан артық шамаға өзгерген кезде дабыл сигналын қамтамасыз етеді.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ немесе $tx2)$
		Басқару жүйесі дабыл сигналын қамтамасыз етеді: - қуатты 3 дБ-ға төмендету немесе қолданылу аймағын осы уақыт үшін белгіленген талаптардан төмен параметрлерге дейін азайту кезінде, бұл ретте көрсетілген өзгерістердің ең азы алынады. Екі жиілікті ГРМ пайдалану кезінде бақылау жүйесі, сынақ нәтижелері осы деңгейден жоғары неғұрлым кең шектерді қолдану сигналдар сипаттамаларының қолайсыз нашарлауына алып келмейтіндігін растаған жағдайларды қоспағанда, көтергіштердің ± 1 дБ шамасына өзгерген кезде дабыл сигналын қамтамасыз етеді. - сәулелену қуаты 80% - ға дейін (екі жиілікті ГРМ) немесе 50% - ға дейін (бір жиілікті ГРМ) азайған кезде.	

ILS маркерлік радиомаяктарын ұшуды тексеру кезінде тексерілетін параметрлер тізбесі

p/c №	Параметр	Сипаттама, рұқсат беру	Тексеру түрі (таратушы)
1	2	3	4
1	Манипуляция	Манипуляцияны тексеру МРМ үстінен ұшып өту кезінде ILS бойынша қонуға кіру кезінде жүзеге асырылады. Манипуляцияны бағалау дыбыстық және визуалды индикация бойынша жүргізіледі және кодтық белгілер дұрыс, анық ажыратылатын және тиісті аралықтармен берілген кезде қанағаттанарлық деп есептеледі. Модуляцияланған тональды сигналдың жиілігін визуалды индикация жүйесінің жұмысын үш лампа тақтасы түрінде бақылау арқылы тексеру болады, яғни қалаған шамның жануы арқылы: сыртқы маркер (ОМ) - көк шам, орташа маркер (ММ) - қызғылт сары және ішкі маркер (ІМ) - ақ. Дыбыстық жиіліктер модуляциясы келесідей: h) ішкі МРМ (бар болса): секундына алты нүктені үздіксіз беру; i) орташа МРМ: ауыспалы нүктелер мен сызықшалардың үздіксіз сериясы, сызықша секундына екі сызықша, ал нүктелер секундына алты нүкте жылдамдығымен беріледі; j) сыртқы МРМ: секундына екі сызықшаны үздіксіз беру. Бұл берілу жылдамдығы $\pm 15\%$ төзімділікпен ұсталады.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ және $tx2)$
2	Қолдану аймағы - Индикация - Өріс кернеулігі	Әрекет ету аймағы ILS бойынша қонуға қалыпты кіру кезінде МРМ үстінен ұшу және жалпы уақытты өлшеу жолымен анықталады, оның барысында визуалды индикация және тасымалдаушы сигналының алдын ала белгіленген деңгейі байқалады. МРМ жүйесі глиссалада және ILS құрсының сызығында өлшенетін келесі қашықтықтарда әрекет ету аймағын қамтамасыз ететіндей етіп икемделеді: k) ішкі МРМ: 150 м ± 50 м; l) орташа МРМ: 300м ± 100 м; m) сыртқы МРМ: 600 м ± 200 м. Қолданылу аймағының шекарасындағы өріс кернеулігі 1,5 мкВ/м (-82 дБВт/м ²) құрайды, қолданылу аймағының шегінде кемінде 3 мкВ/м (-76 дБВт/м ²) дейін артады.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ және $tx2)$

Орынды анықтау Радионавигациялық құралдардың кейбір параметрлерін бағалау кезінде жабдық пен орналасқан жерді анықтаудың кіші жүйесі енгізген қателіктердің үйлесімін ескеру қажет. Өз табиғаты бойынша, бұл қателер тәуелсіз, сондықтан өлшенген параметрдің жалпы статистикалық қателігі квадраттар қосындысының квадрат түбіріне тең, әр ішкі жүйе енгізген өлшенген қателіктерге тең деп санауға болады. Параметрді өлшеу нәтижелерінің белгісіздігі берілген параметр үшін төзімділіктен салыстырғанда кемінде бес есе аз.

Орналасу кіші жүйесінің дәлдігіне қойылатын ең аз талаптар

Өлшеу түрі	I санаты		II санаты		III санаты	
	Шектеу нүктесі	Дәлдігі	Шектеу нүктесі	Дәлдігі	Шектеу нүктесі	Дәлдігі
1	2	3	4	5	6	7
Бұрыштық - КРМ - ГРМ	C	0,02°, 0,04° (ескертумені қарау) 0,006 q	T	0,007°, 0,01° (ескертумені қарау) 0,003 q	D	0,006°, 0,008° (ескертумені қарау) 0,003 q
Қашықтық		0,19 км		0,19 км		0,19 км

Ескерту.

Шекті мәндер ҰҚЖ-ның әртүрлі ұзындығын ескере отырып, КРМ (3° 6') курсы секторының шекті өлшемдері үшін есептеледі.

2-тарау. Барлық жаққа бағытталған ӨЖЖ-радиомаяк (VOR) Барлық жаққа бағытталған ӨЖЖ-радиомаяқты ұшуда тексеру кезінде тексерілетін параметрлер тізбесі

p/c №	Параметр	Сипаттама, рұқсат беру	Тексеру түрі (таратушы)
1	2	3	4
1.	Тану	Тану сигналы курс құрылымына дұрыс, анық және ықтимал жағымсыз әсер етуі тексеріледі. Бұл тексеру ұшу кезінде дәл курс бойынша және радиомаяқтың тікелей радиовидималдылығы шегінде орындалады. Бұл ретте курс құрылымына кодтық немесе тілдік танудың әсерін айқындау мақсатында курс көрсеткіштерінің жазылуына бақылау жүзеге асырылады. Егер бұл ретте құрстан шамалы ауытқулар болуы мүмкін деген күдік пайда болса, онда сол маршрут бойынша ұшу кезінде, бірақ тану сигналы өшірілген кезде қайта тексеру жүргізіледі.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ және $tx2)$
2.	Ұшу бағытын көрсету	Бұл параметрді тексеру ұшу тексеруінің басында орындалады және қайталанбайды. Бұл ретте әуе кемесінің радиомаяк бағытындағы пеленгі белгілі. Тиісті радикал таңдалады және курстық ауытқулар индикаторының крест тәрізді көрсеткіші 0-ге орнатылса, индикатор маяқтың «ОТ»-ны көрсетеді. Бұл параметрді тексеру индикатор көрсеткісінің айналу бағытын тексеру алдында орындалады, өйткені ұшу бағытының полярлығын дұрыс көрсетпеу қарама-қарсы бағытта көрінетін, радиомаяк антеннасының бағыттау диаграммасының айналуына әкелуі мүмкін.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ және $tx2)$
3.	Ауытқу индикаторы көрсеткішінің айналу бағыты	Дөңгелек ұшуды орындау керек. Сағат тіліне қарсы ұшу кезінде радиалды ауытқулардың мәні үздіксіз төмендейді, ал ұшу кезінде сағат тілімен жоғарылайды.	$C (tx1$ және $tx2)$, $P (tx1$ және $tx2)$

4.	Поляризация	Поляризацияның әсері антенна жүйесі шығаратын тік поляризациямен РЖ компонентінің әсерінің нәтижесі болып табылады. Қажет емес «тік поляризацияның «болуын» бұрыштық позицияның «әсерімен тексеру керек; бұл әсерді» 360° бұрылу әдісі «немесе» курс эффектисі» әдісі арқылы зерттеуге болады, ал орам 30° құрайды. Бұл әдістерді 18,5-37 км қашықтықта қолдану керек. Тік поляризация кезінде ауытқуға төзімділік $\pm 2^\circ$ құрайды..	$C (tx1 және tx2),$ $P (tx1 және tx2)$
5.	Курс құрылымының дәлдігі - Түзету - Қисаю - Кедір-бұдырлар типінің және тарақ типінің ауытқулары- Ұшу жарамдылығы	Түзетудің дұрыстығын дөңгелек ұшу немесе бірнеше радиалдар бойымен ұшу кезінде анықтауға болады. Ұшу биіктігін әуе кемесі VOR антеннасының бағыттылық диаграммасының негізгі жапырақшасының шегінде болатындай етіп таңдау керек. Айналымалы ұшу орналасқан жерді айқындаудың тірек жүйесі әуе кемесінің орналасқан жерін дәл анықтай алатындай биіктікте және қашықтықта орындалады. Қажетті дәлдікке жету үшін ұшу үлкен қашықтықта жүзеге асырылады. 360° шегінде өлшеу жүргізу үшін дөңгелек ұшу орбитасы жеткілікті маржамен жабылады. Сонымен қатар, дәлдеу дәлдігін бірнеше радиалды тәсілмен ұшуды орындау арқылы анықтауға болады. Сонымен қатар, радиомаякқа жақындау радиалдар арасындағы тең бұрыштық интервалдар арқылы жүзеге асырылады. VOR дәлдігінің дәлдігін анықтау үшін кемінде сегіз радиалды тәсілдерді орындау қажет. Туралау төзімділік $\pm 2^\circ$ болып табылады. Қисықтықтар радиолдың тұрақты магниттік азимутына қатысты өлшенеді. Қисықтықтан туындаған курс сызығының есептелген орташа туралауға қатысты ауытқуы 3,5° аспайды және дұрыс магниттік азимутқа қатысты 3,5° шегінде қалады. Тарақ түріндегі ауытқулар-бұл курстық сызықтан циклдік ауытқулар. Мұндай ауытқулардың жиілігі айтарлықтай жоғары болғандықтан, олар орташаланады және әуе кемесінің бағамдық ығысуына әкелмейді. Біркелкі емес типтегі ауытқулар-бұл курстық сызықтан күрт тұрақты емес ауытқулар. Жоғарыда аталған екі ауытқудың бір түрінен немесе олардың комбинациясынан туындаған курс сызығының оның орташа мәніне қатысты қысқа мерзімді ауытқулары 3° аспайды. Ұшуға жарамдылық тексеруді жүзеге асыратын пилот беретін субъективті бағалауды білдіреді. Ұшу жарамдылығын бағалау қолданыстағы радиалдар бойынша ұшу кезінде және VOR пайдалануға негізделген ұшу схемаларын орындау барысында жүргізіледі.	$C (tx1 және tx2),$ $P (tx1 және tx2)$
6.	Модуляция тереңдігі - Жиілік сигналы 9960 Гц - Жиілік сигналы 30 Гц	Модуляция тереңдігін дөңгелек ұшу немесе бірнеше радиалдар бойымен ұшу кезінде өлшеуге болады. 30 Гц сигналынан туындаған немесе 9960 Гц қосалқы жиіліктегі тасымалдаушы жоғары жиілікті модуляцияның номиналды тереңдігі 28-32% аралығында болады. Бұл талап қайталану болмаған кезде қабылданатын берілетін сигналға қатысты қолданылады. 30 Гц сигналымен жоғары жиілікті тасымалдаушы модуляция тереңдігі, бұрышқа 5° дейін тіркелген, 25-35% шегінде. 9960 Гц сигналымен жоғары жиілікті тасымалдаушы модуляция тереңдігі 5° дейінгі бұрышқа тіркелген, сөйлеу модуляциясы жоқ құралдар үшін 20-55% шегінде және сөйлеу модуляциясы бар құралдар үшін 20-35% шегінде болады.	$C (tx1 және tx2),$ $P (tx1 және tx2)$
7.	Қолданылу аймағы	VOR әрекет ету аймағы қызмет көрсетілетін әуе кеңістігінің пайдалануға жарамды ауданы болып табылады, оның шекаралары VOR әртүрлі тексерулерін жүргізу кезінде 40° орын бұрышына дейін анықталады. Қызмет көрсетудің ең төменгі деңгейінде және қызмет көрсетудің көрсетілген ең жоғары радиусында үлгілік борттық қондырғының қанағаттанарлық жұмысын қамтамасыз ету үшін талап етілетін кеңістіктегі VOR сигналдары өрісінің кернеулігі 90 мкВ/м (-107 дБВт/м ²) құрайды. VOR әсер ету аймағы тек сигнал деңгейіне ғана емес, сонымен қатар басқа факторларға да байланысты. Кедір-бұдырлар мен тарақтар түріндегі ауытқулар, қисаю, түзету және/немесе кедергілер белгіленген шектерден асып, радиомаяқты пайдалану үшін жарамсыз ететін аудандарда шектеулер қолданылады, оларға радиомаяқ сигналының жеткіліксіз деңгейіне байланысты шектеулер сияқты қарау керек. VOR қолданылу аймағын аспаптар бойынша ұшу схемаларын бағалау арқылы тексереді. АҰЕ бойынша пайдалану үшін пайдаланылатын немесе белгіленетін радиалдар АҰЕ көзделген ұшу схемаларын орындау үшін олардың жарамдылығын айқындау мақсатында тексеруден өтеді. Тексеруге жататын радикалдарды іріктеу мынадай критерийлер негізінде жүргізіледі: a) аспаптар бойынша қонуға кіру схемаларын орындауды қамтамасыз ететін радикалдар әрбір кезеңдік ұшу тексерісі кезінде тексеріледі; b) айналымалы аралықтан тексеру кезінде жұмыс сипаттамаларының нашарлауы байқалған аудандардағы радиалдар; c) жер бедері VOR әсер ету аймағына әсер етуі мүмкін радиалдар; d) орынды болған жағдайларда әрбір квадрантта кем дегенде бір радиалды таңдау керек (әдетте, ең ұзын және ең төменгі радиалдар таңдалады).	$C (tx1 және tx2)$
8.	Сөйлеу арнасы	VOR радиомаяғының жиілігінде радиотелефон байланысы жүзеге асырылатын сөйлеу арнасы сигналдың анықтығына, деңгейіне және оның курс құрылымына әсеріне тексеріледі. бұл ретте тексеру тану сигналдарын тексеру үшін сипатталғандай түрде жүзеге асырылады. Сөйлеу арнасының дыбыстық сигналының деңгейі сөйлеуді тану сигналының деңгейіне тең. Ұшуды тексеруді жүзеге асыратын персонал қабылданатын сөйлеу хабарларының сапасы мен қолданылу аймағын бақылайды және олардың VOR жұмысына зиянды әсер етпеуін қадағалайды	$C (tx1 және tx2),$ $P (tx1 және tx2)$
9.	Сөйлеу сигналының негізгі навигациялық функцияны қамтамасыз етуге әсері - азимутқа - модуляция деңгейі	Радиотелефон байланысы VOR негізгі навигациялық функциясын қамтамасыз етуге кедергі келтірмейді. Радиотелефондық байланыс сигналдары сәулеленген кезде тану кодының сигналдары басылмайды. Радио маяк бағытында тұрақты ұшуды орындау кезінде азимут туралы ақпаратқа сөйлеу хабарламаларын берудің әсерін анықтау мақсатында азимут көрсеткіштерін бақылау қажет.	$C (tx1 және tx2),$ $P (tx1 және tx2)$

10.	Бақылау құрылғысы	Бақылау құрылғысын тексеру мынадай жағдайларда жүргізіледі: a) Жабдықты пайдалануға енгізу кезіндегі тексеру барысында; b) кейінгі тексерулер кезінде, егер тірек бақылау нүктесіндегі юстировка соңғы белгіленген юстировкаға қатысты бір градустан артық өзгерсе, ал бақылау нүктесі құрылғы төтенше сигнал бермеді. Бақылау құрылғысын тексеру осы тірек бақылау нүктесі орнатылған биіктікте тірек бақылау нүктесінің үстінде жүргізіледі. Әуе кемесі радиомаяк бағытында немесе одан ұшуды орындайды және бақылау нүктесінің үстінен дәл ұшып өту кезінде курс сызығының мынадай жай-күйі болған кезде осы оқиғаның белгісі қосылады: a) курс сызығы қалыпты жұмыс жағдайында; b) курс сызығы авариялық сигнал берудің іске қосылу нүктесіне дейін ығыстырылған; c) курс сызығы b тармағына қатысты қарама-қарсы жақта орналасқан авариялық сигнал берудің іске қосылу нүктесіне дейін ығыстырылған; немесе d) курс сызығы қалыпты жұмыс жағдайына қайтарылады. Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың әрқайсысында курстың туралануын салыстыру керек, оны апаттық сигналдың іске қосылу нүктесіне дейінгі курс сызығының ығысу амплитудасын анықтау және түзетудің қалыпты жағдайға оралғанына көз жеткізу үшін жазбалардың деректерімен салыстыру қажет.	C (tx1 және tx2)
9. Осы Әдістеменің 8-тармағының 4), 5) және 6) тармақшалары бойынша материалдар тексеру бойынша қойылған міндеттерді шешуге қажетті көлемде

дайындалады.

10. АА ұйымының (бөлімшесінің) комиссиясы бұйымның техникалық жай-күйіне тексеру жүргізеді және қорытындысы бар акті жасайды. Актіге осы Әдістеменің 8-тармағына сәйкес жасалған материалдар қоса беріледі.

3-тарау. Токтаусыздық көрсеткіштерін бағалау және бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша шекті жай-күйінің басталу сәтін анықтау

11. Бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша ескіру белгілерін анықтау үшін істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарым тоқтаусыз қызмет етуінің көрсеткіші деп алынады. Пайдалану ережелері мен нормаларын бұзудан болған пайдалану кезіндегі істен шығулар (ақаулықтар) істен шыққанға дейінгі атқарымды бағалау (ақаулық) кезінде есептелмейді.

12. Бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша ескіру белгілерін анықтау үшін пайдаланудың барлық кезеңі бірнеше аралыққа бөлінеді. Осы аралықтарда істен шығуға (ақаулық) атқарым бағаланады және оның төмендеу үрдісі анықталады.

1-параграф. Токтаусыз қызмет етуінің бағалау үшін бұйымның атқарымы аралығының ұзақтығын анықтау

13. Бұйымның техникалық жай-күйін бағалау сәтіндегі атқарымы аралығы (t_n) шамамен тең келетін 3-4 атқарым (H_i) аралықтарына бөлінеді, мұнда $i = 1, 2, 3$ және 4.

14. НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым (HO_0) көрсетілген бұйымдар үшін техникалық жай-күйін (t_n) бағалау үшін атқарған жұмыс аралығы болып пайдалану басталғаннан бағалау сәтіне дейінгі атқарым алынады.

15. НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым (HO_0) көрсетілмеген бұйымдар үшін t_n мынадай формула бойынша есептеледі:

$$t_n = t_n - H_2 (1)$$

мұндағы:

t_n - бұйымның пайдалану басталғаннан бастап техникалық жай-күйді бағалау сәтіне дейінгі атқарымы - сағатпен берілген;

H_2 - бұйымның кепілді мерзім ресурс ішіндегі атқарымы - сағатпен берілген. Істен шыққанға (ақаулық) HO_0 дейінгі атқарым қалыптты пайдалану кезеңінде статистикалық түрде анықталады.

16. Техникалық жай-күйді тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша бағалау үшін аралықтардағы H_i - атқарымның көлемі мынадай шартты есепке ала отырып таңдалады:

$$H_i > 2HO_0 (2)$$

Мұнда H_i - техникалық жай-күйді бағалау үшін бұйымдардың аралықтардағы атқарымның көлемі - сағатпен берілген;

HO_0 - істен шыққанға ақаулық дейінгі бұйымның атқарымы - сағатпен берілген.

17. Егер (2) шарт орындалса, тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күйді бағалау осы Әдістеменің 20-тармағының 1, 3 немесе 2, 3-тармақшаларында өлшемшарттар бойынша НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым көлемі көрсетілуіне немесе көрсетілмеуіне байланысты анықталады.

18. Егер (2) шарт орындалмаса, тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күй осы Әдістеменің 20-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өлшемдер бойынша анықталады.

2-параграф. Істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымды бағалау

19. Істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымды пайдаланудың кез келген аралығында бағалау мынадай формула бойынша орындалады:

$$HO_i = H/N_i (3)$$

мұнда,

HO_i - қаралып отырған аралықтағы бұйымның істен шыққанға ақаулық дейінгі атқарымы - сағатпен берілген;

H_i - қаралып отырған аралықтағы бұйымның атқарымы - сағатпен берілген;

N_i - қаралып отырған аралықтағы бақыланған бұйымның істен шығу (ақаулық) сандары - сағатпен берілген.

3-параграф. Бұйымның шекті жай-күйінің басталу сәтін анықтау

20. Токтаусыз қызмет етуінің бойынша шекті жағдай өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) істен шыққанға ақаулық дейінгі атқарымның төмендеуі және бағалаудың соңғы екі аралығында НТҚ-да көрсетілген істен шыққанға (ақаулық) (HO_0) дейінгі атқарым көлеміне қарағанда аз мәнге жету;

2) істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымның төмендеуі және бағалаудың соңғы екі аралығында көрсетілген статистикалық жолмен анықталған істен шыққанға (ақаулық) (HO_0) дейінгі атқарым көлеміне қарағанда аз мәнге жету;

3) бағаланып отырған аралықтардағы істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымның жүйелі түрде төмендеуі.

21. Пайдалану кезеңінде тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күйді бағалау үшін ұзақтығы осы Әдістеменің 13, 18 тармақтарына сәйкес анықталған 3, 4 аралықтар таңдалады.

22. Уақыт бойынша аралықтардың орналасуы 1 суретте көрсетілген:

$$0 \quad H_2 \quad H(i-3) \quad H(i-2) \quad H(i-1) \quad H(i(t_n)) \quad > H \text{ сағаттар}$$

Мұнда

t_n - техникалық жай-күйді бағалау сәтіндегі бұйымның атқарымы;

H_2 - кепілді қызмет мерзімінің ресурсының аралығы;

$H(i-3)$, $H(i-2)$, $H(i-1)$, $H(i)$ - бағаланатын аралықтар.

1 сурет.

23. Әрбір аралықта осы Әдістеменің 19-тармағына сәйкес істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарым бағаланады.

24. Егер мынадай екі шарт орындалса тоқтаусыз қызмет етуінің өлшемшарттар бойынша бұйымның шекті жай-күйі пайдаланудың i аралығында басталды деп есептеледі:

$$HO_i < HO_0 (4)$$

немесе

$$HO_i < 0,5HO_0 (5)$$

және

$$H(i-3) > H(i-2) > H(i-1) > H(i) (6)$$

25. (6) теңсіздігі пайдаланудың кезекті 3 немесе 4 аралықтарында істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарым жүйелі түрде төмендеуін сипаттайды. Бұл бұйымның шекті жай-күйінің басталуы туралы қабылданған шешімнің дұрыстығын көтереді.

26. (6) теңсіздіктің орындалуына немесе орындалмауына тәуелсіз екі кезекті аралықтардағы (4) немесе (5) теңсіздіктердің орындалуы тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша бұйымның шекті жай-күйінің басталуының басқа шарты болып табылады, яғни:

$$HO(i) < HO_0 \text{ және } HO(i-1) < HO_0 (7)$$

немесе

$$HO(i) < 0,5HO_0 \text{ және } HO(i-1) < 0,5HO_0 (8)$$

4-параграф. Бұйымның құраушы бөліктері бойынша істен шығуларды (ақауларды) бөлу

27. Тексеріліп отырған пайдалану кезеңінде істен шығу ақаулық саны бұйымның әрбір құрамдас бөлігі бойынша анықталады.

28. Бұйымның құрамдас бөліктері олардың функционалдық мақсатына байланысты анықталады: антенналық құрылғылар, таратқыш құрылғылар, қабылдағыш құрылғылар, бақылау құрылғылары және бұйымның формуляры бойынша блоктар деңгейіндегі т.б.

29. Бұйымның құраушы бөліктерінің тоқтаусыз қызмет етуінің көрсеткіштерін бағалау (3) формула бойынша жүргізіледі.

30. Бұйымның және оның құрамдас бөліктерінің тоқтаусыздығын талдау негізінде ауыстырылуы қажет құрылғылар анықталады.

4-тарау. Бұйымдарды есептен шығарудың экономикалық негіздемесі

1-параграф. Орташа және күрделі жөндеулер жүргізудің экономикалық орындылығын айқындау

31. Жөндеу жүргізудің экономикалық орындылығы бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындары жөндеу жүргізілгеннен кейін өспеуі тиіс өлшемшарттар бойынша анықталады.

32. Егер бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындар $C(k+1)$ өссе, яғни төмендегі шарт орындалса, жөндеу жүргізу экономикалық орынсыз:

$$C(k+1) > C_k \quad (9)$$

33. (9) шарт орындалған кезде C_k шамасы бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындардың минимумын анықтайды.

34. Жөндеу жүргізудің экономикалық орындылығын анықтау үшін мынадай деректер болуы қажет:

1) Бұйымның теңгерімдік құны:

$$C_6 = C_1 + C_2 \quad (10)$$

мұнда

C_1 — бұйымның бастапқы бағасы;

C_2 — бұйымды алғаш пайдалануға беру кезіндегі құрылыс-монтаж, іске қосу-баптау және шығындар, көлік және басқа да шығыстар.

2) Күрделі жөндеу жүргізу сәтіне бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі) T_{pk} :

$$T_{pk} = \sum_{i=1}^k t_{pi} \quad (11)$$

мұнда

t_{pi} - ($i-1$) және i жөндеулер арасындағы бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі).

3) i жөндеуін жүргізуге жиынтық шығындар:

$$C_i = \sum_{j=1}^n C_{ji} \quad (12)$$

мұнда

C_{ji} - i жөндеуді орындау кезіндегі j шығындарының құны;

n - i жөндеу кезіндегі шығындар баптарының саны.

j шығындарына:

- жөндеу құны;

- көлік шығыстары;

- АМБ-ны толықтыру құны;

- іске қосу-баптау жұмыстарының (демонтаж, бабына келтіру, монтаж, аралап ұшу) құны және басқа шығын түрлері кіреді.

C_i шығындар шамасы бұйымды бұрын өткізген жөндеулер тәжірибесінен немесе балама радиотехникалық жабдықты жөндеу тәжірибесінен жөндеудің талап етілетін көлеміне (түріне) тәуелді айқындалады.

4) K жөндеуді жүргізгеннен кейін бұйымның ресурсы:

$$T_{(k+1)} = T_k + t_{p(k+1)} = \sum_{i=1}^{(k+1)} t_{pi} \quad (13)$$

K және $(K+1)$ жөндеулері арасындағы ресурс мына формула бойынша айқындалады:

$$t_{p(k+1)} = t_{pk} * \alpha \quad (14)$$

мұнда

t_{pk} - $(K-1)$ және K жөндеулері арасындағы бұйымның ресурсы;

α - жөндеу аралық ресурстардың (қызмет ету мерзімінің) қысқару коэффициенті.

Есептеу үшін коэффициент шамасын мынадай шекте таңдау ұсынылады:

$$\alpha = 0,6 \div 1,0 \quad (15)$$

5) K жөндеуін жүргізгеннен өткізгеннен кейін $C(k+1)$ орташа жылдық пайдалану құны $(K+1)$ жөндеуінен кейінгі ресурстың соңына анықталады:

$$C_{(k+1)} = \frac{1}{T_{p(k+1)}} * \left(\sum_{i=1}^k C_{pi} + C_6 \right) \quad (16)$$

мұнда

$k = 0, 1, 2, 3, \dots$

C_6 - бұйымның бастапқы теңгерімдік құны;

C_{pi} - жөндеу құны;

$T_{p(k+1)}$ - K жөндеуін жүргізгеннен кейін бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі).

2-параграф. Ағымдағы жөндеулерді ғана жүргізу кезінде бұйымдарды пайдалануды жалғастырудың немесе есептен шығарудың экономикалық орындылығын айқындау

35. Орташа және күрделі жөндеулер жүргізілмейтін бұйымдарды пайдалануды жалғастырудың немесе есептен шығарудың экономикалық орындылығын анықтау нақты пайдалану шығындарын жыл сайын есепке алу кезінде мүмкін болады.

36. Бұйымның C жыл сайынғы пайдалану шығындары мына формула бойынша анықталады:

$$C_j = C_1 + C_2 + C_3 + \dots + C_k, \quad j = 1, 2, 3, \dots, k \quad (17)$$

мұнда

i - шығындары анықталатын пайдалану жылы;

j - шығыстар бабының нөмірі;

C_6 - бұйымның бастапқы теңгерімдік құны;

C_{ji} - j шығыстар бабы бойынша i пайдалану жылындағы жылдық шығындар;

n - бұйымды пайдалануға шығыстар баптарының саны.

37. Осы бұйымды пайдалануға шығыстар баптарына мыналар жатады:

1) егер техникалық персонал бірнеше бұйымдарға қызмет көрсетсе, осы бұйымға қызмет көрсетудің нақты еңбекті қажетсінуіне пропорционалды ескерілетін техникалық персоналдың жалақысы (есептеулермен);

2) шығыс материалдарының құны;

3) қосалқы бөлшектердің құны;

4) осы бұйымның жұмысына электр энергиясының құны;

5) бұйымды ұшу кезінде тексерудің құны;

6) осы бұйымға арналған жалпы мақсаттағы бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру және жөндеу құны;

7) үстеме шығыстар (іссапарлар).

38. Егер і пайдалану жылында:

$S_k > C(k-1)$ (18)

болса, пайдалануды жалғастыру экономикалық орынсыз емес.

39. (18) шарты орындалған кезде $C(k-1)$ бұйымды пайдаланудың ең төмен орташа жылдық құнын анықтайды.

5-тарау. Бұйымның техникалық жай-күйі бойынша қорытындылар

40. Егер:

1) бұйымның тактикалық және техникалық сипаттамалары бұйымның нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген талаптарға сәйкес келсе;

2) істен шықтау бойынша шекті жай-күйі басталмаса;

3) орташа немесе күрделі жөндеу талап етілмесе ресурсты (қызмет ету мерзімін) ұзарту мүмкін болады.

41. Егер бұйымның жеке параметрлері мен тактикалық сипаттамалары талаптарға сәйкес келмесе, онда актіде осы сәйкессіздіктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар көрсетіледі және ресурсты (қызмет мерзімін) арттыру жөніндегі шешім актіде көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін қабылданады.

42. Ресурс (қызмет мерзімі) арттырылатын шама комиссия осы Әдістеменің 45-54-тармақтарына сәйкес анықтайды.

43. Бұйымдарды орташа немесе күрделі жөндеу ол техникалық негізделген және экономикалық орынды болса жүргізіледі.

44. Шекті жай-күйі басталған кезде бұйым есептен шығаруға жатады.

6-тарау. Қызметтің рұқсат етілген уақыт аралығының мерзімін ұзартудың есептеу әдістемесі

45. Қызметтің рұқсат етілген уақыт аралығының мерзімін ұзарту есептеу әдістемесіне төмендегі деректер пайдаланылады:

$n = 6$ - бақылау жылдарының саны;

$B_1 = \sum_{i=1}^n x_i$ - бақылау кезеңдеріндегі барлық ақаулардың сомасы;

$B_2 = \sum_{i=1}^n t_i$ - бақылау кезеңдеріндегі барлық атқарылған жұмыстардың сомасы;

$B_3 = \sum_{i=1}^n x_i t_i$ - нақты і атқарылған жұмысының шамасына ақаулардың қосынды санының сомасы - жылына;

$B_4 = \sum_{i=1}^n t_i^2$

$B_5 = nB_4 - B_2^2$ - атқарылған жұмыс квадраттарының сомасы;

m_k - жылына бақылау кезеңіндегі ақаулар санының орташа мәні;

T_k - уақыт есептеу басынан бастап бағалау кезіне дейін (қызметтің белгіленген мерзімі аяқталған соң);

k - пайдалану қорының коэффициенті ($k = 0,8$);

Хопр - анықтаушы белгілер (егер $t_k \leq 5$, онда Хопр = 10; егер $t_k \leq 10$, онда Хопр = 20; егер $t_k \leq 15$, онда Хопр = 30).

46. Анықталатын параметрлер сапасында жабдықтарды пайдалану кезінде ақаулар саны қабылданады.

47. Есептеуді жүргізу үшін бастапқы деректер бұзылу және істен шығу карта-жинақтағыштарынан алынады.

48. Бастапқы деректер бойынша кемімел сызығын құру үшін a_0 , a_1 коэффициенттері анықталады:

$a_0 = (B_1B_4 - B_3B_2)/B_5$ (19)

$a_1 = (nB_3 - B_2B_1)/B_5$ (20)

49. Жылына және сағатына шартты түрде шамамен рұқсат етілген ақаулықтардың саны төмендегідей формула бойынша белгіленеді:

Хшам. беруге. болатын = $j m_k$, $j = 1, 2, 3, 4$ (21)

50. Жылына және сағатына шартты түрде шамамен рұқсат етілген ақаулықтар санының жеткен уақыты төмендегідей формула бойынша анықталады:

$$T_{nj} = \frac{X_{\text{шек. рұқс. } j} - a_0}{a_1} \quad (22)$$

51. Жылына ақаулықтар санының таңдалған шекті мәндері кезінде құралдардың атқарым уақытының аралығы рұқсат етілген көлемі төмендегідей анықталады:

$T_{nokj} = (T_{nj} - T_k) * k$ (23)

52. Бақылау кезінде жылына орташа құралдардың атқарымы есептеледі:


$$t_{cp} = \frac{T_k}{n} \quad (24)$$

53. Регрессия сызығын құру үшін қызмет ету мерзімін ұзарту аралығы жылдармен анықталады:

$$T_j = \frac{T_{xoyj}}{t_{cp}} \quad (25)$$

54. (21) және (25) формулалары бойынша бұйымды пайдаланудың уақыт кесіндісінде (регрессия сызығында) график салынады. Осы графиктің көмегімен анықтаушы параметрдің белгіленген мәніне (ақаулықтардың жылына жол берілетін санына) қарай қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін аралығы жылдармен анықталады.

Бұйымның істен шықтауы бойынша шекті жай-күйін анықтау алгоритмі



Қызмет мерзімін ұзартуға рұқсат етілген уақытының есептеу нысан

Қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін уақыт аралығын есептеуді қондыру жүйесінің плиссадалық радиомаяғы (ГРМ) үшін жүргіземіз. Пайдалануға беру жылы 2004 жыл, межелі қызмет ету мерзімі 10 жыл.

Анықтаушы параметр ретінде ГРМ аппаратурасының пайдалану процесіндегі ақаулықтар санын қабылдаймыз. Бақылау кезеңін 6 жылға тең деп таңдаймыз.

Азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы бұйымдарының шекті жай-күйін анықтау әдістемесіне қосымшасында 2008 жылдан бастап 2013 жыл аралығындағы ГРМ істен шығулар мен зақымдану жинақтаушы картасынан алынған атқарым уақыты және параметр ақаулықтар саны жөніндегі бастапқы деректерді жылдар бойынша енгіземіз.

Бастапқы деректер бойынша және формулалар бойынша мыналарды анықтаймыз:

1) бақылау жылдарының саны $n = 6$;

2) бақылау кезеңіндегі барлық ақаулықтар сомасы

$$B_1 = \sum_{i=1}^n x_i = 32$$

3) бақылау кезеңіндегі барлық атқарымдар сомасы

$$B_2 = \sum_{i=1}^n t_i = 92874$$

4) ақаулықтар санының нақты i жылдағы атқарым шамасына көбейтінді-лерінің сомасы

$$B_3 = \sum_{i=1}^n x_i t_i = 648639$$

5) атқарымдар квадраттарының сомасы

$$B_4 = \sum_{i=1}^n t_i^2 = 1981503244$$

6) коэффициент

$$B_5 = nB_4 - B_2^2 = 3263439588$$

7) бақылау кезеңіндегі жылына ақаулықтар санының орташа мәні

$$m_x = B_1/n = 5,33;$$

8) өйткені m_x 10, онда Ханык = 20;

9) есептеу басынан бағалау сәтіне дейінгі атқарым уақыты (жылдық атқарымдар сомасы)

$$T_k = 26511;$$

10) пайдалану қорының коэффициенті ($k = 0,8$ таңдаймыз);

11) жылына ақаулықтардың шекті жол берілетін саны шартты түрде

$$X_{\text{шек.рұқ.}j} = j m_x, \quad j = 1, 2, 3, 4,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}1} = j m_x = 1 * 5,33 = 5,33,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}2} = j m_x = 2 * 5,33 = 10,66,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}3} = j m_x = 3 * 5,33 = 16,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}4} = j m_x = 4 * 5,33 = 21,33;$$

12) регрессия сызығын құру үшін a_0 , a_1 коэффициенттері

$$a_0 = (B1B4 - B3B2)/B5 = 0,970266259,$$

$$a_1 = (nB3 - B2B1)/B5 = 0,00028187;$$

13) анықтаушы параметрдің шекті жол берілетін мәніне жету уақыты сағатпен:

$$T_{nj} = \frac{X_{\text{шек, рр\%j}} - a_0}{a_1}$$

$$T_{n1} = \frac{X_{\text{шек, рр\%1}} - a_0}{a_1} = 15479,$$

$$T_{n2} = \frac{X_{\text{шек, рр\%2}} - a_0}{a_1} = 34400,$$

$$T_{n3} = \frac{X_{\text{шек, рр\%3}} - a_0}{a_1} = 53321,$$

$$T_{n4} = \frac{X_{\text{шек, рр\%4}} - a_0}{a_1} = 72243;$$

14) жылына ақаулықтар санының тандалған шекті мәндері кезінде құрал атқарымының жол берілетін уақыт аралығының шамасы

$$T_{\text{поkj}} = (T_{nj} - T_k) * k,$$

$$T_{\text{поk1}} = (T_{n1} - T_k) * k = -8826,$$

$$T_{\text{поk2}} = (T_{n2} - T_k) * k = 6311,$$

$$T_{\text{поk3}} = (T_{n3} - T_k) * k = 21448,$$

$$T_{\text{поk4}} = (T_{n4} - T_k) * k = 36585;$$

5) бақылау кезеңіндегі құралдың жылына орташа атқарымы

$$t_{cp} = \frac{T_x}{n} = 4418,5$$

16) регрессия сызығын құру үшін нүктелер

$$T_j = \frac{T_{\text{поkj}}}{t_{cp}}$$


$$T_1 = \frac{T_{\text{поk1}}}{t_{cp}} = -1.99,$$

$$T_2 = \frac{T_{\text{поk2}}}{t_{cp}} = 1.42,$$

$$T_3 = \frac{T_{\text{поk3}}}{t_{cp}} = 4.85,$$

$$T_4 = \frac{T_{\text{поk4}}}{t_{cp}} = 8.28;$$

17) График (регрессия сызығы) салынады және оның көмегімен, анықтаушы параметрдің белгіленген мәніне (ақаулықтардың жылына рұқсатты санына) тәуелді қызмет мерзімін ұзартудың рұқсатты аралығы жылдармен анықталады.



Ендеше, Ханық ескере отырып, қызмет ету мерзімі 2021 жылға дейін ұзартылуы мүмкін.

[Әдістемесіне қосымша](#)

Жыл	Пайдалану басталғаннан бергі атқарым (сағ.)	Бір жылдағы атқарым (сағ.)	ті бақылау басталғаннан бергі атқарым (сағ.)	хі ақаулар саны
2008	70360	-	0	0
2009	77360	7000	7000	3
2010	84321	6961	13961	4
2011	91631	7310	21271	16
2012	94491	2860	24131	3
2013	96871	2380	26511	6

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021.11.01. № 4 бұйрығымен (бұр.ред.қара); 2022.22.11. № 648 бұйрығымен (2022 ж. 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 21-қосымша жаңа редакцияда; ҚР Көлік министрінің 2025.03.02. № 34 бұйрығымен 21-қосымша өзгертілді (2025 ж. 17 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық электр байланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету [қағидаларына](#) 21-қосымша

Радиотехникалық жабдық және электр байланысы параметрлеріне қойылатын талаптар

Жалпы талаптар

ҰРТҚ және байланыс құралдарына қойылатын техникалық параметрлер мен талаптардың сипаттамасы осы Қағидаларда, сондай-ақ ИКАО халықаралық стандарттарында баяндалған (ИКАО Конвенциясына 10-Қосымшаның 1-5-томы).

1-параграф. ILS қағидаты бойынша жұмыс істейтін KPM параметрлеріне қойылатын талаптар

1. KPM көтергіш жиілігінің берілгеннен ауытқуы мыналардан аспауы тиіс:
Бір жиілікті маяк үшін $\pm 0,005\%$;
Екі жиілікті маяк үшін $\pm 0,002\%$.
2. 90 және 150 Гц сигналдармен тасымалдаушы жиіліктердің модуляция тереңдігі курс сызығы бойымен $20 \pm 2\%$ болуы тиіс.
3. Екі жиілікті курстық радиомаяк жүйелерінде әр тасымалдаушыға талаптар қолданылады. Сонымен қатар, бір тасымалдағыштың 90 Гц моделдейтін тоналды сигналы демодуляцияланған сигналдар бір бағытта нөл арқылы өтетін басқа тасымалдаушының 90 Гц модуляцияланатын тоналды сигналымен фаза бойынша синхрондалады:

1) I және II санатты ILS курстық радиомаяктары-20 гр;

2) III санаттағы ILS курстық радиомаяктары - 10 гр.

90 Гц жиілігімен байланысқан фазалар.

Сол сияқты, екі тасымалдағыштың 150 Гц тондық сигналдары демодуляцияланған сигналдар бір бағытта нөл арқылы өтетін фазада синхрондалады:

1) I және II санатты ILS курстық радиомаяктары - 20 гр.;

2) III санаттағы ILS курстық радиомаяктары - 10 гр. 150 Гц жиілігімен байланысқан фазалар.

Қолданылу аймағы

4. Көлденең жазықтықта әрекет ету аймағы курс сызығынан оңға және солға кемінде 35 гр секторлармен шектелуі тиіс.
I және II санаттағы KPM үшін KPM әрекет ету аймағына ӘК кіруін қамтамасыз ететін басқа құралдарды пайдалану кезінде курс сызығына қатысты көлденең жазықтықта әрекет ету аймағын ± 10 гр дейін тарылтуға жол беріледі.

5. Тік жазықтықтағы әсер ету аймағы антенна жүйесінің электр орталығы арқылы өтетін түзудің үстінен көкжиекке кемінде 7 гр бұрышпен шектелуі тиіс. KPM әрекет ету аймағынан тыс тік жазықтықта оның сәулеленуі мүмкіндігінше аз болуы тиіс.

6. ҰҚЖ-ның табалдырығынан 600 м және одан жоғары биіктікте немесе ең жоғары нүктеден 300 м биіктікте қонуға кірудің аралық және соңғы кезеңдерінде KPM әрекет ету аймағының қашықтығы бойынша (ҰҚЖ табалдырығынан көбірек асу алынады) мынадай болуы тиіс:

1) көлденең сектор шегінде кемінде $46,3 \text{ км} \pm 10 \text{ гр}$. курс сызығына қатысты;

2) ± 10 гр бастап көлденең сектор шегінде кемінде $31,52 \text{ км} \pm 35 \text{ гр}$ дейін. курс сызығына қатысты. Әуе кеңістігін пайдалану бойынша шектеулердің салдарынан ұзақтығы бойынша KPM қолданылу аймағын азайтуға жол беріледі.

Топографиялық ерекшеліктер бойынша шектеулер салдарынан KPM әрекет ету аймағын ± 10 гр сектор шегінде $33,3 \text{ км}$ -ге дейін және қалған аймақ шегінде $18,5 \text{ км}$ -ге дейін азайтуға жол беріледі. ± 100 қолданылу секторы бар KPM үшін курс сызығына қатысты ± 10 гр-ден ± 35 гр-ге дейінгі секторлардағы қашықтық бойынша талаптар қойылмайды;

3) курс секторы шегінде РМС плиссасында KPM-ден 18 км қашықтықта өріс кернеулігі II және III санатты KPM үшін 1 және 100 мкВ/м (-106 дБ Вт/м^2 KPM үшін 90 мкВ/м (-107 дБ Вт/м^2) кем болмауы тиіс;

4) II санатты KPM үшін ҰҚЖ табалдырығынан 15 м биіктікте орналасқан нүктеде және III санатты KPM үшін 6 м өріс кернеулігі кемінде 200 мкВ/м (-100 дБ Вт/м^2) шамасына дейін артады);

5) ҰҚЖ табалдырығынан 6 м биіктікте орналасқан нүктеден ҰҚЖ табалдырығынан 300 м қашықтықта ҰҚЖ осыг желісінен 4 м биіктікте орналасқан нүктеге дейін және одан әрі ҰҚЖ бойымен 4 м биіктікте KPM бағытында KPM III санатты өріс кернеулігі кемінде 100 мкВ/м (-106 дБ/м^2) болуы тиіс.

Ескертпе. Жергілікті жердің топографиялық ерекшеліктері болған жағдайда, басқа навигациялық құралдар KPM әрекет ету аймағында шолуды қамтамасыз ететін жағдайларда курс сызығынан 32 км қашықтықта дейінгі ± 100 сектор шегінде өріс кернеулігі кемінде 40 мкВ/м болуына жол беріледі.

7. ILS плиссасындағы I санаттағы курстық радиомаяктар өрісінің ең аз кернеуі және курс секторы шегінде курстық радиомаяктан $18,5 \text{ км}$ (10 м.миль) қашықтықта орналасқан нүктеден бастап ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін көлденең жазықтықтан 30 м (100 фут) биіктікке дейін кемінде 90 мкВ/м (-107 дБВт/м^2) құрайды.

Азимутальды сипаттама

8. Сектордағы РГМ өзгерісінің сипаты:

1) курс сызығынан $\text{РГМ} = 0,180$ бұрыштарына дейін РГМ монотонды (негізінен сызықтық) ұлғаюы болуы тиіс;

2) $\text{РГМ} = 0,180$ бұрыштарынан ± 10 градус бұрыштарға дейін РГМ кемінде $0,180$ болуы тиіс;

3) бұрыштардан ± 10 гр. бұрыштарға дейін ± 35 гр. RGM кем дегенде $0,155$ болуы керек.

Ескертпе. Әсер ету аймағы бар KPM үшін ± 10 гр. қолданылу аймағынан тыс РГМ өзгеру сипатына қойылатын талаптар қойылмайды.

Курстың құрылымы

9. I санаттағы КРМ курс сызығының қисаюы (95% ықтималдық) учаскелерде артық болмауы тиіс:

- 1) қолданылу аймағының шекарасынан А - 0,031 РГМ нүктесіне дейін;
- 2) А нүктесінен В нүктесіне дейін сызықтық заң бойынша А нүктесіндегі 0,031 РГМ шамасынан В нүктесіндегі 0,015 РГМ шамасына дейін азаяды;
- 3) В нүктесінен С нүктесіне дейін - 0,015 РГМ.

10. КРМ II және III санатты курс сызығының қисаюы (95% ықтималдық) учаскелерде артық болмауы тиіс:

- 1) қолданылу аймағының шекарасынан А - 0,031 РГМ нүктесіне дейін;
- 2) А нүктесінен В нүктесіне дейін сызықтық заң бойынша А нүктесіндегі 0,031 РГМ шамасынан В нүктесіндегі 0,005 РГМ шамасына дейін азаяды;
- 3) В нүктесінен С нүктесіне дейін - 0,005 РГМ;
- 4) С нүктесінен тірек нүктесіне дейін - 0,005 РГМ;

III санатты КРМ үшін:

- 5) тірек нүктеден Д нүктесіне дейін - 0,005 РГМ;
- 6) Д нүктесінен Е нүктесіне дейін Д нүктесіндегі 0,005 РГМ-ден Е нүктесінде 0,01 РГМ-ге дейінгі сызықтық заң бойынша ұлғаюы тиіс.

11. Тірек нүктесіндегі ҰҚЖ-ның осьтік сызығына қатысты курстың орташа сызығы ұсталуы тиіс шектер артық болмауы тиіс:

- 1) I санаттағы курстық радиомаяктар: $\pm 10,5$ м (35 фут) немесе 0,015 РГМ сызықтық эквиваленті (шамалардан кіші алынады);
- 2) ILS II санатты курстық радиомаяктар: $\pm 4,5$ м (15 фут);
- 3) III санаттағы ILS курстық радиомаяктары: ± 3 м (10 фут).

Орын ауыстыру сезімталдығы

12. Жартылай сектор шегінде ығысуға номиналды сезімталдық ILS тірек нүктесінде 0,00145 РГМ/М (0,00044 РГМ/фут) тең, ILS санатындағы курстық радиомаяктарда орын ауыстыруға көрсетілген номиналды сезімталдықты қамтамасыз етілмейді, ол мүмкіндігінше осы шамаға жақын орнатылады. 1 және 2 кодтары бар ҰҚЖ-дағы I санаттағы курстық радиомаяктар үшін бүйірлік ығысуға номиналды сезімталдыққа ILS «В» нүктесінде қол жеткізіледі. Сектордың максималды бұрышы 6° аспайды.

13. КРМ ығысуына сезімталдық сақталуы тиіс шектер (номиналды мәннен ауытқу), артық емес:

- 1) I санаттағы КРМ үшін $\pm 17\%$;
- 2) $\pm 17\%$ КРМ II санаты үшін;
- 3) III санаттағы КРМ үшін $\pm 10\%$.

Ескертпелер.

II санаттағы КРМ үшін номиналды мәннен $\pm 10\%$ шегінде сезімталдықты сақтау ұсынылады.

Ығысуға сезімталдықтың номиналды мәні үшін ҰҚЖ шегіне келтірілген курстың жартылай секторы шегінде 0,00145 РГМ/м шамасы қабылданды. I санаттағы КРМ үшін курс секторы 60-тан аспаған жағдайда 0,00145 РГМ/м-ден ерекшеленетін сезімталдықтың номиналды мәніне жол беріледі.

Қысқа ҰҚЖ-дағы I санаттағы КРМ үшін сезімталдықтың номиналды мәні ретінде В нүктесіне келтірілген мән қабылданады.

Тану

14. Тану сигналы КРМ тасымалдаушы жиілігінде берілуі тиіс және КРМ негізгі функцияларына әсер етпеуі тиіс.

15. Тану сигналы халықаралық Морзе кодымен берілуі және үш әріптен тұруы тиіс. Бірінші әріп «И», екінші және үшінші - әуеайлақ немесе ҰҚЖ коды.

Бақылау

16. Автоматты бақылау жүйесі басқару пункттеріне ескерту беруі және сәуленудің тоқтауына немесе 90 және 150 Гц модуляция сигналдарын және тану құраушысын көтергіш жиіліктен алып тастауына немесе уақыт ішінде неғұрлым төмен санатқа (II және III санат үшін) ауысуына әкелуі тиіс:

- I санатты КРМ үшін 10 с;
- II санатты КРМ үшін 5 с;
- III санаттағы КРМ үшін 2 с.

Бұл іс жүзінде мүмкін болған жағдайда, II санаттағы КРМ үшін - 2 с артық емес, ал III санат үшін - 1 с.

Мынадай шарттардың біреуі туындаған кезде:

1) ҰҚЖ-ның табалдырығына келтірілген ҰҚЖ-ның осьтік сызығына қатысты курстың орташа сызығының жылжуы, астам:

- I санаттағы КРМ үшін $\pm 10,5$ м;
- II санатты КРМ үшін $\pm 7,5$ м;
- III санатты КРМ үшін ± 6 м;

2) КРМ басқа талаптарға жауап беруді жалғастырған жағдайда бір тасымалдаушыдан КРМ үшін сәулену қуатын 50% - ға дейін азайту;

3) екі тасымалдаушысы бар КРМ II және III санаттары үшін әрбір тасымалдағыш үшін сәулену қуатын 80% - ға дейін азайту. КРМ басқа талаптарға жауап беруді жалғастырған жағдайда қуатты 50%-ға дейін азайтуға жол беріледі;

4) ығысуға сезімталдықтың номиналды шамадан 17% - ға өзгеруі.

Ескертпе: басқару пункттері деп жабдықтың жұмысын басқару пункттері және әуе қозғалысына қызмет көрсету пункттері түсініледі.

17. Қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігіне қойылатын талаптар.

Деңгейлер ұшу санатын және қондырғы санатына, қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігінің (жеке) деңгейіне, сондай-ақ бірқатар пайдалану факторларына (мысалы, әуе кемелері мен экипаждың біліктілігіне, метеорологиялық жағдайлар мен ҰҚЖ сипаттамаларына) байланысты тиісті минимумдарды айқындау мақсатында қажетті ақпаратты ұсыну үшін пайдаланылады. Егер курстық және/немесе пилссадальк радиомаяк өзінің талап етілетін қызмет көрсету тұтастығы мен үздіксіздігі деңгейіне жауап бермесе, оны белгілі бір дәрежеде пайдалану барлық ауа-райы ұшулары жөніндегі нұсқаулықтың (Doc 9365) «ILS жабдығын санаттар бойынша жіктеу және санаттарын төмендету» С қосымшасында көрсетілгендей әлі де мүмкін. Сол сияқты, егер курстық немесе пилссадальк радиомаяк қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігінің минималды деңгейінен асып кетсе, қатаң талаптары бар рейстерді орындауға болады.

18. 1-деңгейдің курстық радиомаягі, егер

1) курстық радиомаякке қызмет көрсетудің тұтастығы немесе үздіксіздігі немесе осы екі параметр де көрсетілмейді, не

2) курстық радиомаякке қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігі көрсетіледі, бірақ осы параметрлердің кем дегенде біреуі 2-деңгейдің талаптарына жауап бермейді.

3) бағыттық радиомаяктардың 1 деңгейдегі жалған бағыттау сигналдарының сәуле шығармау ықтималдығы бір жерге қону үшін кемінде $1-1,0 \times 10^{-7}$ болуы тиіс.

19. Шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы 1- деңгейдің курстық радиомаяктары үшін 15 секундтық уақыт аралығында $1-4 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл 1000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

Егер 1-деңгейдің курстық радиомаягі үшін тұтастық мәні болмаса немесе оны жедел есептеу мүмкін болмаса, оның тиісті түрде бақыланатын үздіксіз жұмысында кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі талдау жүргізу керек.

20. 2-деңгейдің курстық радиомаягі, егер жалған бағыттау сигналдарының шығарылмау ықтималдығы бірлік қону үшін кемінде $1 - 1,0 \times 10^{-7}$ болса; шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы кез-келген 15 секундтық уақыт кезеңінде $1-4 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл 1000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

21. Егер жалған бағыттау сигналдарының шығарылмау ықтималдығы қондырғы үшін кемінде $1 - 0,5 \times 10^{-9}$ болса, 3-деңгейдің курстық радиомаягі; шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы 15 секундтық уақыт кезеңінің бірінде $1-2 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл 2000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

22. Егер жалған бағыттау сигналдарының шығарылмау ықтималдығы қондырғы үшін кемінде $1 - 0,5 \times 10^{-9}$ болса, 4-деңгейдің курстық радиомаягі; шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы 30 секундтық уақыт кезеңінің бірінде $1-2 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл 4000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

Ескертпе. Қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету тәсілдері бойынша нұсқаулық материал осы Қағидаларға 29-қосымшада келтірілген.

23. Жалған бағыттау сигналдарының II және III санаттарындағы глиссалалық радиомаяктардың шығарылмау ықтималдығы бір отырғызу үшін кемінде $1 - 0,5 \times 10^{-9}$ құрайды. Глиссалалық радиомаякке глиссалалық радиомаякке қызмет көрсетудің тұтастығы немесе үздіксіздігі, немесе осы екі параметр де көрсетілмесе, глиссалалық радиомаякке қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігі I-деңгейдің тұтастығы мен үздіксіздік деңгейі беріледі, бірақ осы параметрлердің кемінде біреуі 2-деңгейдің талаптарына жауап бермейді.

I-деңгейдегі жалған бағыттаушы сигналдардың глиссалалық радиомаяктардың шығарылмау ықтималдығы қондырғы үшін кемінде $1-1,0 \times 10^{-7}$ болуы керек.

Шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы I - деңгейдің глиссалалық радиомаяктары үшін кез-келген 15 секундтық уақыт кезеңінде $1-4 \times 10^{-6}$ -дан асуы керек (бұл 1000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

I-деңгейдің глиссалалық радиомаягі үшін тұтастық мәні болмаса немесе оны жедел есептеу мүмкін болмаса, оның тиісті түрде бақыланатын тоқтаусыз жұмысында кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін егжей-тегжейлі талдау жүргізу керек.

24. 2-деңгейдегі глиссалалық радиомаяк, жалған бағыттау сигналдарының шығарылмау ықтималдығы бірлік қону үшін кемінде $1 - 1,0 \times 10^{-7}$; шығарылатын бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы 15 секундтық уақыт кезеңі ішінде $1 - 4 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл істен шығу арасындағы орташа істелген жұмысқа 1000 сағ тең).

25. 3 немесе 4 деңгейдегі глиссалалық радиомаяк, жалған бағыттау сигналдарының шығарылмау ықтималдығы бірлік қону үшін кемінде $1 - 0,5 \times 10^{-9}$, ал шығарылған бағыттау сигналының жоғалмау ықтималдығы 15 секундтық уақыт кезеңінің бірінде $1-2 \times 10^{-6}$ -дан асады (бұл 2000 сағат арасындағы орташа жұмыс істеуге тең).

I-ескертпе. Глиссалалық радиомаяқтың 3-деңгейі мен 4-деңгейіне қойылатын талаптар бірдей болып табылады. Глиссалалық радиомаякке қызмет көрсетудің тұтастығы мен үздіксіздігі деңгейлері туралы өтініш курстық радиомаяк туралы өтінішке сәйкес келуге тиіс (яғни егер курстық радиомаяк 4-деңгейдің талаптарына жауап берсе, глиссалалық радиомаяқтың 4-деңгейі болады деп мәлімделеді).

26. Бір тасымалдағыштың 90/150 Гц модуляцияланатын тональды сигналдары басқа тасымалдағыштың 90/150 Гц модуляцияланатын тональды сигналымен фаза бойынша синхронизацияланады, осылайша толқындардың демодуляцияланған нысандары бір бағытта нөл арқылы өтеді:

1) I және II санатты ILS глиссалалық радиомаяктары: 20 гр.;

2) III санаттағы ILS глиссалалық радиомаяктары: 10 гр.

90/150 Гц жиілігімен байланысқан фазалар.

2-параграф. ILS қағидаты бойынша жұмыс істейтін ГРМ параметрлеріне қойылатын талаптар

Радиосигнал

27. КРМ көтергіш жиілігінің берілгеннен ауытқуы мыналардан аспауы тиіс:

1) бір жиілікті маяк үшін $\pm 0,005\%$;

2) екі жиілікті маяк үшін $\pm 0,002\%$.

28. Глисслада сызығы бойымен 90 және 150 Гц сигналдармен алып жүретін жиіліктердің модуляция тереңдігі $40 \pm 2,5\%$ болуы тиіс.

Қолданылу аймағы

29. Көлденең жазықтықта әрекет ету аймағы курс сызығына қатысты оң және сол жақ сектормен шектелуі тиіс, кемінде 8 гр.

30. Тік жазықтықтағы әсер ету аймағы көкжиекке қатысты бұрыштармен шектелуі тиіс:

1) глиссаладан жоғары, кемінде 1,75

⊖

;

2) ГРМ глиссадасынан төмен, кемінде 0,45

⊖

немесе 0,3 бұрышына дейін

⊖

глиссладаға кепілді кіруді қамтамасыз ету үшін.

31. Қонуға кіру бағытындағы қашықтық бойынша әрекет ету аймағы кемінде 18 км болуы тиіс, Ескертпе. ГРМ қолданылу аймағы әуе кеңістігін пайдалануды шектеу салдарынан қолданылу ауқымы бойынша шектеледі.

32. Әсер ету аймағындағы өріс кернеулігі 400 мкВ/м (95 дБВт/м) кем болмауы тиіс және I санатты ГРМ үшін 30 м биіктікке дейін және ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін көлденең жазықтықтың үстінен II және III санатты ГРМ үшін 15 м биіктікке дейін қамтамасыз етілуі тиіс.

Бұрыштық сипаттамасы

33. РГМ глиссаладан 0,3 гр бұрышқа дейін өзгеруі

⊖

ол тегіс болуы керек және РГМ = 0,22 шамасына дейін артуы керек. Егер РГМ 0,22 мәніне 0,45 үлкен бұрыштарда жетсе

⊖

, содан кейін РГМ мәні 0,22-ден 0,45 бұрышына дейін кем болмауы керек

⊖

немесе 0,3 бұрышына дейін

⊖

Глисслада құрылымы

34. Глисслада сызығының қисаюы (ықтималдық 0,95) келесі учаскелерде артық болмауы тиіс:

1) I санаттағы ГРМ үшін қолданылу аймағының шекарасынан 0,035 РГМ нүктесіне дейін;

2) қолданылу аймағының шекарасынан II және III санаттағы ГРМ үшін А 0,035 РГМ нүктесіне дейін;

3) А нүктесінен В нүктесіне дейін А нүктесіндегі 0,035 РГМ шамасынан в нүктесіндегі 0,023 РГМ шамасына дейін II және III санаттағы ГРМ үшін сызықты заң бойынша азаюы тиіс;

4) В нүктесінен II және III санатты ГРМ үшін 0,023 РГМ тірек нүктесіне дейін.

Глиссаданың көлбеу бұрышы

35. Глиссаданың номиналдыға қатысты еңіс бұрышы $\pm 0,075$ шегінде ұсталуы тиіс



және I және II санатты ГРМ үшін және $\pm 0,04$



III санаттағы ГРМ үшін.

Ығысуға сезімталдық

36. Бұрыштық ығысуға номиналды сезімталдық бұрыштық ығысу кезінде $\text{РГМ} = 0,0875$ сәйкес келуі керек:

1) орташа глиссададан төмен:

1) $(0,12 + 0,02 / - 0,05)$



I санаттағы

ГРМ үшін;

2) $(0,12 \pm 0,02)$



II және III санаттағы ГРМ үшін.

2) орташа глиссададан жоғары:

1) $(0,12 + 0,02 / - 0,05)$



I санаттағы ГРМ үшін;

2) $(0,12 + 0,02 / - 0,05)$



II санатты ГРМ үшін;

3) $(0,12 \pm 0,02)$



III санаттағы ГРМ үшін.

37. Номиналды мәнге қатысты ГРМ-нің бұрыштық ығысуына сезімталдық шекте ұсталуы тиіс, артық емес:

1) I санатты ГРМ үшін $\pm 25\%$;

2) II санатты ГРМ үшін $\pm 20\%$;

3) III санаттағы ГРМ үшін $\pm 15\%$.

Ескертіле. Ығысуға номиналды сезімталдық ($\text{РГМ} / \text{град.}$) ГЛИССАДА секторының еденінің шамасына жатқызылған $0,0875$ -ке тең РГМ мәнімен айқындалады.

Бақылау

38. Автоматты бақылау жүйесі басқару пункттеріне ескертуді беруі және мынадай жағдайлардың бірінде туындаған кезде I санаттағы ГРМ үшін 6 с және II және III санаттағы ГРМ үшін 2 с аспайтын уақыт ішінде сәулеленуді тоқтатуды қамтамасыз етуі тиіс:

1) глиссаданың еңіс бұрышының оның номиналды мәнінен $0,075$ астам шамаға ауытқуы



(төмен) және $0,1$ -ден астам



(жоғары);

2) осы Қосымшаға 2-параграфтың 3-8-тармақтарына сәйкес ILS(PMC) қағидаты бойынша жұмыс істейтін ГРМ параметрлеріне қойылатын талаптарға жауап беруді жалғастырған жағдайда сәулелену қуатын 50% - ға дейін азайту арқылы;

3) екі тасымалдаушы жиіліктегі ГРМ пайдалану кезінде әрбір тасымалдаушы жиілік үшін сәулелену қуатын 80% - ға дейін азайту;

4) осы Қосымшаға 2-параграфтың 3-8-тармақтарына сәйкес ILS(PMC) қағидаты бойынша жұмыс істейтін ГРМ параметрлеріне қойылатын талаптарға жауап берген жағдайда екі көтергіш жиілігі бар ГРМ II және III санаты үшін әрбір көтергіш жиілік үшін сәулелену қуатын 80% - дан 50% - ға дейін азайту;

5) белгіленген номиналды мәннен $\pm 25\%$ астам шамаға бұрыштық ығысуға сезімталдықтың өзгеруі.

3-параграф. Маркерлік радиомаяктардың параметрлері (МРМ)

39. МРМ тасымалдаушы жиілігінің берілгеннен ауытқуы $0,01\%$ - дан аспауы тиіс (жаңадан енгізілетін МРМ үшін $\pm 0,005\%$).

40. Модуляциялайтын сигналдар жиіліктерінің олардың номиналды мәндерінен ауытқуы $\pm 2,5\%$ аспауы тиіс.

41. Курс пен глиссада сызығындағы МРМ қолданылу аймағы:

1) жақын МРМ $300 \text{ м} \pm 100 \text{ м}$;

2) алыс МРМ $600 \text{ м} \pm 200 \text{ м}$.

Қоғамдық МРМ қолданылады.

42. Қолданылу аймағының шекарасындағы өріс кернеулігі $1,5 \text{ мВ} / \text{м}$ кем болмауы тиіс.

43. МРМ әсер ету аймағының шекарасынан оның ортасына қарай өріс кернеулігінің артуы кемінде 3 мВ/м болуы тиіс.

44. МРМ тану сигналдары мынадай болуы тиіс:

1) жақын МРМ - секундына $6 \pm 15\%$ нүктелерді үздіксіз беру;

2) алыс МРМ - үздіксіз беру $2 \pm 15\%$ сызықша секундына.

45. Автоматты бақылау жүйесі іске қосылуы және басқару пунктіне ескертулер беруі тиіс:

1) Шығу қуаты номиналдыдан 50 -ден астам азайған кезде;

2) модуляция тереңдігі 50% -ден астам азайған кезде;

3) модуляцияны немесе манипуляцияны тоқтату кезінде.

4-параграф. DME, DME/N қашықтық өлшеу жабдығының параметрлері

46. DME қабылдағышының әрекет ету аймағы мынадай болуы керек:

1) VOR-мен өзара іс-қимыл кезінде VOR қолданылу аймағынан кем емес;

2) ILS-пен өзара іс-қимыл кезінде KPM және ГРМ әрекет ету аймағынан кем емес болуы тиіс.

47. DME/N қабылдағыш жауап бергіші 960 - 1215 МГц жиілік диапазонынан тағайындалған тасымалдаушы жиілігінде жұмыс істеуі керек. Жұмыс жиілігінің берілгеннен ауытқуы $\pm 0,002\%$ аспауы тиіс.

48. Диапазон жауабының радио импульстері келесі параметрлерге ие болуы керек:

- 1) 0,5 деңгейіндегі импульстің ұзақтығы $3,5 \pm 0,5$ микросекунд. тең болуы тиіс;
- 2) алдыңғы фронт 3 микросекунд. артық болмауы тиіс;
- 3) артқы фронт 3,5 микросекунд. артық болмауы тиіс.

49. ӘК бортындағы қашықтықты өлшеудің пайдалану қатесіне DME/N енгізетін қашықтықты өлшеу қатесі 150 м-ден аспауы тиіс, ал DME/N ILS жабыдығымен өзара іс-қимылы кезінде 75 м-ден аспауы тиіс (ықтималдық кезінде 0,95).

50. «Тәуелсіз» тану сигналы минутына 6 сөз жылдамдығымен және кемінде 40 с кезеңділігімен берілуі тиіс, тану коды тобын беруге қосудың ең көп ұзақтығы 5 с аспауы тиіс, ал оны берудің барлық кезеңі 10 с аспауы тиіс.

51. DME ILS және VOR-мен өзара әрекеттесу кезінде «өзара әрекеттесетін» тану сигналы өзара әрекеттесетін құралдың сәйкестендіру кодымен синхрондалуы керек.

Әрбір 40 секундтық интервал 4 немесе одан да көп тең кезеңге бөлінеді және DME тану сигналы тек бір кезең ішінде, ал өзара іс-қимыл жасайтын құралдың тану сигналы қалған кезеңдер ішінде берілуі тиіс.

52. DME автоматты бақылау жүйесі жұмыс істеп тұрған аппаратура жинағын ажыратуы, резервтік жиынтықты (ол болған кезде) қосуы және жиынтықтар істен шыққан кезде радиосәулені тоқтатуы, сондай-ақ басқару пункттерінде авариялық сигнал беруді қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) қабылдау-жауап беру құралының кідірісі 1 микросекунд. (150 м (500 фут)) немесе одан астам белгіленген шамадан өзгергенде; қабылдау-жауап беру құралының кідірісі 0,5 микросекунд. (75 М (250 фут)) немесе одан астам белгіленген шамадан өзгерген кезде қону құралымен өзара байланысты DME үшін;
- 2) бақылау құрылғысының істен шығуы.

5-параграф. VOR радиомаягының барлық бағыттағы азимуттық ӘЖЖ параметрлері

53. Азимут туралы ақпараттың 0-ден 40 градусқа дейінгі бұрыштар үшін толқындардың кемінде төрт ұзындығынан кем емес қашықтықта өлшенген қателігі 95% ықтималдық кезінде ± 2 градустан аспауы тиіс.

54. VOR жүйесінің пайдалану қателігіне енгізілетін жердегі радиомаяқтың жалпы қателігі 95% ықтималдық кезінде ± 3 градустан аспауы тиіс.

55. Радиомаяк 108 - 117,975 МГц жиілік диапазонынан берілген тасымалдаушы жиілігінде жұмыс істеуі тиіс. Жұмыс жиілігінің берілгеннен ауытқуы $\pm 0,002\%$ аспауы тиіс.

56. Модуляциялық сигналдардың жиілігі тең болуы керек:

- 1) 9960 ± 100 Гц-көтергіш;
- 2) $30 \pm 0,3$ Гц - «ауыспалы фаза» және «тірек фаза»;
- 3) 1020 ± 50 Гц - маяқты тану.

57. ӘК бортындағы маяқты анық, дұрыс және анық тану, сондай-ақ маяқтың негізгі навигациялық функциясын қамтамасыз етуге тану сигналының әсерінің болмауы (азимут туралы ақпарат беру) қамтамасыз етілуі тиіс.

Тану сигналы екі немесе үш әріпті пайдалана отырып және қайталау кезеңі 30 ± 3 С Морзе кодымен берілуі тиіс.

58. Автоматты бақылау жүйесі басқару пунктіне істен шығулар туралы тиісті сигнал беруді беруі және тірек және ауыспалы фазаның сигналдарын болдырмауы не мынадай шарттардың бірі пайда болған кезде маяқтың сәуленуін толығымен тоқтатуы тиіс:

- 1) ± 1 гр-ден артық өзгеруі, шығарылатын бақылау құрылғысын орнату нүктесіндегі азимут туралы ақпарат;
- 2) 30 Гц жиіліктегі амплитудасы бойынша немесе бақылау құрылғысы орналасқан жердегі сол және басқа да радиожігілік сигналдарының кернеу деңгейінің модуляциясын құрайтын не жеткізуші, не модуляция сигналдарының 15% - ға азаюы;
- 3) тану сигналының жоғалуы;
- 4) бақылау аппаратурасының істен шығуы.

6-параграф. Бағытталмаған радиомаяқтың параметрлері (ЖРС / NDB)

59. Әуеайлақ ауданында ұшуды қамтамасыз ететін NDB қолданылу аймағы кемінде 50 км болуы тиіс.

60. Жеке NDB радиосәулендіру сипаттамалары тасымалдаушыны бұзбай А2А және А3Е сыныптарына сәйкес келуі тиіс. А1А сыныбының радиосәуленуіне жол беріледі, бұл ретте тану сигналын берудің автоматты режимі қамтамасыз етілуі тиіс.

61. NDB жетекті радиостанциясы тану сигналын халықаралық Морзе кодымен беруі тиіс.

62. Тану сигналы тең аралықпен минутына кемінде 6 рет берілуі тиіс.

63. ӘК бортында алынатын құрстық бұрыштар мәндерінің қателігі ± 5 градустан аспауы тиіс.

64. NDB жұмысын басқару, сондай-ақ оның жай-күйін көрсету қашықтықтан және жергілікті режимдерде жүзеге асырылуы тиіс.

65. Радиостанцияның автоматты бақылау жүйесі 2 с аспайтын уақыт ішінде аппаратураның жұмыс істеп тұрған жиынтығын ажыратуы, резервтік жиынтықты (ол болған кезде) іске қосуы, жиынтық(тар) істен шыққан кезде станцияның радиосәуленуін тоқтатуы, сондай-ақ басқару пункттерінде авариялық сигнализацияны қамтамасыз етуі тиіс:

- 1) белгіленген қуаттан 50% - дан төмен жүктеме қуатын азайту;
- 2) тасымалдаушының амплитудалық модуляциясының тереңдігін 50-ден төмен азайту%;
- 3) тану сигналын беруді тоқтату арқылы жүзеге асырылады.

7-параграф. Жер үсті функционалдық толықтыру жүйесінің параметрлері (GBAS)

66. Қонуға кіруді қамтамасыз ету кезінде қолданылу аймағы GNSS (GBAS) функционалдық толықтыру жүйесі кемінде болуы тиіс:

1) бүйірлік бағытта - қонуға кірудің соңғы кезеңі траекториясының әрбір жағынан ± 35 градус бұрышпен 28 км-ге дейін және ± 10 градус бұрышпен 37 км-ге дейін кеңейетін ҰҚЖ осінен әрбір жаққа бастапқы ені 140 м ҰҚЖ табалдырығында (глиссаданың тірек нүктесінде) басталатын аймақ;

2) тік бағытта - жоғарыдан 7 градус немесе 1,75 бұрышпен шектелген бүйірлік аймақ шегіндегі кеңістік глиссаданың көлденең жазықтықтан және ҰҚЖ табалдырығы арқылы өтетін қиылысу нүктесінің басталуымен және төменнен 0,45 бұрышпен горизонтқа қатысты немесе 0,3-ке дейін кіші бұрыш

, бұл глиссадаға кепілдендірілген кіру үшін қажет.

GBAS қолданылу аймағы ҰҚЖ шегіне қатысты 30 м-ден 3000 м-ге дейінгі шекте болуы тиіс.

67. Әр қонуға кіру үшін 0,95 ықтималдығы бар орынды анықтау дәлдігі нашар болмауы керек:

- 1) көлденең жазықтықта 16 м;
- 2) тік жазықтықта 6 м.
68. Сигнал берудің іске қосылу шегі мынадай болуы тиіс:
 - 1) қашықтық (Д) учаскелерінде көлденең жазықтықта, артық емес:
 - 2) 69,15 м - ҰҚЖ табалдырығынан 7500 м астам қашықтықта;
 - 3) $(0,0044 Д + 36,15)$ М-7500-ден 873 м-ге дейінгі шекте (Д) қашықтықта;
 - 4) 40 м - 873-тен 291 м-ге дейінгі қашықтықта;
 - 5) қашықтық (Д) учаскелеріндегі тік жазықтықта, артық емес:
 - 6) 43,35 м - ҰҚЖ табалдырығынан 7500 м астам қашықтықта;
 - 7) $(0,09596 Н + 4,15)$ М-7500-ден 873 м-ге дейінгі шекте (Д) қашықтықта;
 - 8) 10 м - 873-тен 291 м-ге дейінгі қашықтықта.
69. Тасымалдаушы жиілігінің берілген GBAS деректерді беру жиілігінен ауытқуы $\pm 0,0002\%$ құрауы тиіс.

70. Қолданылу аймағы шегіндегі өріс кернеулігі 215 мкВ/м кем емес және 0,350 В/м артық болмауы тиіс.
71. GBAS псевдодалдылығын дифференциалды түзету үшін сигнал беру шегінің орташа квадраттық шамасы GPS үшін 0,4 м-ден және GLONASS (ГЛОНАСС) үшін 0,8 м-ден аспауы тиіс.
72. GBAS дифференциалды деректерін беру жиілігі кемінде 2 Гц болуы тиіс.
73. GBAS 6 с аспайтын уақыт ішінде:
- 1) тұтастығын, үздіксіздігін немесе дайындығын жоғалту;
 - 2) сәулелену қуатын 80%-ға дейін азайту кезінде авариялық сигнализацияны қамтамасыз етуі тиіс.
74. Қонуға бет алу кезіндегі тәуекелдерді басқару әдістері.
75. Тік жазықтықтағы сигнализацияның іске қосылу шегі (VAL) қонуға дәл кірген кезде GNSS тұтастығын бақылаудың нақты сипаттамаларын ескерместен ҰҚЖ шегінен 60 м (200 фут) шешім қабылдаудың номиналды абсолютті биіктігін растау үшін 10 м (33 фут) анықталды.
76. 10 м (33 фут) құрайтын VAL мәнін пайдаланған кезде навигациялық жүйенің қателіктерін бөлуге қосымша талдау жүргізу талап етілмейді. Қонуға дәл кіру кезінде тік жазықтықта сигнал берудің іске қосылу шегінің ең жоғарғы мәні 35 м (115 фут) деп айқындалған.
77. 10 м (33 фут) асатын VAL мәнін пайдалану кезінде құралдар және көзбен шолу учаскесі бойынша қонуға кіру учаскесінде орналасқан жерді айқындаудың қателіктері кедергілердің ұшып өтуін қамтамасыз ету үшін және жерге қонудың қолайлы сипаттамалары үшін жеткілікті шағын болып табылатындығына кепілдікті қамтамасыз ететін навигациялық жүйенің қателіктерін бөлу сипаттамалары туралы қосымша ақпарат қажет.
78. Тік жазықтықтағы навигациялық жүйенің қателіктері (VNSE):
- 1) VNSE 4 м (13 фут) немесе одан кем - CAT I ILS үшін қолайлы қону сипаттамаларымен және көріну жағдайлары себебінен екінші айналымға кетудің стандартты санымен эквивалентті шаманы құрайды.
 - 2) VNSE 4 м (13 фут) асады, бірақ 10 м (33 фут) аспайды. Бұл жағдайда қолайлы жанасу немесе екінші айналымға кету сипаттамалары бар қауіпсіз қонуды күтуге болады.
 - 3) VNSE 10 м (33 фут) асады, бірақ 15 м (50 фут) аспайды. Бұл қону сипаттамаларына әсер етуі және ұшу экипажы мүшелеріне жұмыс жүктемесінің жоғарылауына әкелуі мүмкін.
 - 4) VNSE 15 м (50 фут) асады. Белгілі бір пайдалану конфигурациялары кезінде ұшу қауіпсіздігінің деңгейі айтарлықтай төмендейді.
- Ұшудың көрнекі учаскесіндегі тәуекелдерді басқарудың қолайлы әдісі мынадай өлшемшарттар жүйесін сақтау болып табылады:
- 1) В ILS нүктесінде ақаусыз жағдайда жүйенің дәлдігі ILS қамтамасыз ететін дәлдікке тең. Ол VNSE тік жазықтығының навигациялық жүйесінің (NSE) 9: пайыздық қателігін 4 м (13 фут) кем деп қарастырады, бұл ретте VNSE жүйесінің тік жазықтығындағы NSE ақаусыз жағдайда пайдалану бекітілуі тиіс әрбір орын үшін қонуға кірудің 10⁻⁷ кем ықтималдылықпен 10 м (33 фут) асады;
 - 2) жүйенің конструкциясы жүйенің істен шығуы жағдайында 15 м (50 фут) асатын қателік ықтималдығының 10⁻⁵ құрайтынын көздейді, сондықтан мұндай оқиға сирек болып табылады.

8-параграф. Әуеайлақтың шолу радиолокаторының параметрлері (Ә-ШРЛ)

79. Шағылысатын беті 15 м² ӘК табу ықтималдығы және жалған дабылдардың ықтималдығы 10-6-дан аспаған кезде қолданылу аймағы шегінде қосымша ақпарат алу бастапқы арна бойынша 0,8-ден және қайталама арна бойынша 0,9-дан кем болмауы тиіс.
80. Ә-ШРЛ әрекет ету аймағы жабудың нөлдік бұрыштары кезінде анықтау ықтималдығы 15 м² тиімді шағылысатын беті бар ӘК үшін 0,8-ден кем емес және қабылдағыштың өз шулары бойынша жалған дабылдар ықтималдығы 10-Е6-дан аспайтын мынадай параметрлермен айқындалады:
- көлденең жазықтықтағы көру бұрышы-360 градус;
